«Терминология принциптері – терминдерді өмір талаптарына сай етіп сұрыптап алу принциптері» – дейді С. Елубаев. С. Елубаев ол қағидалардың бірнешеуін атап көрсетті: бір мәнділік, бірегейлік, сәйкестік, жинақылық қағидалары. Қазақ тіліндегі көптеген математика терминдері бір мәнділік принципін қанағаттандырады. Кейде, практикада бір ұғымды екі не бірнеше термин арқылы беру сөздіктерде, оқулықтарда, баспасөз беттерінде кездесіп жатады. Мысалы, система, жүйе – система; есептеуіш, есептегіш – счетчик терминдері бір ғана ұғымды сипаттап, синонимдік қатарды тудырып отыр.

Синонимдік терминдердің бірқатарының түпкі мағынасы нақты мағынасына сәйкес келсе, екіншілеріне бұлар жартылай сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, текше – куб, шаршы – квадрат синонимдері мазмұны жағынан бере алмайды. Ал шешу (процесс), шешім (нәтиже) синонимдері ұғымның мағынасын дәлме-дәл жеткізеді.

«Тілімізде халықаралық терминдер әлі де көбейе береді және оған ешкім де бөгет бола алмайды. Орыс және шетел сөздерінен терминдік атаулар алу – біздің тілімізді байытатын үлкен арнаның бірі», – дейді Шерубай Құрманбай. Жалпы шет тілдерінен қабылданған терминдерге деген көзқарастың терминология дамуының әр кезеңінде әртүрлі болғандығы байқалады. Оны терминология дамуының әр кезеңінде осы терминдердің қалай аталғандығынан да көруге болады. Жиырмасыншы жылдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «*жат сөздер*», «*кірме сөздер*», «*бұратана сөздер*», «*бөгде сөздер*», «*қотыр сөздер*», «*бұралқы сөздер*» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдаса, 30-жылдардан бастап бұл атауларға «*интернационалдық терминдер*», «*халықаралық терминдер*» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық [1].

Тек бір айта кететін нәрсе мынау: орысша терминдердің де, сол сияқты халықаралық терминдердің де қазақ тіліне сіңетіні бар да, сіңбейтіні де бар. Қазақ тілінің өзіне тән туындау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жаңа терминдер жасағандағы сияқты, шет тіл сөздерін әкелудің де жолы мен жүйесін таба білу керек, оларды қазақ тілінің фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да және сөйлеу тұрғысынан да бойына сіңіріп, тез игеріп әкететіндей болуын көздеу керек [3].

Ш.Құрманбайұлының «Терминтану», С.Елубаевтың «Орта мектепте математиканы оқыту процесінде терминдер мен символдарды пайдалану» атты еңбектерінде терминдерге қойылатын талаптарды төмендегі кесте түрінде атап көрсетелік:

Терминге қойылатын негізгі талаптар	Ш. Құрманбайұлы	С.Елубаев
Терминнің бірмағына-лығы. Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы	Мағыналық қайшылықтың болмауы (терминнің ұғым мазмұнына сай келуі)	Бір мәнділік. Ұғымға балама ретінде алынған термин мазмұны жағынан, мүмкіндігінше, дәлме-дәл сәйкес келуі керек
Термин мағынасының дәлдігі. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі	Бір мағыналылық. Бұл талап негізінен белгілі бір арнаулы терминология шеңберінде қойылады	Сәйкестік. Терминнің ғылыми және тұрмыстық мағынасы ажыратылуы тиіс. Терминологияға қойылатын мұндай принципті сәйкестік принципі дейді.
Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы. Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді.	Терминнің ықшамдылығы: а) лексикалық ықшамдылық; ә) тұлға-лық ықшамдылық. Сөз тудыруға (деривациялық) қабілеттілігі. Бұл талап терминнің ықшамдығымен тығыз байланысты	Жинақылық.
Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі	Тілдік нормаға сәйкес келуі (кәсіби жаргондардың, фонетикалық және грамматикалық нормадан ауытқулардың болмауы)	Бірегейлік. Сыбайлас ғылымдарда, мысалы, математика мен физикада, астрономия мен математикада ортақ бір терминді, сөз тіркесін және таңбалауды түрліше пайдалануға, сондай-ақ бұл ғылымдарға ортақ ұғымдарды әртүрлі атауға болмайды. Терминологияға қойылатын бұл принципті бірегейлік принципі деп атайды.
Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы. Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі.	Қолданысқа енгізілгендігі, терминді маман-дардың, ғылыми қауымның қабылдауы немесе жиі қолданылатындығы	Терминнің тұрақты, берік болуының бір принципі жазуға ықшам, айтуға жеңіл, шұбалаңқы емес, жинақы, орамды болып келуі. Осындай терминдер мағыналы болып, өмір-

		шең келеді. Терминнің қанағаттандыруға тиіс бұл принципін жинақылық принципі дейді.
Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы.	Жатық айтылуы (жағымды дыбысталуы)	

Қазіргі қазақ терминологиясында арнайы назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – тілімізге өзге тілдерден орыс тілі арқылы еніп, «халықаралық терминдер» деген атқа ие болып жүрген атаулар. Мұндай атаулар көбінесе Еуропа мен ТМД елдерінің бірқатарында қолданылады.

Басқа тілдерден терминдерді қабылдау қажеттілігі туғанда алдымен қабылданатын терминдердің қазақ тілінде дәл толық баламасы болса, олар аударылып алынады. Мысалы, тәуелсіз шама (независимая величина), жоғарғы табан (верхнее основание), туынды (производная) терминдері осы принцип бойынша жасалып, тұрақты терминдер ретінде қалыптасқан. Кей жағдайда шетел тіліндегі терминдерді аударғанда бір терминді бірнеше сөз арқылы немесе сөз тіркестері терминін бір сөз арқылы беруге де болады. Мысалы, летоисчисление – жыл санау, подкольцо – ішкі сақина, возведение в степень – дәрежелеу.

Интернационалдық термин дәрежесіне дейін көтерілмеген шетелдік, сол сияқты әдеби тіл дәрежесіне дейін көтерілмеген жергілікті сөздер математикалық термин бола алмайды [2]. Терминдердің туынды түбірлерін қабылдау қажет болғанда олардың түбір мағынасы халықаралық термин не оның элементі болса аударылмай сақталып, қазақ тіліне сай келетін қосымшалары жалғанады. Көп сөздер орнын тапқан. Мысалы, параллельность – параллельдік, программирование – программалау.

Егер уақытында тілші ғалымдар мен салалық мамандар болып бір тоқтамға келіп, ұсынылған баламалар мен жасалған жаңа терминдердің арасынан ең тиімдісін, сәтті жасалғанын іріктеп алмасақ, терминологияны реттеу, біріздендіру жұмыстарын жолға қоя алмаймыз. Бүкіл әлем тілдерінде терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі сондай бейберекеттікке орын бермеу мақсатынан туындаған. Тәуелсіз мемлекеттің тілді дамыту саласындағы ғылымы елдің барлық рухани-мәдени өмірінің оң ілгерілеуіне және прогресіне сәйкес келуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрмантайұлы Ш. Терминтану. – Алматы. – 2006.
2. Елубаев С. Орта мектепте математиканы оқыту процесінде терминдер мен символдарды пайдалану. – Алматы. – 1984.
3. Исакова А.Қ., Бексұлтанова А.М. Математикалық пәндерді ағылшын тілінде оқытудың кейбір мәселелері // – Алматы энергетика және байланыс университетінің хабаршысы. – №4 (35). – 2016.
4. Қалыбеков Б. Халықаралық терминология саласында лингвостатистикалық зерттеулерді қолдану // Жоғары білім беру орындары. – 2005. – №5. – 45 б.

Резюме

О формировании и унификации математических терминов на казахском языке

Буркитова Д., студент 4 курса

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В статье рассматриваются вопросы развития и использования математических терминов, вопросы их систематизации, которые актуальны на современном этапе демократических преобразований происходящих в стране. В статье также рассматриваются вопросы унификации математических терминов, которая необходима для

совершенствования непрерывного процесса появления новых математических терминов и их внедрения в лексику языка.

Ключевые слова: термин, терминология, унификация, закрепление, систематизация, мобильность, идентичность, соответствия.

Summary

On the formation and unification of mathematical terms in the Kazakh language

Burkitova D., *student of the 4th course*

(Almaty, Kazakh state women's teacher training university)

The article discusses the main objectives for the development and use of math terminologies, their systematization and coordination, which are directly relevant to the current stage of democratic transformations taking place in the country. The article also discusses the unification of mathematical terms, which is necessary to improve the continuous process of the emergence of new mathematical terms and their introduction into the vocabulary of the language.

Keywords: term, terminology, unification, consolidation, classification, mobility, identity, compliance.

МРНТИ 27.01.45

М.Е. Ескалиев, *тех.ғ.д., профессор*, Ұ.Н. Аширбекова, *магистрант*

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

САНДЫҚ ӘДІСТЕР ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғышарттарының бірі – инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып, сандық әдістер пәнін оқытудың қажеттілігі мен тиімділігін студенттер өз бетінше жұмыс жасауын дамытатын құрал болатындығында. Сандық әдіс – математикалық және дискреттік математика арқылы дамыған немесе туындаған ғылыми бағыттың мазмұнын көрсететін пән. Курс материалы алгебра амалдарымен тығыз байланысты, математикалық талдау және есептеу техникасы арқылы математикалық тапсырманың есептеу әдісінің негізгі білімін қалыптастырады. Сандық әдістерде есептеуді нәтижесіз шығару мүмкін емес және олардың компьютерлік технологияға көңіл бөлуі. Осыған байланысты әртүрлі ақпараттық технологияларға сүйенеді, қалыптасқан оқу барысында «Программалау», «ЭЕМ-ді программалық қамтамасыз етуді». Сандық әдістер пәнін оқытудың қажеттілігі мен тиімділігі – жоғары оқу орындары студенттері іскерлігінің дамуына әсер ететіндігін және оқу процесінің дербестігі мен тиімділігінің артуына мүмкіндік беретіндігінде. Мақалада заманауи білім берудегі сандық әдістер пәнін оқытудың қажеттілігі мен тиімділігін студент өздігінен білім алуы үшін, ақпараттық ресурстарды алуға мүмкіндік беретіндігі жайлы, сонымен қатар өздік жұмыстарды ұйымдастырудағы бағдарламалар құрылымы, оның дидактикалық материалдары, оқыту материалдарының визуалдауы, әдістемелік негіздері қарастырылды.

Түйін сөздер: Сандық әдістер, программалау, инновациялық технология.

Қазіргі таңда білім берудегі сандық әдістер пәнін оқытудың қажеттілігі мен тиімділігіне студент өздігінен білім бере алу, веб-технология, өздік жұмыс, инновациялық технологияларды жатқызамыз. Студенттің өздік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің

ерекше түрі. Өздік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда, олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өздік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білім саласына қарқынды түрде енуде. Осы бағытта жоғары деңгейде дайындалған мамандарға сұраныс артуда. Осыған байланысты мектеп программаларына өзгерістер енген, қолданбалы және тәжірибелік тәсілдердің қолданылуы информатика пәнінің тиімділігі өсуде. Информатиканың бірегейлігі негізгі тәсіл мен объектілерді оқуда үйлесімділік табады (ақпарат, ақпараттық модель, алгоритм, орындаушы, автоматтандыру, компьютер, информациялық процесс, инновациялық азық және т.б.). Пәннің байланысын тереңірек ашуда қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жедел үйрену қажет. Есептеу математика бөлімі сандық әдіс – дискретті модельдерді оқуда, есептеу алгоритмдері және есептеу эксперименттерін үйренуде үлкен құрал. Себебі, бір-бірімен байланыс арқылы формализациядан реализацияға өтуін компьютерлік технологиялар арқылы көрсетеді: *«Математикалық модель Сандық әдіс (дискретті модель және есептік алгоритм)-> Программа немесе аспаптық (сандық әдісті іске асыру)->Сандық эксперимент және нәтижелік анализ».*

«Сандық әдістің» болашақ информатика пәнінің оқытушыларын дайындауда рөлі мынада. Біріншіден, сандық эксперимент негізінде ғылым және оқу дисциплинасы болашақ информатика пәнінің оқытушыларын дайындауды қалыптастырады. Кез келген ғылым – адам мәдениетінің элементі. Сандық экспериментте сандық әдістің маңызды бөлімі, шығару тапсырмаларының үлкен тәжірибелік шешімдері сақталған. Екіншіден, француз сөзінен шыққан информатика атауына (information – ақпарат, automatique – автомат) анықтама берейік: «информатика – бұл автоматты ақпаратты өңдеу». Біздің жағдайда автомат бұл компьютер, есептік әдістерді орындаушы. Сандық әдіс курсы бізге ақпаратты автоматты өңдеу процестерін, оның есептеу тапсырмаларындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді көруге мүмкіндік береді. Ақпаратты өңдеу кезінде есептеу процесі мысал болады;

	«бастапқы	автомат
деректер	сандық процесі	нәтижесі»

Қолданбалы бастапқы деректер көбінесе өлшемді нәтижеде шығады және де қателері анықталады. Автоматта соңғы ресурстар болады және соған байланысты арифметикалық операцияларды орындағанда қате жібереді. Осылайша, біз түрленген ақпараттардың өзгеру схемасына өтеміз.

Бастапқы деректер	соңғы ресурстары бар	жинақталған қате есептік
қатемен	сандық процес	Автомат нәтиже

Бір тұрғыдан алып қарағанда есептеу процесінің автоматпен орындалуынан көбінесе өнімдісі «ақ жәшік» болады, процесті бақылаумен оның аралық нәтижесі автоматты есептеуді іске асырумен аяқталады.

«Сандық әдістің» осы жолмен әлем көзқарасы және жалпы білімдік рөлін түсініп, Хеммингтың бағалануынша: «есептеу мақсаты – сан емес түсінік» деген мағынадан адам есептесудің қалай болатынын түсіну керек. Түсінбеген адам тек сандарды ғана көреді, бірақ түпкі мағына есептеулердің түпкірінде жасырын екенін түсінбейді. «Сандық әдіс көп есептік мысалына, шешімдердің тапсырмаларында процесс бар (ақпаратты түрлендіру), сонымен қатар компьютердің қабілеті осы процесті іске асыру үшін және осы ойда еңбектің автоматты интеллектуалды қаржысы және де анализ нәтижелері үшін интеллектуалды және уақытша ресурстарынан босату».

Жаңа тиардтың туындауы, ақпараттық технологияларды және информатика саласында методологиялық негізді айқындайтын ақпарат – ақпараттық технологиялар, біз жұмыс жасауда базалық курс «сандық әдісті» кәсіби информатика пәнінің болашақ мамандарын дайындауда үйлесімділік көрсетуде сандық эксперимент дискретті математикалық тапсырма ретінде қарау, модельді математикалық тапсырма ретінде қарау. Сандық әдістің алгоритмдік іске асуын математикалық тапсырма шешімі, компьютерді қолдануда ақпараттық модельді іске асыруда, сандық экспериментке компьютерлік технологияның қолдануымен түсіндіруге болады.

Сандық әдіс – математикалық және дискреттік математика арқылы дамыған немесе туындаған ғылыми бағыттың мазмұнын көрсететін пән. Курс материалы алгебра амалдарымен тығыз байланысты, математикалық талдау және есептеу техникасы арқылы математикалық тапсырманың есептеу әдісінің негізгі білімін қалыптастыру. Сандық әдістерде есептеуді нәтижесіз шығару мүмкін емес және олардың компьютерлік қолдаумен орындауына көңіл бөлу, осыған байланысты әртүрлі ақпараттық технологияларға сүйенеді, қалыптасқан оқу барысында «Программалау» «ЭЕМ-ді программалық қамтамасыз етуді» және де ЭЕМ-де практикалық шешімдерді шешкендегі тапсырмалар. Дерексіз есептеу алгоритмдерін қою «дискреттік математика», «алгоритм теориясы», «теориялық негізгі ақпараттық» әдептерді оқығанда теориялық негіз қалыптасады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқытуда әртүрлі есептеу әдістері бар, олар жаңа оқулықтарда, арнайы оқу құралдарында, сонымен қатар ғылыми тәжірибелік институттардағы зерттеулерде өз бейнесін тапқан. Көбінесе классикалық оқу орындарда тек негіздік және теориялық дайындыққа ғана көңіл бөледі, ал пәннің жақтастары ЖОО-да теориялық курсты дамытуға назар аударуды ұсынуда. Техникалық ЖОО есептеу математика курсы қолданбалы және техникалық бағытқа бағытталғаны айқын. М.П.Лапчик, М.И.Гагулиннің, Е.К.Хеннердің ойынша «педагогикалық ЖОО-ның информатика студенттері тек негізгі математиканы ғана емес, онымен қолданбалы және таңдамалы ретінде де жұмыс жасау». Техникалық бағыттың жақтастары классикалық сандық есептеу алгоритмімен қоса олардың программаларын оқытуды жөн деп санайды.

Осы жерде А.А.Самарского мен А.В.Гулиннің сандық ерекшеліктерін белгілеген: «біріншіден, есептеу әдісіне оның еселілігі, яғни бірдей тапсырмалардың бірнеше жолдармен шешілуі. Екіншіден, қайта туындаған ғылыми тапсырмалар және есептеу техникасының тез жетілуі қолданыстағы алгоритмдерді жоғары бағалап, олардың жаңаларының жасалуына әкеледі» тізімделген пәннің ерекшелігі, ол ауқымдылығы және жарияланбауы пәнді елестету ерекшелігін жасайды «тұтастай және қаталдықпен». Осыны ескере отырып, кәсіби болашақ оқытушыларды дайындау барысында біз курстың негізгі мақсаты «Сандық әдістері» ортақ ойлардың негізінде жатқан математикалық тапсырмалардан сандық шешімге дейін қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеміз. Осылайша біз математикалық тапсырмаларды қарастырғанда компьютерлік қолдау арқылы математикалық аппараттың тұтқырлығынан, абстрактылы есептеу алгоритмінің орындалуын қарастырамыз.

Сонымен болашақ информатика пәнінің оқытушыларын дайындау барысында көбінесе пайдалысын біз ымыралы шешім деп ойлаймыз, техникалық бағыттағы курстың ақылға қонарлық шешімі осы. Біздің көзқарасымыз бойынша педагогикалық ЖОО-да «сандық әдісті» үйренуде оқу орны қажетті білім беруге, дағдыларды есептеу, ғылыми іргесі сенімді болуы тиіс; фактілерді, ойларды, әдістерін түсіну және сонымен бірге компьютерлік технологиялар жолымен қолданбалы математикалық тапсырмаларды құрастыра білу қажет. Осыдан «сандық әдіс» курсы болашақ оқытушыларды дайындауда негіз болады; студенттің есептеу мәдениетінде, ғылыми көзқарастарында жоғары деңгейге ие болуы керек, «компьютерлік модельдеу» курсын оқуда теориялық және технологиялық негізін құрастыру, арнайы курстарды және курстық, дипломдық жұмыстарын жасай білуі тиіс. «Сандық әдіс» курсы басқа сабақ дайындық әдептерімен бірге информатика пәнінің оқытушыларына

теориялық және технологиялық дайындаудың негізін құрастырады, содан «информатикада теория және әдісін үйрену» әдебінің басты әдебін жасайды.

Алгебра және
геометрия

Дискретті математика

программалау

Қазіргі жағдайда үнемі көлемнің өсуі және ақпаратты негізгі дайындықтың артуы пән бойынша жаңа әдіс өнімділігі заманауи маманға сұраныс та, осының бәрін білу талабы қиындықтарға әкеліп соғуда. Осыны шешу үшін оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану қажет, бұл білімді жаңа сатыға көтереді. Қоғамның үшінші мыңжылдығын қазір ақпараттық қоғам дейді, яғни қоғам кешенді барлық әлеуметтік ақпараттық құрылымға ие. Ақпараттық қоғамды постиндустриалды қоғамның артындағы және халықтың ақпараттануы мен білімділігі тарихи жетілудің бір жаңа сатысы десек те болады. Қазіргі қоғамның ақпараттануының негізгі ерекшеліктері:

- Мәдениет, өнер, білім салаларында барлық ақпараттарға ие болуы;
- АКТ-ның көмегімен ақпараттық өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру.

АКТ-ны әртүрлі салаларға енгізу компьютерлерде, оргтехникада, телекоммуникацияда; жоғары деңгейдегі қолданушы интерфейсі, ақпараттық процестерге қолданушылардың белсене қатысуы (есептеу саласында кәсіби болмаса да); әлеуметтік желілер арқасында жойылып кеткен программалар мен базалық мәліметтерде; жаңа ақпараттық технологияларды дамытуға негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации / Р.Ф. Абдеев. – М.: ВЛАДОС, 1994. – 336 с.
2. Агапова О.И. О трех поколениях компьютерных технологий обучения / О.И.Агапова, А.О. Кривошеев, А.С. Ушаков // Информатика и образование. – 1994. – № 2. – С. 34-40.
3. Акилова И.М. Вычислительная математика / И.М. Акилова. – Благовещенск: АмГУ, 2004. – 165 с.
4. Алехина И.В. Дидактические основы применения ЭВМ в процессе формирования педагогических умений будущих учителей: Автореф. дис... канд. пед. наук: 13.00.01 / И.В. Алехина. – Брянск, 1994. – 20 с.
5. Алутина Е.Ф. Теоретическая информатика: Учебное пособие / Е.Ф. Алутина, И.А.Румянцев; под общ. ред. д.т.н., проф. И.А. Румянцева. – СПб.-Благовещенск: Изд-во БГПУ, 2005. – 361 с.
6. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании / Н.В.Апатова. – М.: Институт общеобразовательной школы РАО, 1994. – 228 с.
7. Апатова Н.В. Влияние информационных технологий на содержание и методы обучения в средней школе: Дис... д-ра пед. наук: 13.00.02 / Н.В. Апатова. – М., 1994. – 354 с.
8. Арушанян О.Б. Практикум на ЭВМ по вычислительным методам. Численное решение нелинейных уравнений / О.Б. Арушанян. – М.: Изд-во МГУ, 2003. – 37 с.
9. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы: Учеб.-метод. пособие / С.И. Архангельский. – М.: Высш. школа, 1980. – 368 с.
10. Социальные и психологические последствия применения информационных технологий (Материалы международной интернет-конференции, проходившей 20.03 - 14.05.2001 на информационно-образовательном портале www.auditorium.ru) / Под общ. ред. А.Е. Войскунского. – М.: Московский общественный научный фонд, 2001. – 284 с.

Резюме

Численные методы эффективности и потребности обучения

М. Е. Ескалиев., д.т.н., профессор, У.Н. Аширбекова, магистрант

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В этой статье рассматривается вопрос как эффективно использовать инновационную технологию в процессе учебной деятельности на данность этого цифрового предмета, в учебе дает студентам необходимую эффективность самостоятельности.

Числовой метод – показывает направление содержания науки разработанное с помощью дискретной математики и математики. Материалы курса тесно связаны с алгеброй и вычислительной техникой, для того чтобы сформировать знание математических навыков. В связи с этим, основывается на информационные технологии во время обучения «Программирования» и «Программного обеспечения ЭВМ».

Необходимость и эффективность в обучении цифровых методов в высших образовательных учреждениях дает возможность студентам повысить эффективность и развивать квалификацию. В этой статье рассматривается эффективность цифровых методов современного образования и дает возможность студентам самостоятельно обучаться и взять ресурс информации, а также организовать направленные структуры программы и дидактических материалов.

Ключевые слова: цифровые методы, программирование инновационных технологий.

Summary

Numerical methods of efficiency and learning needs

M.E.Eskaliev., Doctor of Technical Sciences, Professor, U.N. Ashirbekova, master student

(Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

This article examines the question of how to effectively use innovative technology in the process of learning activities to the givenness of this digital subject, in learning gives students the necessary effectiveness of independence.

Numerical method - shows the direction of the content of science developed with the help of discrete mathematics and mathematics. The course materials are closely connected with algebra, and computer technology to form knowledge of mathematical skills. In this regard, based on information technology while learning "Programming" and "computer Software".

The necessity and effectiveness in teaching digital methods in higher educational institutions gives the students an opportunity to improve efficiency and develop skills. This article examines the effectiveness of digital methods of modern education and allows students to independently learn and to get the resource information, and arrange to structure programs and learning materials.

Key words: numerical methods, programming of innovative technologies.

МРНТИ 27.03.19

Ж.А.Мүсірәлиев, аға оқытушы, З.Т.Суранчиева, аға оқытушы, А.С.Маханова,
оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ЭЛЕКТРОНДЫ СЫЗБА ҚҰРУДА ЛОГИКАЛЫҚ ФОРМУЛАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Кез келген бір құрылымды, құрылғының жобасын жасау үшін оны тапсырыс беретін адам орындаушыға құрылғының атқаратын қызметін, орындауға тиісті амалдардың тізбегін және олардың тәуелді болатын параметрлерін береді. Соған байланысты құрылғыны

жобалаған кезде оның кірмесіндегі және шықпасындағы басқа параметрлерді алуымыз керек. Осы мәселені программа арқылы жүзеге асыру үшін есептің алгоритмі мен блок-сызбасын құрамыз. Сонымен қатар, оны программа түрінде ғана емес, сұлба түрінде де жобалауға болады. Ол үшін логика алгебрасының формулаларын қолданамыз. Негізінде ол сұлба және, немесе, терістеу деген амалдарынан тұрады. Тапсырма көбінде сөз түрінде беріледі, оны логикалық тілге аударып, формуламен сипаттап шығамыз. Сипаттаған соң алынған формуланы түрлендіріп, қажет жерінде ықшамдаймыз, осылайша алынған формуладан сұлба дайындауға болады.

Түйін сөздер: электронды сұлба, логикалық формула, конъюнктивтік нормальды форма, дизъюнктивтік нормальды форма, амалдар жүйесі, функционалдық сұлба.

Электронды сұлбалардың жұмыс істеу шарты мен оның функциясы сөз түрінде немесе екілік айнымалылар мен олардың функцияларының кестесі түрінде беріледі. Осының негізінде сұлбаның жұмысын сипаттайтын логикалық формулалар құрастырылады. Одан кейін алынған логикалық өрнектерді талдап және функционалдық сұлбадағы элементтер саны ең аз болатындай ықшам түрге келтіріледі. Нақты айтқанда, логикалық өрнектердің қайталанатын мүшелерін анықтау керек. Электронды сұлбаларды логикалық өрнектермен сипаттау үшін алгебра-логикалық амалдар мен логикалық байланыстардың толық жүйе туралы теоремасы пайдаланылады.

$F(X_1, X_2, \dots, X_n)$ – ақырлы екілік айнымалылардың кез келген екілік функциясы болсын. Егер F нөлге тепе-тең болмаса және $Q_1, Q_2, \dots, Q_k$ -оның анықталу облысының, $F = 1$ болатын барлық нүктелері болса, онда

$$F(X_1, X_2, \dots, X_n) = G_1 \vee G_2 \vee \dots \vee G_k \quad (1)$$

формуласын қолдануға болады.

мұндағы:

$$G_j = Y_{j1} \wedge Y_{j2} \wedge \dots \wedge Y_{jn} \quad (j = \overline{1, k})$$

$j = \overline{1, n}$ үшін

$$Y_{ji} = \begin{cases} x_i, & \text{егер } Q_j \text{ нүктесінде } x_i = 1 \text{ болса} \\ \overline{x_i}, & \text{егер } Q_j \text{ нүктесінде } x_i = 0 \text{ болса} \end{cases}$$

Сонымен қатар, егер F бірге тепе-тең болмаса және $R_1, R_2, \dots, R_e$ анықтау облысының $F = 0$ болатын нүктелері болса, онда

$$F(X_1, \dots, X_n) = H_1 \wedge H_2 \wedge \dots \wedge H_e \quad (2)$$

формуласын қолдануға болады.

Мұндағы $H_j = Z_{j1} \vee Z_{j2} \vee \dots \vee Z_{jn} \quad (j = \overline{1, e})$, және $j = \overline{1, n}$ үшін

$$Z_{ji} = \begin{cases} x_i, & \text{егер } R_j \text{ нүктесінде } x_i = 0 \text{ болса} \\ \overline{x_i}, & \text{егер } R_j \text{ нүктесінде } x_i = 1 \text{ болса} \end{cases}$$

(1) және (2) формулалардан кез келген екілік айнымалы екілік функцияның оның айнымалыларына қолданылатын $\vee, \wedge$ ақырлы амалдарының суперпозициясы түрінде көрсетуге болатындығы шығады. Бұл мағынада $\{-, \wedge, \vee\}$ амалдар жүйесі толық деп аталады. $\vee$ амалын – және $\wedge$ амалы арқылы өрнектелетіндіктен $\{-, \wedge\}$ амалдар жүйесі толық болады. Осылайша, $\wedge$ амалы – және $\vee$ амалдары арқылы өрнектелетіндіктен $\{-, \vee\}$ амалдар жүйесі толық деп аталады.

$$\overline{\overline{A}} = A \quad \text{және} \quad A \wedge B = (A \vee B) / (A \vee B)$$

формулалары – және $\wedge$ амалдары тек Шеффер амалы арқылы өрнектеледі, яғни бұл амал тек бір өзі толық жүйе болады.

(1) және (2) формулалар кез келген кесте арқылы берілген екілік функцияны конъюнктивтік нормальды форма (ары қарай КНФ) және дизъюнктивтік нормальды

формаларында (ары қарай ДНФ) көрсетуге мүмкіндік береді. Алынған логикалық өрнектен құрамында тек инвертор, сәйкестік, жинақтау сұлбалары ғана болатын функциональдық сұлба құрастыруға болады.

Мысал. Электронды сұлбаның үш кірмесі А, В, С және екі шықпасы бар U және V. Сұлбаның жұмысы келесі кестемен сипатталады:

ABC	U	V
0	0	0
0	0	1
0	1	0
0	1	1
1	0	0
1	0	1
1	1	0
1	1	1

Осы электронды құрылғының жұмысын өрнектейтін функционалды сұлбаны құру керек.

1) U (A, B, C) және V (A, B, C) функцияларын өрнектейтін дизъюнктивтік нормальды форманы дайындаймыз.

а) U (A,B,C) = 1 болатын нүктелерді анықтаймыз. Бұлар

$Q_1(0, 0, 1), Q_2(1, 1, 0), Q_3(1, 1, 1)$ нүктелері.

$G_j (j = 1, 3)$ нүктелері (ср-ра)

$$G_1 = A \wedge B \wedge C$$

$$G_2 = A \wedge B \wedge C$$

$$G_3 = A \wedge B \wedge C$$

(1) формуладан U функциясы үшін ДНФ аламыз:

$$U = (A \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge C) \quad (3)$$

б) V (A,B,C) = 1 болатын нүктелерді анықтаймыз.

Бұлар: $Q_1(0,1,1), Q_2(1,1,0)$ нүктелері. $G_j (j = 1,2)$ функциялары:

$$G_1 = A \wedge B \wedge C$$

$$G_2 = A \wedge B \wedge C$$

(1) формуладан V функциясының ДНФ-ын анықтаймыз:

$$V = (A \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge C) \quad (4)$$

2) U (A,B,C) және V (A, B, C) конъюнктивтік нормальды формада жазамыз.

а) U(A,B,C) = 0 болатын нүктелерді анықтаймыз. Бұлар $R_1(0,1,0), R_2(0,1,0), R_3(0,1,1), R_4(1,0,1), R_5(1,0,1)$ нүктелері.

$H_j (j = 1,5)$ функциясын тұрғызамыз:

$$H_1 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_2 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_3 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_4 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_5 = A \wedge B \wedge C$$

(2) формуладан функцияның КНФ-ын табамыз:

$$U = (A \vee B \vee C) \wedge (A \vee B \vee C) \wedge (A \vee B \vee C) \wedge (A \vee B \vee C) \wedge (A \vee B \vee C) \quad (5)$$

б) V(A,B,C) = 0 болатын нүктелер: $R_1(0,0,0), R_2(0,0,1), R_3(0,1,0), R_4(1,0, 0), R_5(1,0,1), R_6(1,1,1)$. H_j формуласын тұрғызамыз

$$H_1 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_2 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_3 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_4 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_5 = A \wedge B \wedge C$$

$$H_6 = A \wedge B \wedge C$$

(2) формуладан V функциясы үшін КНФ аламыз:

$$V = (A \vee B \vee C) \wedge (A \vee B \vee \bar{C}) \wedge (A \vee \bar{B} \vee C) \wedge (\bar{A} \vee B \vee C) \wedge (\bar{A} \vee \bar{B} \vee \bar{C})$$

3) (3) және (5) формулалардың эквивалентті екенін дәлелдеу үшін (3) формуланың ақиқаттық мәндерінің кестесін жасаймыз.

$$U = \underbrace{(\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge C)}_{(a)} \vee \underbrace{(A \wedge B \wedge \bar{C})}_{(b)} \wedge \underbrace{(A \wedge B \wedge C)}_{(c)}$$

(5) формула үшін ақиқаттық кестесін құрамыз:

$$U = \underbrace{(A \vee B \vee C)}_{(a)} \wedge \underbrace{(A \vee \bar{B} \vee C)}_{(b)} \wedge \underbrace{(A \vee \bar{B} \vee \bar{C})}_{(c)} \wedge \underbrace{(\bar{A} \wedge B \vee C)}_{(d)} \wedge \underbrace{(\bar{A} \wedge B \vee \bar{C})}_{(e)}$$

Екі кестенің де соңғы бағандарындағы U функциясының мәні бірдей болғандықтан (3) және (5) логикалық өрнектері де мәндес болады.

4) (4) және (6) формулалардың эквиваленттілігін дәлелдейік.

$V = (\bar{A} \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge \bar{C})$ формуласы үшін ақиқаттық кесте құрайық.

(6) формуланың ақиқаттық кестесін құрайық:

$$V = \underbrace{(A \vee B \vee C)}_{(A)} \wedge \underbrace{(A \vee B \vee \bar{C})}_{(B)} \wedge \underbrace{(A \vee \bar{B} \vee C)}_{(C)} \wedge \underbrace{(\bar{A} \vee B \vee C)}_{(D)} \wedge \underbrace{(\bar{A} \vee B \vee \bar{C})}_{(E)} \wedge \underbrace{(\bar{A} \vee \bar{B} \vee \bar{C})}_{(F)}$$

Екі кестедегі де соңғы бағандағы V функциясының мәндері бірдей болуы (4) және (6) өрнектің мәндес екендігін дәлелдейді.

5) (3) және (4) формулаларды түрлендірейік.


$$U = (\bar{A} \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge C) = (\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge C) \vee (A \wedge B) \wedge 1 = (\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge C) \vee (A \wedge B) = [(A \wedge B) \wedge C] \vee (A \wedge B);$$

$$V = (\overline{A} \wedge B \wedge C) \vee (A \wedge B \wedge \overline{C}) = B \wedge [(A \wedge C) \vee (A \wedge \overline{C})] = A \wedge (A \approx C).$$


6) U және V формулаларына сәйкес электронды құрылғының жұмысын сипаттайтын функционалды сұлба құрастырайық.

$$V = B \wedge [(\bar{A} \wedge C) \vee (A \wedge \bar{C})]$$

$$V = B \wedge [(\bar{A} \wedge C) \vee (A \wedge \bar{C})]$$



(3)және (4) формулаларға сәйкес функционалды сұлба құрастырайық.



Бірінші функционалды сұлбада 10 қарапайым элемент қолданылады, ал екіншісінде 9 элемент, яғни екінші функционалды сұлба тиімді болады. Сондықтан ДНФ және КНФ немесе олардан құрылған формулалар функционалды сұлба құруға тиімді бола бермейді.

Мысалы $U = (\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge \bar{C}) \vee (A \wedge B)$ ж/е $V = (\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge \bar{C}) \vee (A \wedge B \wedge \bar{C})$ ДНФ формулаларының функционалды сұлбаларды құрастыру үшін: 3 инвертор $(\bar{A}, \bar{B}, \bar{C})$, 4 үйлесімділік сұлбасы: $(\bar{A} \wedge \bar{B} \wedge \bar{C}), (A \wedge B), (\bar{A} \wedge B \wedge \bar{C}), (A \wedge B \wedge \bar{C})$ және 2 жинақтау сұлбасы қажет болады. Бұл сұлбаның тиімділігі өткен сұлбамен бірдей.

Үшкірмені (А, В, С), екішықпалы (U, V) электронды құрылғының жұмысы келесі кірмекестесінде көрсетілген. U және V мәндері кірмесіндегі кірме (А, В, С) мәндерінің комбинациялары бойынша 2-кестемен анықталады.

A, B, C мәндерінің комбинацияларының нөмірі					
1					
2					

3					
4					
5					
6					
7					
8					

Әр нұсқада U және V мәндері мәндер комбинацияларының ($U=1$ және $V=1$ болатын) нөмірімен анықталады.

Вариант	V	V	Вариант	V	V
1	13,4	3,7	11	2,4,8	1,4
2	2,3,6	2,4	12	2,5,7	3,5
3	2,3,8	2,4	13	2,5,8	3,8
4	1,4,6	4,7	14	2,5,6	3,8
5	1,4,8	2,8	15	3,4,6	3,7
6	2,3,5	3,7	16	3,4,8	2,4
7	1,3,7	2,7	17	3,5,7	4,7
8	2,4,5	4,6	18	3,5,8	2,5
9	1,4,7	2,4	19	4,6,8	6,7
10	2,4,6	3,6	20	4,7,8	4,6

Мысалы кестенің 18 нұсқасындағы электронды құрылғының жұмысы былай сипатталады:

	№	A	B	C	U	V
	1	0	0	0	0	1
V →	2	0	0	1	0	1
U →	3	0	1	0	1	0
	4	0	1	1	0	1
U →	5	1	0	0	1	1
V →	6	1	0	1	0	0
	7	1	1	0	0	0
U →	8	1	1	1	1	0

- 1) U және V функцияларын ДНФ түрінде келтіру керек.
- 2) U және V функцияларын КНФ түрінде көрсету керек.
- 3) Ақиқаттық мәндер кестелерінің көмегімен алынған ДНФ және КНФ формуласының U үшін мәндестігін дәлелдеу керек.
- 4) функциясы үшін ДНФ және КНФ формаларының мәндестігін дәлелдеу керек.
- 5) ДНФ-ты пайдалана отырып, түрлендіріп қорытынды шығару керек.

Қорыта келгенде, қолымыздағы бар сұлбаларға немесе басқа жағдайға байланысты сұлбаның түрін өзгерттік. Әр формулалар бір-біріне мәндес формулалар болып шығу керек. Тепе-теңдіктерін дәлелдеу үшін ақиқаттық кестесін құрып тексердік. Бұл берілген тапсырыс болғандықтан соңында қай сұлба қажет екенін тапсырушымен бірге шешеміз. Есепті қарастырып, оның сипатталу кестесін алдық. Осыған байланысты сұлба құрастырдық. Ол үшін оның формулалары мен функцияларын енгізіп, өзара салыстырдық. Нәтижесі бірдей болып шықты. Таңдау тапсырыс берушінің еншісінде. Бұл толық шешілген есеп студенттің ойлау қабілетін, өнертапқыштығын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Макарова Н.В., Рамин Е.Л. и др. Основы схемотехники: Сборник задач. Под. ред. Н.В.Макаровой. – М.: Финансы и статистика. – 1997.
2. Янпольский В.С. Основы автоматики и вычислительной техники. – Москва. Просвещение. – 1991.
3. Кирюхин В.М., Лапунов А.В. Окулов С.М. Задачи по информатике. Международные олимпиады 1989-1996, для факультативов по информатике в старших классах. — М.: АБФ. – 1996.

4. Каймин В.А. и др. Основы информатики и вычислительной техники. – М.: Просвещение. – 1989.

Резюме

Использования логических формул в создании электронных схем

Ж.А.Мүсірәлиев, ст.преподаватель, З.Т.Суранчиева, ст.преподаватель

А.С.Маханова, преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Мы преобразовали схемы, в зависимости от использованных элементов выбрали другой эквивалент схемы. Все формулы должны быть равносильными формулами друг с другом. Чтобы доказать остатки проверяется создав таблицу истинности. Выбор конкретной схемы из приведенных схем решается совместно с заказчиком. Решая конкретные задачи получили таблицы истинности. На основе полученного результата составили схему. Сравнили полученные эквивалентные схемы. Задавая входные параметры увидели, что выходных функции одинаковые. Выбор конкретной схемы предоставляем заказчику. Считаем это работа полезна студентом для развития способности самостоятельного решения технических задач.

Ключевые слова: электронная схема, алгебра логическая формула, конъюнктивно нормальная форма, дизъюнктивная нормальная форма, система операции, функциональная схема.

Summary

Using a logical formula in the creation of electronic circuits

Zh.A.Musiraliyev, Senior instructor, Z.T.Suranchieva, Senior instructor

A.S.Makhanova, instructor

(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

We transformed the scheme, depending on the used components selected another equivalent circuit. All formula should be tantamount to formulas with each other. To prove the remains of creating a truth table is checked. The choice of the scheme of the above schemes is decided together with the customer. Solving specific problems have received the truth table. Based on the result amounted scheme. We compare the equivalent circuits. By setting the input parameters to see what features the same output. The particular scheme provide to the customer. We believe this work is useful for the student to develop the ability of self-solve technical problems.

Keywords: electronic circuit, logical algebra formula conjunctive normal form, disjunctive normal form, operation system, functional diagram.

МРНТИ 29.03.19

А.Қ.Ершина, ф.-м.ғ.д., профессор, Э.О.Құткелдиева, оқу шебері
(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ЖЕЛКЕНДІ ЖЕЛ ТУРБИНАСЫНЫҢ АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ ХАРАКТЕРИСТИКАЛАРЫН АНЫҚТАУ


Аңдатпа

Барлық жел турбиналарын жұмыс істеу принциптеріне қарай 3 типке бөлуге болады: желкенді жел турбинасы (Савониус), пропеллерлік жел турбинасы және қалақшалы Дарье тәрізді жел турбиналары. Мақалада желкенді жел турбинасының құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қарастырылған. Сонымен қатар жел турбинасының аэродинамикалық характеристикалары: қалақшаның көтеру күші мен маңдайлық кедергі күшінің

коэффициенттері, турбинаның қуаты, жел энергиясын пайдалану коэффициенті мен жүрдектік дәрежесі және т.б. теориялық негізде анықталған. Нәтижесінде теориялық жолмен анықталған мәндер экспериментпен салыстырылған.

Түйін сөздер: Савониус, қалақшаның көтеру күші, маңдайлық кедергі күші, жүрдектік дәрежесі, жел энергиясын пайдалану коэффициенті.

Желкенді жел турбинасының аэродинамикалық характеристикаларын есептеу әлдеқайда оңай. Мысал ретінде төрт қалақшалы жел турбинасын қарастырайық (1-сурет). Әрбір қалақша жел қысымын толығымен ОА қалпынан ОВ қалпына бұрылғанда (1а-сурет) қабылдайды. ОВ қалпының арғы жағында атқылау бұрышы теріс болады және алдыңғы қалақшаға көлеңке түсіретін келесі қалақша пайда болады. Осылайша әрбір қалақшаға айналу моменті өзі сызатын дөңгелектің бірінші ширегінде беріледі. Осы квадрантта жел турбинасына желдің қуаты беріледі. Ол $\vec{R}$ көтеру күші мен қалақшаның D кедергі күшінің жұмысына шығындалады.



Сурет 1 – Төрт қалақшалы желкенді жел турбинасының қарапайым конструкциясы

Желдің қозғалыс бағытымен айналатын ауданы $S_0 = l h_0 \text{ м}^2$. Тік төртбұрышты қалақшаны координаталар жүйесімен байланыстырайық. Сонда қалақшаға келіп жететін жел ағынының жылдамдығы $|\vec{u}| = |\vec{U}| - |\vec{W}| \sin \alpha$, мұндағы $\vec{W} = \vec{\omega} h$ - айналу өсінен h қашықтықтағы қалақша элементі қозғалысының сызықтық жылдамдығы. Динамикалық қысымның қорытқы күшін табу үшін, ауа ағынының салыстырмалы жылдамдығына біркелкі тең әсер векторын табу қажет. Осы мақсатпен соңғы өрнекті $S_0 = l h_0$ беті бойынша интегралдайық. Жылдамдықтың өлшем бірлігін сақтау үшін h_0 -ге бөліп, h_0 -ге көбейтеміз

$$|\vec{u}_0| = \frac{1}{h_0} \int_0^{h_0} |\vec{u}| dh = |\vec{U}| - \frac{|\vec{W}_0|}{2} \sin \alpha,$$

Мұндағы $\vec{W}_0 = \vec{\omega} h_0$.

Қалақшаға әсер ететін желдің динамикалық қысымы

$$\frac{\rho u_0^2}{2} = \rho \frac{(2|\vec{U}| - |\vec{W}_0| \sin \alpha)^2}{8}. \quad (1)$$

[1] әдебиеттен белгілі формула бойынша қанатшаның кедергісін анықтаймыз

$$|\vec{D}| = C_x(\alpha) \delta_1 l \rho U_0^2, \quad (2)$$

мұндағы $C_x(\alpha)$ – тік бұрышты пластинаның кедергі коэффициенті, кіші атқылау бұрыштарында $0^\circ \leq \alpha \leq 20^\circ$ [2] $\sin^2 \alpha$ -ға пропорционал және $\alpha = 90^\circ$ болғанда $C_x = 1,3$ (1-кестені қара), δ_1 - пластинаның артындағы құйынды жолдың өлшемі, оның ені

$$\lambda = \frac{l}{h_0} > 1 \text{ болғанда } \delta_1 > h_0.$$

Ағынға нормаль бойымен орналасқан құйындармен ілесіп жүретін циркуляцияны жазық пластинаның шетіндегі бірлік уақытта пайда болатын циркуляциямен теңестіріп, В.

Гейзенберг $\delta_1/h_0 = 1,542$ екенін тапты. Біздің жағдайда жазық қалақшаның бір жағынан ғана құйын түзіліп, үзілетіндіктен мына түрде аламыз $\delta_1/h_0 = 1,271$.

Жұқа симметриялық NASA-0006 қанатша профилінің $0^\circ \leq \alpha \leq 20^\circ$ кедергі коэффициенті төмендегідей эмпирикалық формуламен сипатталады

$$C_x(\alpha) = 0,001 + 0,5 \sin^2 \alpha. \quad (3)$$

« α »-ға байланысты 20° -тан үлкен бұрыштар үшін, мәліметтер жоқ. Сондықтан $\alpha \geq 20^\circ$ бұрыштар үшін интерполяция жасап, атқылау бұрышы $\alpha \rightarrow \pi/2$ ұмтылғанда $C_x = 1,3$ мәніне ие болатын тәуелділікті аламыз

$$C_x(\alpha) = 1,5 \sin \alpha - 0,2. \quad (4)$$

Сонымен (2) формула $0 \leq \alpha_1 \leq 20^\circ$ аралығында мынадай түрде болады

$$|\bar{D}_1| = h_0 C_x(\alpha_1) \rho \frac{(2|\bar{U}| - |\bar{W}_0| \sin \alpha_1)^2}{8} \quad (2')$$

ал $\alpha = \alpha_2$, $20^\circ \leq \alpha_2 \leq 90^\circ$

$$|\bar{D}_2| = 1,271 h_0 C_x(\alpha_2) \rho \frac{(2|\bar{U}| - |\bar{W}_0| \sin \alpha_2)^2}{8} \quad (5)$$

Көтеру күшінің векторы

$$|\bar{R}| = \frac{C_y}{h_0} \frac{\rho u_0^2}{2} \text{ атқылау жылдамдығына } \bar{V} \text{ перпендикуляр, яғни } 90^\circ \text{ бұрыш жасай}$$

орналасқан және қалақшаларды көтеретін күш мынаған тең:

$$h_0 l \bar{R} \sin \alpha. \quad (6)$$

Пластина үшін $0^\circ < \alpha < 20^\circ$ интервалында көтеру күшінің коэффициенті $C_y = 2\pi \sin \alpha$ және $\alpha_1 > 20^\circ$ болғанда $\bar{R} = 0$ екендігін ескеріп [2], желдің турбинаға беретін қуатын анықтауға болады. Ол үшін қалақшаның ОА қалпынан ОВ қалпына (1б-сурет) ауысқандағы істелінген жұмысты есептеу қажет. Бұл кезде А нүктесі $\bar{W}_0$ сызықтық жылдамдықпен $\frac{\pi h_0}{2}$ жол жүреді. Сәйкесінше турбинаға берілетін қуат

$$N = N_1 + N_2, \quad (7)$$

$$\text{мұндағы } N_1 = h_0 l \int_0^{\frac{\pi}{2}} (\bar{R} + \bar{D}_1) \bar{W}_0 d\alpha, \quad N_2 = h_0 l \int_{\frac{\pi}{2}}^{\frac{\pi}{9}} \bar{D}_2 \bar{W}_0 d\alpha.$$

Кесте 1 – Әртүрлі денелердің маңдайлық кедергі C_x коэффициенттері:

Дененің аты	Дененің формасы	Дененің ұзындығы мен диаметрінің қатынасы	Турбинаның қанатша ұзындығы мен диаметрінің қатынасы	Рейнольдс саны, Re	C_x коэффициенті
Денесіз пластина		—	—	$10,7 \cdot 10^4 + 227 \cdot 10^4$	$1,06 + 1,28$
Конус		—	10	$2,7 \cdot 10^5$	0,34
Негізгі (сызықсыз) сфера торлы болып келетін конус		—	10	$1,35 \cdot 10^5$	0,16
Сол сияқты, ағынға қарсы бағытта орналасқан		—	10	$1,35 \cdot 10^5$	0,088
Цилиндр		$L=7$	$10+30$	$10^5+3 \cdot 10^5$	0,84
Негізгі сфера торлы болып келетін цилиндр		$L=7$	$10+30$	$10^5+3 \cdot 10^5$	$0,28+0,22$
Шар		—	—	$10^5+4 \cdot 10^5$	$0,44+0,10$
Цилиндр		—	30	$8,8 \cdot 10^4$	$0,73+0,63$
Квадрат пластина		—	—	$10,7 \cdot 10^4 + 227 \cdot 10^4$ -ге дейін	$1,06+1,28$
Төзі қуыс жарты шар		—	—	—	0,33
Төзі қуыс жарты шар, ағынға қарсы бағытта орналасқан		—	—	—	1,34

$0^\circ \leq \alpha \leq 20^\circ$ аралығында пластина үшін $C_y(\alpha) = 2\pi \sin \alpha$ [2] және $|\bar{R}|, |\bar{D}_1|, |\bar{D}_2|$ мәндерін қойып (3) және (4) ескерсек,

$$N = h_0 l W_0 \int_0^{\frac{\pi}{9}} (2\pi \sin \alpha + 0,001 + 0,5 \sin^2 \alpha) \rho \frac{(2|\vec{U}| - |\vec{W}_0| \sin \alpha)^2}{8} d\alpha +$$

$$+ 1,271 \frac{lh_0}{8} W_0 \int_{\frac{\pi}{9}}^{\frac{\pi}{2}} (1,5 \sin \alpha - 0,2) \rho (2|\vec{U}| - |\vec{W}_0| \sin \alpha)^2 d\alpha \quad (8)$$

(8) формула таблицалық интеграл болғандықтан оңай алынады

$$N = 0,0267 \rho l h_0 |\vec{W}_0| \left[7,1732 U^2 - 6,296 \vec{W}_0 \vec{U} + 0,082 W_0^2 \right] \quad (9)$$

Жел энергиясын пайдалану коэффициентін турбинаға желдің берген қуатын N , желдің меншікті қуатына $N_s = l h_0 \rho \frac{U^3}{2}$ бөлу арқылы табамыз:


$$\xi = 0,0534 \chi [7,1732 - 6,296 \chi + 0,082 \chi^2]. \quad (10)$$

Мұндағы $\chi = \frac{|\vec{W}_0| h_0}{|\vec{U}|}$ – жел турбинасының жүрдектік дәрежесі. Осы жүрдектік дәрежесі

бойынша жел энергиясын пайдалану коэффициентінің бірінші туындысын алып $\frac{d\xi}{d\chi}$ оны нольге теңестіріп $\xi_{\max}$ және $\xi=0$ -ге сәйкес келетін χ -дің мәні табылады, яғни $\chi=0$ және $\chi=1,16$ болғанда $\xi=0$, ал $\chi=0,58$ болғанда $\xi_{\max}=0,11$.

Жел турбинасының қуаты төмендегі формуламен анықталады $N = \xi \cdot l h_0 \frac{\rho U^3}{2}$.

2-суретте Осиповтың тәжірибелері [3] және (10) формула бойынша есептелген тәуелділік келтірілген. Сонымен қатар есептеу нәтижелерінде қалақша айналмайды, $\vec{\omega}$ жылдамдықпен желдің бағытымен ілгерілемелі орын ауыстырады деп пайымдалған [4-6].



Сурет 2 – Желкенді жел турбинасының жел энергиясын пайдалану коэффициентінің өзгерісі

Мұндағы $\infty \propto$ Осиповтың тәжірибелері. Тұтас сызық – (10) формула бойынша есептелген. Үзік сызық – қалақша айналмай, ілгерілемелі қозғалыста деп есептелген нәтижелер. 2-суреттен көрініп тұрғандай (10) формуламен есептелінген тәуелділіктің эксперименттен өзгешелігі 10-15%, ал үзік сызықтың максимал ауытқуы едәуір болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Чжен П. Отрывные течения. – М. Мир. – 1972. – Т. – С. 1-299.
2. Лойцянский Л.Г. Механика жидкости и газа. – М., Наука. – 1987. – 904 с.
3. Полторацкий В.Т. О работе ветродвигателя с осью вращения, расположенной перпендикулярно потоку: Отчет ЭНИИН АН СССР. – 1953.
4. Фатеев Е.М. Ветроустановки и ветроустановки. – М. – 1957. – 536 с.

5. Ершина А.К., Ершин Ш.А., Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье. – Алматы: КазгосИНТИ. – 2001. – 105 с.
6. Ершина А.К. Механикалық қондырғылар. Оқу құралы. – Алматы: типография ТОО «378». – 2015. – 216 б.

Резюме

Определение аэродинамических характеристик парусной ветротурбины

А.К.Ершина, д.ф.-м.н., профессор, Э.О.Куткельдиева, учебный мастер

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Ветротурбины по принципу работы можно делить на 3 типа: парусные (Савониус), пропеллерные и крыловые (типа Дарье) ветротурбины. В статье изложены основы теории парусной ветротурбины. Теоретически определены аэродинамические характеристики: коэффициенты подъемной силы и лобового сопротивления, мощность турбины, коэффициент использования энергии ветра, степень быстроходности и др. Представлены сравнения результатов расчетов с экспериментальными данными.

Ключевые слова: Савониус, подъемная сила, лобовое сопротивление, степень быстроходности, коэффициент использования энергии ветра.

Summary

Determining the aerodynamic characteristics of sailing wind turbine

A.K. Ershina, doctor of physical-mathematical sciences, professor

E.O. Kutkeldiyeva, Training Master

(Almaty c., Kazakh state women's teacher training university)

Wind turbines on the basis of the work can be divided into 3 types: sailing (Savonius), propeller and wing (type Darrieus) wind turbines. The article presents the fundamentals of the theory of sailing the wind turbine. Theoretically determined aerodynamics: lift and drag coefficients, the power turbine, utilization of wind energy, the degree of rapidity and others presented a comparison of calculation results with the experimental data.

Keywords: Savonius, lift, drag, the degree of rapidity, utilization of wind energy.

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

МРНТИ 16.21.21

М.Т.Акшалов, *учитель искусства*, **Г.А.Шаяхметова**, *учитель казахского языка и литературы*,
(г. Алматы, филиал «Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления»)

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ В ОСВОЕНИИ ЯЗЫКОВ

Аннотация

Трёхязычие в школе можно проводить интересными активными методами. Например: на уроках искусства через кукольный театр, а на уроке казахского языка озвучивать и переводить новинки голливудских фильмом, так как многие фильмы не переводят на казахский язык. Активные методы в изучении и освоении языков, и есть ключ к успеху. Какое интересное и полезное дело – школьный кукольный театр! Разве не замечательно всё сделать своими руками – и кукол, и сцену, многому научиться и в конце концов самим разыграть пьесу. Но как организовать такой театр, чтобы развивать не только актерское мастерство учащихся, но и языковые навыки об этом и рассказывается в моей статье. Участвуя в кукольном театре, некоторые ученики стали настоящими актерами, которые могли играть на трех языках. Важно, что каждый из ребят, участвуя в общей работе, испытал большую творческую радость от соприкосновения с искусством.

Ключевые слова: трёхязычие, активные методы, интегрированные образовательные программы, школьный кукольный театр.

Искусство существовало еще с древних времен. Важность искусства понимают, как в мире, так и в нашей стране. Разрабатываются интегрированные образовательные программы по искусству, музыке и художественному труду. Данные программы прошли успешную апробацию в 20-ти Назарбаев Интеллектуальных школах страны. С 2009 года данные программы корректировались и становились более актуальными и содержательными. В целях обмена опытом с ведущими школами мира, я посетил множества школ Финляндии, Америки, Великобритании. В результате посещенных уроков я открыл для себя бескрайние возможности преподавания не только изобразительного искусства, но и преподавания в целом. Узнал, о том, что в одном уроке можно интегрировать не только один или два предмета, но и несколько. Полученные мною знания, которое я получил зарубежом, легли в основу материала моей темы. В своем материале я акцентировал внимание на интеграции, так как, интегрируя предметы, открываются большие горизонты не только для ученика, но и для учителя. В наше время каждый учитель знает, что такое интеграция. Интеграция необходимая составляющая современного образования, так как отдельные предметы — это части, но мир един в котором все взаимосвязано друг с другом и применение полученных знаний должно быть также целостным. В моем материале есть примеры творческих заданий где интегрированы такие предметы как: ИЗО, труд, рукоделие, ДПИ, музыка, история и языки (казахский, русский, английский). Также в теме материала есть яркие примеры, способствующие развитию коммуникативных навыков, так как для человека современного и успешного необходимо ладить и договариваться с людьми, а главное уметь вместе планировать работу и работать в группе. В данном материале есть примеры активных методов в обучении через кукольный театр, где учащиеся будут иметь возможность не только играть, но и разговаривать на казахском, русском и английском языках. Владение тремя вышеуказанными языками является преоритетным направлением в системе образования страны.

С помощью кукольного театра можно инсценировать множество исторических событий, используя куклы перчатки. Для этого нужно нарисовать дизайн будущей куклы перчатки, при создании дизайна можно использовать любые художественные материалы – это будет задание по изобразительному искусству.



Далее по нарисованному эскизу куклы нужно будет, выкроить и сшить куклу перчатку добавляя, детали (глаза, усики, волосы, брови и т.д). На данном этапе это и будет ДПИ и рукоделие. После завершения изготовления куклы перчатки, учащиеся работают в группах. В качестве темы для написания краткого сценария может быть любое историческое событие, которое они проходят по истории. Например, «Чингисхан и падение Отрара», которое учащиеся проходят по истории в 7 классе. При написании краткого сценария для выступления каждая группа создает диалоговый сценарии на том языке, который им распределил учитель (казахский, русский, английский). В группе также могут распределить роли декоратор, сценарист, звукорежиссер который подбирает звуки и музыку при необходимости. В завершении этого всего каждая группа показывает инсценировку к историческому событию. Это яркий пример предметной интеграции и активного метода обучения. В итоге все это мне напоминает фруктовый коктейль, в котором присутствуют множество ингредиентов при смешивании которого получается неповторимый вкус современного подхода в обучении. Данный пример приведенный мною это только маленькая возможность развить у учащихся навыки трехязычия, обучение в котором превращается в интересную игру.

Еще одним примером в методике внедрения трехязычия представила учитель казахского языка и литературы Шаяхметова Гульнар Алшановна, которая предложила переводить отрывки голливудских фильмов на казахский язык. Согласен, все это звучит на первый взгляд может и нелепо но давайте подумаем сколько в стране кинотеатров которые показывают новинки мирового кинематографа с переводом на казахский язык. Их почти нет. Это конечно оставляет желать лучшего но именно это и есть возможность для учителей. Учащиеся с большим желанием и интересом переводят отрывки фильмов, мультфильмов, телевизионных реклам. Все это способствует развитию языковых навыков у учащихся. Таких смелых и нестандартных подходов должно быть множество. Ведь результаты есть только у того кто что то делает.



Список литературы

1. Деммени Е. Школьный кукольный театр. – Москва. – 1960.
2. Майя Барик. Кукольный театр. Издательство Мелик – Пашаев. – 2014.

3. Қазақша-ағылшынша, ағылшынша-қазақша сөздік. *Kazakh-english, english-kazakh dictionary*. – 2013.

4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. *Казахско-русский, русско-казахский словарь*.

Түйіндеме

Оқу барысында тілді меңгертудің белсенді әдіс-тәсілдері

Ақшалов М.Т., өнер мұғалімі,

Шаяхметова Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

(Алматы қ., «Назарбаев Зияткерлік Физика және математика бағытындағы мектеп» филиалы)

Мектептегі оқу үрдісі барысында үштілді оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуге болады. Мысалы: өнер сабағында қуыршақ театры арқылы, ал қазақ тілі сабағында жаңа голливудтық кинолар мен мультипликациялық туындыларды қазақ тіліне дыбыстап аудару арқылы жүргіземіз. Көптеген голливудтық жаңа кинолар мен мультипликациялық туындылар бірден қазақ тіліне аударылмайды. Тілді оқыту мен меңгертуде табысқа жетудің бірден-бір кілті – белсенді әдіс-тәсілдер.

Түйін сөздер: үштілділік, белсенді әдістері, кіріктірілген білім беру бағдарламасы, мектеп қуыршақ театры.

Summary

Akshalov M.T., art teacher,

Shayakhmetova G.A., teacher of the Kazakh language and literature,

(Almaty c., «Nazarbayev Intellectual Physics and Mathematics school»)

Active teaching methods in language learning

Trilingual policy might be held in an interesting and active way at schools. For example, it may be implemented through the puppet show in art classes; lessons of Kazakh language can use the fragments of new Hollywood movies through translations and acting out, as many foreign films are not translated into Kazakh. Active methods in learning and developing languages is the key to the success.

Keywords: trilingualism, active methods, integrated educational program, school puppet show.

МРНТИ 16.21.21

А.Т. Ережепова, шетел тілі пәні оқытушысы

(Алматы қ., Алматы индустриалды колледжі)

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада шетел тілін үйрету үдерісінде ойын технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың танымдық қабілеті мен мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру қарастырылады. Бұл педагогика ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі. Шетел тілін үйрету барысында болашақ тұлғаның гуманистік, гуманитарлық қалыптасуына ықпал етіп, танымдық қабілетін дамыту мен мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруда мектепте оқытылатын тіл саласындағы пәндер ерекше мәнге ие болуда. Сондықтан, тілдерді оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық қабілеті мен мәдениетаралық құзыреттілікті

калыптастырудың тиімді жолдары – ойын технологиясын қолдану. Ойын технологиясы өзінің жүйелілігінің, мақсаттылығының нәтижесінде пәннің оқытылу сапасына тікелей ықпал ете алатындығымен, білім алушы бойындағы мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыра алатындығымен ерекшеленеді. Шетел тілін оқыту үдерісінде ойын технологиясын қолданудың маңызы зор. Ойын өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ білім алушылар сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі. Ойын арқылы білім алушылар әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін меңгереді. Ойын элементтерін пайдалану арқылы қиын да күрделі тақырыптарды оқыту үдерісінде білім алушыларға жеңіл де оңай үйретуге мүмкіндік береді. Мақалада танымдық қабілетке, мәдениетаралық құзыреттілікке, ойын технологиясына жеке анықтамалар берілген. Сонымен қатар, оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ойын түрлері мен ойын элементтері көрсетіледі.

Түйін сөздер: ойын технологиясы, мәдениетаралық құзыреттілік, танымдық қабілет, оқыту процесі

Қазіргі Қазақстан Республикасында болып жатқан өзгерістер шетелдермен қатынастың көбеюі, шетел инвестициясының деңгейінің жоғарылауы, экономикалық өсу шетел тілін оқыту заман талабына сай, уақыт ағымына қарай өзгертіп, толықтыруларды талап етеді. Сонымен қатар, еліміздің қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша бағытта дамытып оқыту мен тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Егемендік алған еліміздің даму кезеңінде оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, әртүрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шетел тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Шетел тілін мектепте оқыту дәрежесін арттыру, әсіресе қазақ тілінің мәртебе алуына байланысты шетел тілін ана тілімен салыстыра отырып үйрету еліміздегі халыққа білім берудің өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оған үш тұғырлы тіл туралы «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20% құрауы тиіс деп есептеймін» – деген Елбасының Жолдауы айғақ бола алады [1].

Ұлы француз жазушысы В.Гюго былай деген: «Халықтың ұлылығы санымен өлшенбейді, жалғыз ғана өлшем оның ақыл-ойының және өнеге деңгейінің дамуы» [2,376]. Бұл жағдайларда қазіргі оқу үрдісі тек мемлекеттік тілді насихаттау ғана емес, сонымен бірге басқа халықтардың тілі мен мәдениетін игеруге бағытталғандығы атап көрсетілген. Шетел тілін үйрену барысында болашақ тұлғаның гуманистік, гуманитарлық қалыптасуына ықпал етіп, танымдық қызығушылығы мен мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруда мектепте оқытылатын тіл саласындағы пәндер ерекше мәнге ие болуда. Өйткені, теориялық және практикалық ұғымдар ғылымның қай саласында болса да тіл арқылы меңгерілетіндігі ешбір талас туғызбайтын ақиқат шындық. Осы орайда, тілдерді оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық қабілеті мен мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай түсу және оның міндеттерін шешу қазіргі кезеңдегі басты мәселелердің бірі. Сондықтан, тек бір ғана тілді оқыту аясында шектеліп қалмай, білім берудің жалпы дидактикалық негіздерін басшылыққа ала отырып, білім алушыларға тілдерді оқыту арқылы танымдық қабілеті мен мәдениетаралық құзыреттілігін арттыру мәселелерін шешу, оның әдіс-тәсілдерін аша түсу өмір қажеттілігінен туындауда.

Білім алушылардың танымдық қабілеті мен мәдениетаралық құзыреттілігін бүгінгі қанат жайып қарыштай дамыған ғылым саласымен ұштасса, ол тек тиісті деңгейде табысқа жетіп, оны біліп қана қоймай, келешекте өрістете түсетіні сөзсіз. Ертеңгі іс бүгіннен бастау алатындықтан, білім алушыны оқи білуге, оқығанын көңілге тоқи білуге қалыптастыру, заңдылықтарды меңгеру мен дағдыларды бойына сіңіру, үйрету – білім беру негіздерін басшылыққа алумен шарттас. Шетел тілін үйрену барысында осы дағдыларды пайдалана

білу білім алушының қабілетіне байланысты. Әдетте, болашақ тұлғаның білімді меңгеруі, өмірді түйсініп түсінуі тану әліппесінен бастап өркендейді. Осы орайда, Мұқағали Мақатаевтың:

Бар кітапқа бас болған,

Әліппе – ғылым атасы.

Әліппеден басталған,


Даналықтың данасы, – деген өлең шумақтары орынды айтылған [3, 296].

Оқу әліппесі сияқты ғылымға бастар жолдың әліппесі жаңа ақпаратты алуға деген қызығушылықтан, оларды тану білудегі танымдық қабілеттен басталады. Демек, оқушыны іздендіруге, өзін-өзі тануға, қоғамдағы қарым-қатынасқа тиісті бағыт-бағдар ұстай білуге үйрету де тіл арқылы жүзеге асатын құбылыс. Сондықтан, шетел тілін меңгеруге ынталандыру білім алушының танымдық қабілеті мен бірлікте шешілетін күрделі мәселе. Қазіргі таңда еліміздегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру басшылыққа алынып отырған кезде, оны игеруге деген қабілет пен қызығушылықты қалыптастырудың тиімді де ортақ жолдарын көрсету қажет.

Мәдениетаралық құзыреттілік – оқып жатқан тіл елінің немесе елдерінің мәдени ерекшеліктері туралы білімін кеңейту, тілдік және тілдік емес іс-әрекетті сол ерекшеліктерге сай қолдана білуін дамыту, өз елі мен оқып жатқан тіл елінің жалпы және жеке мәдени ерекшеліктерін айыра білу. Ал *танымдық қабілет* – білім алушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс. Білім алушының танымдық қабілеті танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен сипатталады. Шетел тілін үйрету үдерісінде білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру, құзыреттілігін және мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру, білім сапасын көтеру мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – ойын технологиясы. Ойын ойнау арқылы білім алушылар:

- өздерін көрсете алады;
- өзара қарым-қатынасқа түседі;
- жеңіске деген ұмтылыстары пайда болады [4, 366].

Бастауыш сынып оқушыларының ең негізгі әрекеті – ойын. Тек дәстүрлі әдіспен білім беру арқылы алға қойған мақсатқа жетіп, қалаған нәтижеге қол жеткізе алмайтындықтан шетел тілін оқыту үдерісінде ойын технологиясын қолданудың маңызы зор. Ойын арқылы қызықсыз да қиын тақырыптарды жеңіл де оңай және барлық оқушыларды қамти отырып, қойылған мақсатқа бір қадам жақындай түсуге болады. Сабақ барысында қолданылатын дидактикалық ойындарды төрт топқа бөлуге болады [5, 4-56].



1. Фонетикалық ойындар

Мақсаты: Оқушыларды ағылшын дыбыстарын еш қиындықсыз дыбыстауға, алфавитті меңгертуге үйрету. «Аралар» ойыны. *Құрал-жабдықтар:* ковбой қалпағын киген ағылшын арасы мен тақия киген қазақ арасының суреті. *Ойын барысы:* Мұғалім екі араны

таныстырады. Ағылшын арасы [ð] деп (тілімізді тістеп «з» деп айту) ызылдайды, ал қазақтың арасы [з]деп ызылдайды. Екі ара бір гүлдің үстінде кездесіп қалып, бір-біріне екі елдің жаңалықтарын айтып жатыр (кезек-кезек [ð], [з]деп айту).

2. Лексикалық ойындар. *Мақсаты:* өткен тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту және бекіту. «Алтыншысын ата» ойыны. *Ойын барысы:* Ойыншылар дөңгелектеніп отырады. Ойынды бастаушы өткен лексика бойынша сөздерді атай бастайды. Мысалы, 5 спорттың түрі, 5 мамандық, 5 мектеп құралдары, 5 жануар т.с.с. Жалғастыруға ұсынған адам 6-шысын атайды. Егер тез айтса, сол адам жүргізуші болады. Біраз ойланып айтса, бұрынғы адам бола береді. Мысалы: a rubber, a desk, a ruler, a chair, a board... (a pen).

3. Грамматикалық ойындар. *Мақсаты:* Грамматикалық тақырыптар бойынша білім, білік, дағдыларын бекіту. «Күн мен түн» ойыны. *Ойын барысы:* Мұғалімнің командасымен «night» деп айтқанда оқушылар көздерін жұмады, ал «day» дегенде тапсырманы орындайды. Мұғалім қазақша айтады, оқушылар ағылшын тіліне аударайды; Мұғалім ағылшын тілінде сөйлем айтады, оқушылар болымсыз түрі мен сұраулы сөйлем жасайды. Мысалы: Т: «мысық», Р: «a cat»; Т: «мысық жақсы көреді», Р: «a cat like»; Т: «мысық доппен ойнағанды жақсы көреді», Р: «a cat likes to play with a ball».

4. Орфографиялық ойындар. *Мақсаты:* сауатты жаза білуге дағдыландыру. «Қуыршақ» ойыны. Құрал-жабдықтар: магнит, әріптер жазылған дөңгелектер. *Ойынның барысы:* Тақтада домалақтардан құралған қуыршақтың суреті бар. Бірінші қуыршақта қысқа сөз жазылған. Әр қуыршақ бір домалаққа артығырақ (домалақтар бос), қатысушылар кезекпен тақтаға шығып ереже бойынша сөз жазады. Ереже: барлық сөздер бірдей әріптен басталу керек. Алдындағы сөзден келесі сөз бір әріпке артығырақ болу керек. Пәнді оқытуда ойын түрінде өткізу, ойын технологияларын пайдалану тұлғаның дамуына әсер етеді, жеке даралықтың пайда болуына жол ашады. Бұл өз кезегінде білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру, белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін аса маңызды. Сыртқы қажеттіліктерден еркін, өзіндік бағалау, ерікті түрдегі әрекет ретінде анықталатын ойын технологиялары тіл білімінде жүзеге асуымен аса құнды. Өйткені, ол шетел тілін үйренумен сәйкес келеді. Егер ол тұлғаның еркін шығармашылығын, еліктеу мен еріктің, ойдың белсенді жұмысын жорамалдамаса, онда ойын өзінің мағынасын жоғалтады.

Ойын әрекеттерінің жүйесін жасау үшін түрлі ойындарды кешенді пайдалану қажет: ойын – жаттығулар, іздестіру ойындары, драмалаушы ойындар және басқалар. Тұлғалық дамуға ойындарды тек кешенді пайдалануда ғана қол жеткізуге болады. Фольклор, ұлттық дәстүрлер мерекесі ретінде қабылданатын театрландырылған қойылымдардың маңызы ерекше [3,316].

Әдебиеттерден ойынды басқару проблемасына бір мағыналы қатынасты таппадық. Ойын еркін әрекет ретінде басқаруды жокқа шығара алмайтындығы туралы дидактиктердің ұстанымдарын құптаймыз. Білім алушыларды тұлғалық дамыту тұрғысында нәтижелі болу үшін ойын стихиялы болмауы тиіс. Педагогикалық басқарудың мәні қатысушылардың, көрермендердің және сарапшылардың ойынға деген дұрыс қатынасын анықтайтын жағдай жасаудан тұрады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса, соғұрлым оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, білім алушылардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойын түрінде өтетін сабақтар білім алушыларды үлкен өмірге дайындайды. Олар үшін тек қандай да бір жағдайда не істеу керектігін жаттап, есіне сақтаудан гөрі іс-жүзінде көріп, өзін рөлге қойып, шешім қабылдау әлдеқайда қызық. Осындай ойын түрлері имитациялық деп аталады. Оқытудың имитациялық түрі арқылы білім алушылардың білім сапасы мен белгілі бір пән немесе тақырып бойынша дайындығын білуге болады [6, 476]. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде көп пайдаланылатын: ойын сабақ, ойын – жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойын есептер, ұлттық

ойындар. Мұндай ойындар білім алушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруге көмектеседі. Оқу үрдісінде кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол – дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңызы білім алушылардың ынта-ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын талап – білім алушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту, мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру [7, 526].

Жалпы ойын білім алушылардың танымдық мүддесінің қалыптасуына жағымды әсер етіп, шетел тілін жақсы игеруіне әсерін тигізеді және олар білім алушының бойындағы дербестік, талапшылдық сияқты қасиеттерді дамытып, ұжымшылдық сезімін тәрбиелейді. Білім алушылар белсене жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп, жолдастарын мұқият тыңдайды; ал мұғалім тек бақылаушы, оқу қызметін басқарушы болады. Ойын әрекетіндегі жүргізуші мұғалімнің рөлі, оның негізгі мәртебесіне байланысты. Ол – әріптес. Сондықтан, қарым-қатынас ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынас арқылы, «субъект – субъектіге» қағидаты бойынша құрылуға тиісті. Егер жүргізуші міндетін оқытушы атқарса, онда ол төмендегі рөлдерде көрінеді: 1) ойын тәртіптері мен ойын әрекеттерін түсіндірумен ғана шектелетін нұсқаушы; 2) білім алушылардың әрекетін бағалайтын, ойын тәртіптерінің сақталуын бақылайтын, ойын әрекетін қадағалайтын төреші – сот; 3) ойын барысында көмек көрсететін, ақыл айтатын, тапсырма беретін жаттықтырушы; 4) ойын қорытындысын шығаратын және үлгіленген жағдайды шынайылықпен жалғастыратын, ойын барысын реттейтін, ойын барысында көңіл бөлетін және қолдайтын жүргізушінің өкілі.

Біз мақаламызда екі тілдің ерекшеліктерін ескере отырып, дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар ұсындық. Білім алушылардың тілді меңгерудегі іс-әрекеттерін белгілі бір іскерліктері мен дағдыларын дамыту, мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру үшін ойынды қолдану ерекшеліктері ескеріліп, білім алушылармен тиімді жұмыс жүргізілді. Білім алушыларды топқа бөле отырып, берілген тапсырмаларды жарыса орындауға, қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Танысу тақырыбында қатысушыларды айнала шеңбер түрінде отырғызып, «Interesting name» атты тақырыппен сұхбат алу ойыны. Бұл ойынның мақсаты – қатысушы өзін таныстыру және өз есімін түсіндіріп өту. Оқытушы білім алушыға өзінің атын қызықты, ерекше, есте қаларлықтай түсіндіріп өтуді тапсырады. «Interview» жұппен жұмыс жасау керек. Оқытушы қатысушыларға өзінің жұбын табуды ұсынады. Таңдаған жұбын жақсы тану үшін одан сұхбат алу қажет. Сосын сұхбат алушы сұхбат алған адамының не туралы айтқанын топқа түсіндіреді. Топтың әр адамы сол жұптардың ұқсастығы жайлы бір-біріне түсіндіреді. Мысалы, шашының түсін, бет әлпетінің т.б. сияқты ұқсастықтарын айтады. Осы тәсіл білім алушының еркін ойын жеткізуге, сөздік қорды байытуға көмектеседі деп ойлаймыз. Өткізілген сабақтардың бірінде студенттерді 1-2 санау арқылы екі топқа бөліп, қазақ және ағылшын наным-сенімдеріне байланысты дайындалған мәтін таратылады (1-топқа 1-мәтін, 2-топқа 2-мәтін). Бірінші этапта қатысушылар мәтінмен танысады. Әр топ өз қатысушыларымен мәтіндегі негізгі мағынасын, неге көңіл аудару керектігін бірлесе отырып ақылдасады. Ал түсінбеген жолдары болса оқытушыдан сұрауға мүмкіндіктері бар. Келесі этапта 1-топтағы білім алушылар 2-топтағы білім алушылармен бірігіп жұп құрайды. Содан соң жұптасу арқылы өз мәтініндегі наным-сенімдер туралы түсінгенін бір-біріне айтады. Осы орайда, әр қатысушы мәтінді кең көлемде түсінеді. Ал оқытушы сұрақ қою мен суреттер көрсету арқылы студенттердің екі елдің наным-сенімдері бойынша алған білімдерін тексере алады.

Сабақта ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттердің мәдениеті мен өз елінің мәдениетімен қатар қарастыру білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда, танымдық қабілеттерін арттыруда қолданылған ойындардың бірі «Holidays...», «Just the facts». «Holidays...» ойынында – Ұлыбритания мен Қазақстанның мерекелері жайлы қысқаша мәлімет беріледі. Осы тақырыптарды өту барысында ағылшын тілінде мерекелерге байланысты бейне фильмдер көрсетіліп, оларды талдау, біздің елімізде

тойланатын мерекелермен салыстыру. Осы тақырыптарға байланысты білім алушыларға түрлі түсті тәттілер ұсынылады, таңдаған тәттілерінің түсіне қарай 3 топқа бөлінеді және түсіне қарай тапсырмаларын алады. Үш топқа үш түрлі тапсырма: 1) мереке жайлы диалог құру; 2) мереке туралы қысқа қойылым қою; 3) Венн диаграммасы арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; Соңында елтану тестін жүргізу арқылы сабақты қорытындылауға болады.

«Just the facts». Оқытушы тақтаға 3 сұрақ жазады, мысалы: What kind of music do you like? Where do you usually listen to music? Who is your favourite singer? Әрбір студент 3 үлестірмелі қағаздан алып, оның әрқайсысына, әр сұраққа жауап жазады. Оқытушы барлық қағаздарды жинап алып, араластырады да, әр студентке 3-3-тен таратады. Кезекпен студент тақтаға шығып қолындағы карточкада жазылған сөздерді сипаттайды, ал қалған студенттер сипатталуына қарай сұрақтың жауабын табады. Барлық карточкалардың жауабын тапқанда ойын аяқталады. Жалпы мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда, танымдық қабілеттерді арттыруда ойындардың рөлі ерекше. Себебі ойын білім алушының бір-бірімен, оқытушымен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын тудыру арқылы оқытушы мен білім алушының арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Елбасының жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – 2007. 28-ақпан.
2. Құнанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы. – 2010.
3. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні // Қазақстан мектебі. – 2001. ж №1.
4. Қарашева Т. Студенттерге шет тілін үйрету үрдісінде мәдениетаралық құзырлықты қалыптастыру. – А.: Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2011. – № 4.
5. Нұртаза А.Ш. Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2014. – 4 (60).
6. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. – 2005.
7. Тоқсанбаева Н.Қ. Танымдық іс-әрекетке кіріспе. Оқу құралы. – Алматы. – 2007.

Резюме

Эффективность использования игровых технологий в процессе обучения иностранному языку

А.Т. Ережепова, преподаватель иностранного языка
(г. Алматы, Алматинский индустриальный колледж)

Данная статья рассматривает использование игровой технологии для формирования межкультурной компетенции студентов и их когнитивных навыков в процессе обучения иностранного языка. Предмет в языковой сфере имеют особенный смысл в развитии когнитивных навыков и формирований межкультурной компетентности влиял на гуманное и гуманитарное развитие личности в процессе обучения иностранного языка. Использование игровой технологий в процессе обучение языков – одно из эффективных путей в развитии когнитивных навыков и формирований межкультурной компетентности. Игровые элементы помогают студентам устранить в себе неуверенности. С помощью игры студенты усваивают следующие элементы как начать разговор, перебивать его, высказывать свое мнение, ставить вопросы и т.д. Этот метод имеет некоторые особенности, ее системность и цельность может повлиять на качество преподавания, проконтролировать и оценить знания студента, определить формирование знаний студентов и возможности совершенствований знаний. Это одна из актуальных проблем в педагогике. Также игровые технологии предоставляют нам

возможность облегчить процесс обучения. Данная статья рассматривает объяснения когнитивных навыков, межкультурной компетентности и игровой технологий.

Ключевые слова: игровая технология, межкультурной компетенция, когнитивные навыки, процесс обучения

Summary

The effectiveness of usage game technology in the process of teaching a foreign language

Erezhepova A.T., English language teacher

(Almaty industrial college)

This article considers the usage of game technology to improving students' intercultural competence and cognitive skills in the process of learning a foreign language. It is one of the topical problems of pedagogical science. Subjects concerning to a language which taught at school to create students' cognitive skills and intercultural competence to formulate human and humanitarian skills of future identity in the process of teaching a foreign language. One of the most effective way to improve students' cognitive skills and intercultural competence in the process of learning a language is – game technology. This method has some peculiarities, with its systematic and focus on the quality of teaching, show the students' knowledge and qualification clear and exactly, easy to evaluate, direct to determine the students' intercultural competence formation and future development opportunity. Game technology helps to make away with uncertainty and incertitude. With the help of game students can give their own opinion, own ideas, to prove his judgement, to have own point of view, put a questions and share impressions. In addition, game technology give us opportunity to make easier teaching process. In this article given description and concrete information about cognitive skills, intercultural competence and game technology.

Key words: game technology, intercultural competence, cognitive skill, teaching process.

МРНТИ 16.21.21

Д.Ф.Нурмухамедова, И.Э.Буриев

(Узбекистан, Гулистанский государственный университет)

ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС

Аннотация

Одним из главных направлений процессом информатизации современного общества становится информатизация образования, обеспечивающая широкое внедрение в практику психолого-педагогических разработок, направленных на интенсификацию процесса обучения, реализацию идей развивающего обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса, обеспечивающих переход от механического усвоения фактологических знаний к овладению умением самостоятельно приобретать новые знания. В целях совершенствования образования в высших учебных заведениях требуются новые формы педагогических коммуникаций, переработка структурирования информации, управления учебной деятельностью.

Ключевые слова: информатизация, технология, интенсификация, эффективность, учебный материал, компьютерная программа.

Технологический прогресс сегодня является наиболее значительным компонентом, способным реагировать на социальные процессы. Улучшение технологий педагогического образования – это условие для формирования культурного сознания общества и его экономического благосостояния. Технологии обучения формируют деятельную основу образования, обеспечивают перенос знаний в сферу труда, формируют сознательность педагога, влияют на его целеустремленность и жизненную стратегию. Технологии

профессионального обучения создают социокультурное пространство, в котором формируются личность, дисциплина, воля и интерес к специальности. Образовательные технологии, нацеленные на удовлетворение всесторонних требований к специалисту, направлены на практическую реализацию психолого-педагогических условий, оптимально адаптированных к взаимодействию педагога и обучающихся [1].

Ведется разработка новых учебных планов, программ, учебников. Из года в год растет арсенал технических средств обучения, в том числе и персональных компьютеров. Сегодня во всех областях науки и техники применение компьютера стало неотъемлемой частью технического прогресса. Компьютеры дают возможность использовать в учебном процессе уже имеющиеся обучающие системы, создавать на их основе новые собственные программы, внедрять совершенные автоматизированные системы обучения. Учебные материалы должны соответствовать программе, помочь обучающимся получить знания, указанные в Программе, формы заданий должны служить для формирования и развития речевых навыков, умений на их основе. Учебные материалы, готовящиеся для компьютеров, должны четко определять конкретную учебную цель, которая сообщается студентам, чтобы при работе с ними у них возник интерес к знаниям, и концентрировалось внимание. Использование учебных материалов с применением компьютеров относят многие развивающие этапы на особые моменты, которые возможно только при работе каждого студента в интерактивном режиме.

В частности, для достижения положительного эффекта от применения информационных технологий необходимо соблюдение определенных условий. Каждый предмет программы вуза имеет свои организационно-методические и содержательные особенности, соответствие с которыми должен быть выбран процесс «включения» в него информационных технологий. Компьютер позволяет каждому студенту выбрать наиболее подходящий темп обучения, т.е. можно сделать возможным индивидуализированное обучение. Каждый студент занимается по-своему, наиболее удобным для него темпе, работая с материалом, наиболее подходящий к его способностям и уровню знаний. Проблема использования компьютеров в процессе обучения русскому языку, является достаточно новой. На основе компьютеризации учебного процесса развиваются новые формы и методы обучения: изменяется сложившаяся технология. Внедрение новых информационных технологий в учебный процесс ставит задачу введения новой педагогической технологии обучения русскому языку, использующей разнообразные возможности этих средств. В дополнении к их потенциальным возможностям как средств обучения компьютеры сами должны стать важным объектом изучения. Понимание их возможностей и ограничений необходимо каждому образованному человеку. Компьютер – это инструмент, но от всех других инструментов он отличается тем, что он перерабатывает информацию и может быть запрограммирован на выполнение множества работ. Компьютер может быть использован для создания оригинальных рассказов, для изучения сложных взаимосвязей в области русского языка. Степень влияния компьютеров на обучающегося зависит от того, как обучающийся их использует. Компьютеры открывают новые пути в развитии навыков мышления и умения решать проблемы, предоставляют новые возможности для активного обучения.

На сегодняшний день задача создания эффективных обучающих и контролирующих программ является наиболее проблемной, так как для ее решения требуется объединение усилий специалистов по различным отраслям знаний: учителей, программистов, методистов, дизайнеров и т.п. Компьютер целесообразно использовать в качестве средства эффективного обучения для формирования навыков интенсивного мышления обучающихся. Выполнение различных заданий по русскому языку вне русской аудитории всегда должно сопровождаться разбором под руководством преподавателя, что является необходимым обстоятельством для укрепления знаний студентов. Важно чтобы программное обеспечение по развитию речи русского языка позволяло сделать процесс обучения ярким, интересным, доступным. Использование средств мультимедии позволяет преподавателю контролировать процесс обучения. Знания оказываются более прочными, если в процессе обучения студенты

приобретают полезные компьютерные навыки. Преимущество компьютера состоит в том, что их можно запрограммировать так, чтобы они реагировали на действия обучаемого.

В настоящее время не вызывает сомнения тот факт, что орфографические навыки являются более прочными в том случае, если они формируются на основе развития речи обучающихся, в едином речевом потоке. Отсюда одна из важных задач обучения русской орфографии в вузе заключается в определении объема и содержания подлежащего усвоению орфографического материала, определение его роли и место в учебном процессе, форм и видов связи с другими аспектами языка, а также с работой по развитию русской устной и письменной речи студентов национальных групп. Поэтому преподаватель русского языка должен, прежде всего, научить студентов правильному говорению. Чтобы обучающиеся были грамотными, они должны сначала усвоить и запомнить все орфографические правила, при изучении которого студенты испытывают большие трудности. Если обучающиеся хорошо усвоят эти правила, то они будут правильно произносить слова. Для решения этой проблемы необходимо внедрить в процесс обучения компьютеры, которые коренным образом изменят характер педагогической деятельности. Обучение с помощью компьютеров может превысить эффективность обучения.

Конечно, здесь очень важно предусмотреть индивидуальный подход к обучению обучающихся. Необходимо иметь сведения об исходном уровне знаний, умения и навыков обучающихся. Преподавателю-словеснику необходимо разработать методику изучения новой темы, определить место и роль компьютеров в учебно-воспитательном процессе. Компьютеры можно использовать на разных этапах занятия: в организационном моменте, при проверке домашнего задания, при объяснении и закреплении новой темы, при самостоятельной работе. При этом преподаватель должен тщательно отобрать материал для самостоятельной работы обучающихся, придумать способы организации этой работы, создать научно-методический аппарат составления эффективных обучающих программ. Необходимо усилить работу по самостоятельному применению правил. Например: при самостоятельной работе обучающийся с компьютером, где автоматизировано контролируются умения и навыки обучающихся, определяется уровень их знаний. Это освобождает преподавателя от выполнения огромной работы ежедневного контроля, устраняет субъективность в оценке знаний обучающихся, дает простор для проявления творческих способностей обучающихся. Имеется возможность получить дополнительную информацию через Интернет. Задача преподавателя-словесника при этом сводится к определению наиболее целесообразной части знаний, предназначенной для самостоятельной работы, и подлежащих контролю умений и навыков. Через компьютер студент может получить дополнительную информацию к полученным на занятии новым знаниям [2].

Компьютеры являются очень эффективной поддержкой при обучении и приобретении знаний в вузе, при использовании их в качестве инструментов познания для отражения того, что студенты выучили и что они знают. Вместо того чтобы использовать возможности компьютерных технологий для распространения информации, компьютеры должны использоваться во всех областях знаний в качестве инструментов, помогающих обучаемым вдумчиво и критически осмысливать представления, которые они изучают. Использование компьютера в качестве средства обучения путем применения прикладных программ в качестве формализма представления знаний способствует более быстрому и более полному усвоению материала, чем при использовании всех имеющихся в настоящее время обучающих компьютерных программ.

Список литературы

1. Азизходжаева Н. Н. Педагогические технологии и педагогическое мастерство. – Т., 2005. – С. 77.
2. Раджабова Л. Р. Использование компьютера в преподавании русского языка // Преподавание языка и литературы. – 1999. – № 3. – С. 70.

Түйіндеме

Оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу

Нурмухамедова Д.Ф., Буриев И.Э.

(Өзбекстан, Гүлістан мемлекеттік университеті)

Заманауи қоғамды ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыттарының бірі – оқу-жаттығу үдерісін қарқындатуға бағытталған психологиялық-педагогикалық зерттеулер практикасына енгізуді қамтамасыз ету, білім жүйесін ақпараттандыру, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыру, білім беру үрдісін ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіру, нақты білім механикалық меңгеруге көшуді қамтамасыз ету, дербес, жаңа білім алуға мүмкіндігі.

Түйін сөздер: ақпараттандыру, технология, жеделдету, тиімділік, оқу материалы, компьютерлік бағдарлама.

Summary

Nurmuhamedova D.F., Buriev I.E.

(Uzbekistan, Gulistan State University)

Introduction of new information technologies in the educational process

One of the main directions of the process of informatization of modern society is the informatization of education, which provides a broad introduction to the practice of psychopedagogical research aimed at the intensification of the training process, the implementation of the ideas of developmental education, improvement of forms and methods of organization of educational process, ensuring the transition from mechanical assimilation of factual knowledge to master the ability to independently acquire new knowledge.

Keywords: informatization, technology, intensification, effectiveness, teaching material, computer program.

МРНТИ 17.07.31

Б.Т.Уразов, оқытушы

(Өзбекстан Республикасы Гүлістан мемлекеттік университеті)

МЕКЕМБАЙ ОМАРОВТЫҢ «ТҮРКІСТАН» ПОЭМАСЫН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҮЙРЕНУ

Аңдатпа

Өркениетті елдер қатарына қосылу үшін тек экономикалық, ғылыми, мәдени жағдайды жақсартумен шектелуге болмайды. Ұлы мемлекетке айналу үшін қоғамдық руханиятты да дамыту керек. Рухани жетілудің маңызды белгісі – отансүйгіштік. Көпұлтты Өзбекстанда жасайтын әрбір адамның отансүйгіштік рухын қалыптастыру олардың ұлттық сана-сезімін, ұлттық мақтанышын, ұлттық парызын, ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын үйренуіне жағдай жасау арқылы жүргізілуі тәуелсіздік жағдайында аса маңызды деп есептейміз.

Түйін сөздер: руханият, салт-дәстүрлер, ана тілі, салыстыру, көркемдік көзқарастар.

Өзбекстан Республикасында жергілікті қазақ балаларына өз ана тілінде білім беретін мектептердің саны 400-ден астам. Бұл мектептердің оқушылары өздерінің ана тілінде білім алуынан, өздері туып-өскен елінің тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын өз тілінде үйреніп отырғанынан мақтанышта. Отанын мадақтайтын әрқандай мағлұматты ана тілінде үйренген оқушы Отанына да, ана тіліне аса құрметпен қарайды. Бұл оқушы келешекте Отанына адал қызмет ететін, ана тілін ардақтайтын, елін-жұртын қастерлейтін болып ер жетеді. Оқушылардың бойында отансүйгіштік сана мен сезімді қалыптастыруда өзбекстандық қазақ қаламгерлері Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов, Тұрап Айдаров, Мекембай Омаров, Бердібек Тұрғынбаев, Лала Жүнісқызы, Айтуар Сабыров,

Боран Қыдыров, Ақшагүл Төлегеновалардың Отан, туған ел, достық тақырыптарындағы шығармаларының мүмкіндіктері орасан зор. Себебі ана тілінде өзінің жерлестері жазған тәлімдік-тәрбиелік көркем шығармалар оқушылардың білімдерін жетілдіріп қана қоймастан, олардың Отанына махаббатын, ана тіліне құрметін, келешегіне сенімін арттырады. Бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың өз келешегіне сеніммен қарауына кепілдік береді. Келешегіне сенген ұрпақ Отанына адал болары сөзсіз.

Бұл ақын-жазушылардың шығармаларын сабақта және сабақтан тыс уақытта технологиялық тұрғыдан үйретсек, оқушылардың шығармаларды үйренуге қызығуы артады, шығарманың мән-мазмұнын толық түсініп алуына көмектеседі, танымдық белсенділігін арттырады, оқушылардың бойында рухани-адамгершілік сапалардың қалыптасуына әсер етеді. Осы мақсатта өзбекстандық қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын технологиялық тұрғыдан үйрену бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізудеміз. Ташкент қаласы, Бектемір ауданындағы 290-мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Салиха Досымбетованың 8-сыныпта Мекембай Омаровтың «Түркістан» поэмасын өту тәжірибесін көреміз. Тақырыпты бастамастан алдын Салиха апай Мекембай Омаровпен кездесіп, «Түркістан» поэмасының жазылу тарихын сұрағанын айтып берді. Ақын Ташкент облысының Аққорған ауданындағы «Қаңқа» деп аталатын төбеге шыққанда бүкіл денесінде діріл пайда болады. Бұл төбенің ежелде қаңлылардың астанасы болғаны есіне түсіп, бұл жермен байланысты тарихи оқиғалар көз алдына келеді. Поэманың жазылуына осы тарихи Қаңқа төбе себепші болған екен. Тақырыпты түсіндіруде оқытушының тың мәліметтер, фактілер қосып айтуы поэманың мазмұнын тереңдетіп, оның сипатын қызықты ете түсті. Осыдан кейін оқушыларда поэманы үйренуге ерекше қызығу пайда болды. Тақырыпты түсіндіріп болғаннан кейін олар көптеген сұрақтар қойды.

«Танымдық қызметті марапаттауда оқытушының оқушыларды үйреніп жатқан тақырыптағы қисын мен бірізділікті аңғаруға, ондағы негізгі және көптеген маңызды ережелерді ажыратуға үйрететін, оқушылардың пікірлеу қызметін жетілдіретін *салыстыру* тәсілін пайдалануы алдыңғы үйренілгендерімен жаңа фактілерді салыстыруға мәжбүр етуші тәсіл ретінде жақсы нәтиже көрсетуін» [1] есепке алып, оқытушы тақырыпты бекіту кезінде «*Категориялау кестесінен*» пайдаланды. Мұндағы мақсат алдыңғы сабақтарда үйренген Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» поэмасы мен бүгін үйреніліп жатқан Мекембай Омаровтың «Түркістан» поэмасының мазмұнын салыстыру болды.

Поэмаларды салыстыру

Поэманың аты және авторы	Поэманың ортасында кім яки не тұрады?	Поэманың мәні неде?	Поэманың тәрбиелік мәні неде?
Мағжан Жұмабаев «Түркістан»			
Мекембай Омаров «Түркістан»			

«Категориялау кестесін» толтырудан бұрын оқушыларды екі топқа бөлді. Бірінші топ «**Мағжан**», екінші топ «**Мекембай**» деп аталды. «Мағжан» тобындағы оқушылар бірінші қатарды, «Мекембай» тобындағы оқушылар екінші қатарды толтырды. Мұнда олар алдыңғы алған білімдеріне сүйеніп, қиналмай жазды. Екі топтың оқушылары жазғандарын презентация жасады. Бірінші топ «*Поэманың ортасында Түркістан өлкесінің әлемге әйгілі тарихы, ұлы тарихи тұлғалары тұрғанын*» көрсетіп берді, олардың аттарын атады. Екінші топ «*Поэманың мәні Түркістан өлкесінің тарихын көркемдеп бейнелеу, оған өздерінің қатынастарын білдіру екендігін*» түсіндірді. Поэманың тәрбиелік мәнін екі топ бірлесіп былайша көрсетіп берді: «*Мағжан Жұмабаев Түркістан өлкесін тұтас Тұран деп көрсетеді. Мекембай Омаров Түркістанның ержүрек, асыл перзенттерін мақтанышымен тілге алады. Олардан өрнек алуға шақырады*». Бұлай оқыту оқушылардың белсенділігін арттырумен бірге, олардың өз бетінше ойлауларына, дербес пікір айтуларына көмектеседі. Сондай-ақ, өзбекстандық қазақ қаламгерлерінің шығармалары арқылы өздері туып-өскен еліне сүйіспеншілік сезімі артады. Қорыта айтар болсақ, бұл сабақтан оқушылардың көркемдік

көзқарастары жетілді, Түркістан өлкесінің тұтастығын сезінді, оның тарихынан тағы да бір тағылымдық мәліметтер алды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Калдибекова А.С., Ходжаев Б. Х. Ўқувчиларининг билиш фаоллигини ошириш йўллари – Т.: Низомий номидаги ТДПУ. – 2006. – 37 б.
2. Абдувалитов Е., Досымбетова С., Бектаев А. Әдебиет / Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық-хрестоматия – Т.: «Ўқитувчи», 2006. – 327 бет.
3. Альджанова И. Қозоқ адабиётини ўрганиш жараёнида ўқувчиларни би-лишга кизиқишларини фаоллаштириш / Личностно-ориентированное обучение и воспитание на современном этапе (содержание, формы, ме-тоды). Сб.науч-метод.статей в 18 частях., –Т.: 2008, ч.17. – с.118-121
4. Калдибекова А.С., Ходжаев Б.Х. Ўқувчиларининг билиш фаоллигини ошириш йўллари – Т.: Низомий номидаги ТДПУ. – 2006. – 37 б.

Резюме

Уразов Б.Т., учитель

(Узбекистан, Государственный университет Гулистан)

Технологическое изучение поэмы Мекембая Омарова «Туркестан»

Чтобы вступить в ряды цивилизованных стран, недостаточно ограничиться улучшением экономических, научных, культурных состояний страны. Достоянием общественности является развитие духовности в государстве. Патриотизм – важный признак созревания духа. В многонациональном Узбекистане очень важно создать условия для формирования духа патриотизма каждого человека, чувство национальной идентичности, национальной гордости, национального долга, национальные традиции и обычаи, чтобы привыкнуть к условиям независимости.

Ключевые слова: духовность, традиция, родной язык, сравнение, художественный подход.

Summary

Urazov B. T., teacher

(Uzbekistan, Gulistan State University)

Technological study of poem of Mekembay Omarov «Turkestan»

To join the ranks of civilized countries, it is not enough to confine the improvement of economic, scientific, cultural state of the country. The public domain is the development of spirituality in the state. Patriotism - is an important sign of the maturation of the spirit. It is very important to create conditions for the formation of the spirit of each person's patriotism, a sense of national identity, national pride, national debt, national traditions and customs to get used to the independence criteria in a multinational Uzbekistan.

Keywords: spirituality, tradition, native language, comparison, artistic approach.

МРНТИ 17.07.31

Г.Ж.Халық, ағылшын тілі пәнінің магистр-оқытушысы

(Алматы қ., Физика-Математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік Мектебі)

ІЛІМДІК КОМИКСТЕР

Аңдатпа

Ілімдік комикстер Абайдың қара сөздерін жас оқырманға қазіргі заманауи оқыту технологиясын қолдана отырып, ғұлама ақынның философиялық идеясын оқып зерделеуді

графикалық новелла форматында жеткізу, ағылшын тілін меңгеруді ұлттық идеямен, құндылықтармен байланыстыру мақсатында пайда болды. Комикс – күлкілі деген мағына береді және комикс жанры ұзақ немесе қысқа болуы мүмкін. Абай Құнанбаевтың 45 қара сөзінің барлығы комикс форматына келе бермейді.

Түйін сөздер: комикс жанры, қара сөздер, оқыту әдісі, танымдық және коммуникативтік құзыреттілік, семантикалық ерекшеліктер.

Ілімдік комикстер топтамасына ақынның төрт қара сөзі таңдап алынды: Он бесінші сөз, Он жетінші сөз, Он сегізінші сөз және Жиырма бірінші сөз. Негізгі міндет зияткерлік мектептегі оқу бағдарламасы көздеген оқушылардың нақты оқу мақсаттарына қол жеткізуін жүзеге асыра отырып:

- үш тілде білім беру,
- «100 кітап оқу» бағдарламасы,
- оқыту барысында сандық және медиа технологияны пайдалану,
- сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту,
- орындалған іске рефлексия жасау үрдісінен шыға білу еді.

Жоғарыда аталған міндеттерге қол жеткізу үшін оқыту әдісін түрлендіру абзал. Тілге үйретудің алғышарттарының бірі оқушылардың танымдық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру болса, тілдік бірліктерді үйрете отырып, мәтінмен жұмыс жасау осы талапты орындауға көмегін тигізетін әдіс. Осы орайда, Абай Құнанбаевтың қара сөздері оқушының білімін дамытуға лайық академиялық мәтін үлгісі ретінде алынып, оқушыларды шет тіліне үйретуде оқыту дағдысын дамытып, оқылым барысында түпнұсқа тіл мен екінші тілдің лингвистикалық өзгешеліктері мен семантикалық ерекшеліктерін салыстыра қабылдауға, әрі пәнаралық байланыс жасауға көмегі орасан.




Мәселен, Абай Он бесінші қара сөзінде «ақылды» адам мен «ақымақ» адамның арасындағы айырмашылыққа талдау жасайды. Он бесінші қара сөзді ағылшын тілінде оқыту мақсатымен және оқушылардың тілге қызығушылығын арттыру үшін тартымды суреттер қолданылып, <http://www.makebeliefscomics.com> сайтының көмегімен комикс стрип жасалынды. Комикстегі мәтінді талдауға тілдік дағдыларға дамытушы жаттығулар құрастырылды. Мәселен, мәтіналды оқу тапсырмасына оқушылардың интеллект және көп түрлі интеллект туралы не білетіндігін айқындау мақсатымен сұрақтар қойылып, шағын талдау, өзара пікір алмасу жүреді. Мысалы,

BEFORE READING. Discuss in your group

- 1) What is intelligence? What is human intelligence?
- 2) What do you know about Multiple Intelligence?

Оқушылар қара сөзді оқымас бұрын осы сұрақтарға жауап іздеп, топтық немесе жұптық жұмыс жасайды немесе түрлі ментальдық карталар жасауға болады. Мәтіннің жаңа сөздерімен танысады. Сонан соң оқуға кіріседі.


WORD 15




Мәтін оқылымынан кейін оған байланысты сұрақтар талқыланады. Сұрақтар түрі мәтіннің мән мағынасын түсінуге жетелейді.

Task 1. Discuss the questions with your peers:

- 1) What types of people does Abai describe in Word 15?
- 2) How does Abai characterise the difference between an intelligent and a 'stupid' person?



- 3) In this Word, Abai teaches us to reflect. What is the significance of reflection?
- 4) Why is it important to reflect every day, every week or once a month?
- 5) How often do you reflect? What do you usually reflect on?
- 6) How do reflections at the lessons help you? Give examples.



Мәтіндегі күрделі сөздердің синонимдері мен түсіндірмесі және аудармасын есте сақтау үшін төмендегі кестенің тапсырмасын орындау ұсынылады.

Task 2 – Categorise the words from Word 15 into Parts of Speech. Some examples have been done for you.

Personality adjectives	Nouns Abstract/Object	Verbs	Adverbs
sensible	sense	attract	steadfastly

Мәтіндегі сөз таптарын берілген кестеге топтау жұмысы қара сөздегі қолданылған сөз формасын түсінуге және жаңа сөйлем құрастыруға жәрдемдеседі. Өйткені аударма мәтіндегі кейбір есім сөздер, «frivolous», «futile», «fascinating», «restraint», «bridle» тағы басқалары оқушының жаңадан кездестірген сөздері. Осыған орай мәтіндегі күрделі сөздермен жұмыс жасау тілдік дағдыға оқытудың бөлінбес кезеңі.

Қазіргі заманғы педагогикада *рефлексия* мәселесі сабақтың маңызды бөлігі болып табылады. Stella Cottrell (2010), бұл жөнінде « Reflection is a type of thinking. It is associated with deep thought aimed at better understanding. It includes a mixture of elements, such as: making sense of experience, repetition, deeper honesty, 'weighing up', clarity, understanding and making judgements» деген түсініктеме береді. Ал, Абай атамыз «*рефлексия*» жөнінде 1894 жылы Он

бесінші қара сөзінде айтып кеткен екен. Сөз болып отырған мәтіннің қорытынды бөлімінде Абай оқырманға «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» дейді. Дәл осы параграфты оқушыларға аудармаға беруге болады. Мұндағы мақсат рефлексия жасаудың ана тіліміздегі бұған дейінгі үлгісін көрсету болмақ. Сонымен бірге, аударманың дұрыс бұрыстығын түпнұсқа үлгімен салыстыру ұсынылады және оқушы екі тілдегі тілдік ерекшеліктерді байқайды.

«If you wish to be counted among the intelligent, then ask yourself once a day, once a week, or at least once a month: «How do I live? Have I done anything to improve my learning, my worldly life or my life hereafter? Will I have to swallow the bitter dregs of regret later on?» Or perhaps you don't know or remember how you have lived and why?»

Зияткерлік мектеп оқушылары сабақ соңында міндетті түрде кері байланыс пен рефлексия жасайды. Оқушының зердесіне Абайдың қара сөзіндегі рефлексия мен қазіргі заманғы рефлексия жолдарын салыстыруды төмендегі тапсырмамен байланыстыруға болады.

Task 3. *Abai describes the intelligent person and underlines that: “A sensible man will interest himself in worthy and serious matters, he will steadfastly pursue his objectives”. How persistent are you in steadfastly achieving your objectives? Reflect on this. (Stella Cottrell, 2010).* Бұл рефлексиялық үлгіде оқушының білім алу барысында жеңіл тапсырма орындауға емес, сыни тұрғыдан ойлауға, интеллекті дамытуға жетелейтін тапсырмаларды орындау дағдысын қалыптастыру көзделеді.

REFLECTION

COMPLEXITY

- What kind of complex, skilled, multi-layered or multi – sequenced activities do you enjoy?
- What kind of complicated tasks do you avoid?
- What makes you seek out, enjoy one kind of complexity, and avoid others?

Оқушылардың мәтіндегі тілдік бірліктерді және оның мағынасын түсіну олардың қызығушылықтары мен бейімдеріне қарай түрлі болады. Сондықтан, оларға жеке жұмыс жасауға, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға қолдау болар тапсырма жүктеген абзал. Мысалы, Он бесінші сөзге тақырып ойластыру немесе осы қара сөздің негізінде берілген сайттарды қолдана отырып оқушының өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырма, яғни осы тақырыпқа басқа комикс құрастыру жұмысы тапсырылады. Бұл тапсырма арқылы оқушының қара сөзді түсінуі мен жұмыс нәтижесін анықтау көзделеді.

Task 4. *Word 15 does not have a title; come up with a title for this comic strip.*

Task 5. *How would you draw the characters in Word 15? Create your own version of this comic and send to your friends, teachers and parents. You may use any of the following:*

<http://www.makebeliefscomics.com>

www.pixton.com

www.bitstrips.com

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің (Он бесінші сөз, Он жетінші сөз, Он сегізінші сөз, Жиырма бірінші сөз) көмегі арқылы оқушыларды суреттер арқылы қызықтыра отырып, оларды дұрыс түсінуіне көмектесу, оқушылардың арт-дизайн тұрғысынан ойлау және сандық жазу қабілетін, әртүрлі тапсырмаларды орындату арқылы сөйлеу тілін дамыту міндетін жүзеге асыруға, тілдерді салыстыра оқуға болатындығын атап өтуге болады. Сонымен бірге, комикс топтамасын ағылшын тілін үйренуде кездесетін түрлі тақырыптарды оқыған кезде бастауыш мектеп пен орта білім беру мектептерінде, жоғары оқу орындарының студенттері де қосымша немесе практикалық құрал ретінде пайдалана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Abai. Book of Wisdom Words. Semey, 2005
2. Stella Cottrell (2010) 188-190 бб, Skills for Success, Personal Development and Employability. Palgrave Macmillan
3. [Http://www.makebeliefscomics.com](http://www.makebeliefscomics.com)
4. [Www.pixton.com](http://www.pixton.com)
5. www.bitstrips.com

Резюме

Г. Халык, магистр п.н.,

(г. Алматы, ФМ Назарбаев Интеллектуальная школа, Филиал АОО «НИШ»)

Обучающие комиксы

Обучающие комиксы основанные на произведениях Абая Кунанбаева «Слова назидания» была создана для удовлетворения образовательных потребностей студентов с целью расширения возможности политики трехязычия. Виды заданий и упражнений помогут обогатить опыт чтения обучающихся и познакомить их с концепцией рефлексий. Комиксы ознакомляет юного читателя с новым графическим форматом, отражая национальные и духовные ценности.

Ключевые слова: графическая новелла, слова назидания, обучающий метод, когнитивная и коммуникативная компетенция, рефлексия, семантические особенности.

Summary

Educational comics

G. Khalyk, *Masters of Science in Education*

(*Almaty c., Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics The branch of AEO «NIS»*)

Educational comics based on Abai's «Words of wisdom» has been created to meet the diverse needs of the students and to engage them into various types of challenging learning activities in the context of using three languages. The tasks and exercises will enrich learners' reading experiences and teach them to the concept of reflection. The comic strips also introduces the young reader with national and world values in a new graphical format.

Keywords: graphic novels, the words of wisdom, teaching strategy, cognitive and communicative competence, reflection, semantic features.

MPHTI 16.21.21

Y.Yaylaci, *MSc., Senior Lecturer,*

(*Almaty obl., Kaskelen c., Suleyman Demirel University*)

«PROJECT-BASED APPROACH TO LANGUAGE TEACHING» IN THE CONTEXT OF MULTILINGUAL EDUCATION

Abstract

Multilingual education is a paramount component of recent educational reforms in Kazakhstan. The roles of the English language teaching and higher educational institutions in promoting the internationalization of the education system by means of a trilingual policy in Kazakhstan are crucial. This paper promotes the efforts to seek possibilities for implementing a project-based approach to language teaching in order to contribute to the success of the trilingual policy of education in Kazakhstan.

Keywords: project-based language learning, multilingual, trilingual, educational policy, real-life skills, critical thinking.

Recent educational reforms in Kazakhstan involve a trilingual policy, which has attracted the attention of international and national scholars, educational managers, researchers, practitioners as well as parents and the other stakeholders. Aims of these reforms are probably clear to the public since they are well articulated [1] in the strategic plans and the official rhetoric. State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 sets primary goals as the integration into the international community of modern systems of world quality standards [2]. Investigating best practices around the world to make best possible decisions in local educational institutions to align with the aims stated in the strategic plans is naturally a task for all educators and educational administrators. The roles of the English language teaching and higher educational institutions in the internationalization of the education system in Kazakhstan are crucial. Therefore, the competent teacher training staff of pedagogy and methodology departments of foreign language teaching in universities would be the driving force to contribute to the success of the trilingual policy if their voice could be heard. These educators and researchers, who are aware of the latest trends and best practices of language teaching, would certainly be familiar with a project-based approach (PBL) to education as well as the ‘content and language integrated learning (CLIL)’. This paper promotes the efforts to seek possibilities for implementing a project-based approach to language teaching in order to contribute to the success of the trilingual policy of education in Kazakhstan.

Kazakhstan has long had an established bilingual system of education. The state policies allowed for education in the mediums of Russian and Kazakh languages and encouraged the teaching of foreign languages by all means. In his presidential address to the nation in 2007, Nursultan Nazarbayev stated the new goals and directions for the future of the country as ‘to be competitive in the new global age with well-educated human resources’ [3]. Kazakh language would be significant as the official titular language to shape a national identity; Russian would continue to be the language of inter-ethnic communication in such a diverse society living in peace and harmony; and as an international language for intercultural communication, English would be a means to successful integration into the modern world [4].

Soon after this presidential address, Nazarbayev Intellectual Schools [5] were founded in various regions of the country and Nazarbayev University [6] in Astana to promote the trilingual educational policy to achieve these ends. Since then, the other public and private universities have been encouraged to provide multilingual education, which, indeed, means the promotion of an English-medium education. In addition to earlier start of the practice of English-medium education at such new age small-sized universities as Suleyman Demirel University, KIMEP University, Kazakh-British Technical University, and Kazakh-American University, some middle and large-sized state universities have also started projects to implement the multilingual educational policy. For instance, Kazakh State Women’s Teacher Training University opened a center for development of multilingual education in 2012.

Conferences, symposiums, panel discussions have been organized to promote the trilingual policy. Yet, the state educational reforms and trilingual policy implementation gained a momentum when the second stage of the State Program of Education Development for 2011-2020 was started with a strong determination by the Ministry of Education and Science of Kazakhstan in 2016. Then it turned out that the public opinion was still not persuaded to believe that the new reforms would successfully be implemented in schools and universities nationwide.

Criticism over the implementation of the trilingual educational policy did not only come from the ordinary conservative citizens who would normally be against any ‘open door policy’ that, they believe, would threaten sustainable development of the national identity because such a policy would result in submission to globalization. Some of the academicians and educators also criticized the recent initiatives taken by the ministry to speed up the reform process claiming that the education system should have other priorities. The same conditions that caused the new reforms to be launched by the government are presented as the reasons for their estimate of obvious failure in

the start of reform policies. However, everyone seems to be primarily concerned with the quality of education, which would be the key to building a prosperous developed nation in the near future.

One of the most common criticism about the policy of multilingual education may be related to the quality of language education, lack of subject teachers with sufficient knowledge and communicative skills, lack of subject textbooks in English adapted into the curriculum and according to students' level. Perhaps the most serious one is about the conditions of village schools where pupils rarely have access to language learning resources. Although such criticism may have reasonable ground, I think the most important barrier for the successful implementation of a trilingual educational policy arises from the disbelief in prospective achievements and acceptance of failure in advance. It is truly a challenge to change the ways things work in a society; but once you can show the people that the new way possibly works better, hopefully they will support the change. In short, I suggest that the starting point for implementing the policy should be the language teachers who are really enthusiastic about what they can offer if they are supported with a high quality language teacher education and in-service teacher training, which promotes the best practices of language teaching approaches around the world.

Instead of focusing on current problems, if language teachers can concentrate on how best they can contribute to student learning, they will really make a great impact on positive changes in the society.

A project-based approach in education reflects the most significant trends as the collective experience of language teaching pedagogy. In the background of a project-based learning (PBL) approach, we can observe contributions of problem-based learning, inquiry-based learning, discovery learning, and other educational approaches that prioritize learners' active involvement in the learning process. Therefore, project-based learning (PBL) is defined as a student-centered participatory approach. As an interdisciplinary approach, PBL works best in teaching natural sciences, humanities, and social sciences.

Buck Institute for Education in the United States is a leading institution which promotes PBL [7]. They have been doing considerable research on developing a model of PBL for decades. They comprehensively described key features of an effective PBL and how to assess projects in a PBL course. On the other hand, PBL is different from just "doing projects". There might be a common misconception about PBL and current practice of including projects in education, which can cause some scholars view it as an old traditional method originated in the ideas of John Dewey. However, current practice of PBL emphasizes student roles as central to learning and influential on decision-making in all possible processes, which is really difficult to conceptualize in the context of a very traditional teacher-centered culture of delivering knowledge and information.

According to the Buck Institute, essential project design elements refer to the criteria that any learning project should meet. These criteria are provide with the following titles [7]:

- Key knowledge, understanding and success skills*
- Challenging problem or question*
- Sustained inquiry*
- Authenticity*
- Student voice and choice*
- Reflection*
- Critique and revision*
- Public product*

One can find a lot of useful resources and links on the website of the institute [7]. However significant these essential characteristics are for the educational context of Kazakhstan, it is equally important to emphasize that they are very difficult to achieve with individual efforts unless at least the support of the top management is provided. Considering the fact that most language teachers are still using a grammar and translation based instruction, which develops an attitude to learning a language as just a school subject rather than a tool for achieving communicative objectives, a shift for using PBL in teaching English means a radical change in the nature, functions and content of all

elements of a teaching-learning process. In other words, PBL calls for improving the institutional culture of communications that is likely to influence the decision-making processes and management styles in an educational institution.

Collaboration: Not only learners need to develop a life skill of being able to work in collaboration, teachers of a PBL course also needs to get the collaborative support of their head of the institution, colleagues, and the local community of parents and the other stakeholders.

Critical Thinking and Problem Solving: Learners are encouraged to use these skills in all stages of a project completion ranging from the selection of a significant project idea to reflecting upon the processes and the final product critically.

Public Audience: Learners need to come up with a public product in their minds when they first decide to launch a project. With the help of their teacher, they can organize an event (an exhibition, stage performance, contest, etc) or they can publish their product online. This feature provides the target language with authentic communication with real audience, and therefore give them an inherent and intrinsic motivation to communicate effectively.

Considering the few number of foreign language teaching hours per week in the school schedule, one can easily see the value of PBL for engaging learners into a useful project outside the classroom (and sometimes even outside the school). Integrated with certain other communicative approaches such as CLIL, a project-based approach can be used in language learning and teaching for the success of multilingual policies in education. Therefore, the teacher training curriculums in higher education and in-service teacher training programs should promote a PBL approach to teaching languages.

References:

1. Bridges, D., & Sagintayeva, A. (2014). Introduction. In D. Bridges (Ed.), Educational reform and internationalization: The case of school reform in Kazakhstan (pp.xxii-xxxii). Cambridge: Cambridge University Press.
2. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan [MES] (2010). Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы [The state programme for educational development for 2011-2020]. Retrieved from <http://www.akorda.kz/upload/SPED.doc>
3. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. - № 33(25278). — 2007. — 1 марта
4. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz
5. Nazarbayev University Web Portal. Retrieved from <http://nu.edu.kz/>
6. Nazarbayev Intellectual Schools Website. Retrieved from <https://nis.edu.kz/en/about/history/>
7. Buck Institute for Education Website, Retrieved from <https://bie.org>

Түйіндеме

Яладжи Ю., магистр., аға оқытушы,

(Алматы обл. Қаскелең қ., Сүлеймен Демирель университеті)

Көптілді білім беру контекстінде «жоба негізінде тіл оқыту»

Көптілді білім беру Қазақстанда соңғы оқу реформалардың бастапқы құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанда үштілділік саясаты арқылы білім беру жүйесін интернационализациялауды насихаттау ағылшын тілін жоғары оқу орындарында оқытуда шешуші рөл атқарады. Мақала Қазақстанда үш тілде білім беру саясатының табысқа жетуге жәрдемдесу мақсатында, тіл оқыту жобасы негізіндегі тәсілді іске асыру үшін мүмкіндіктер табуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: жоба негізінде тіл оқыту, көптілділік, үш тілде білім беру саясаты, сыни тұрғыдан ойлау.

Резюме

Яладжи Ю., магистр, старший преподаватель,

(Алматинская обл., г. Каскелен, Университет Сулеймен Демирель)

«Обучение языку на проектной основе» в контексте многоязычного образования

Многоязычное образование является первостепенным компонентом недавних образовательных реформ в Казахстане. Решающее значение имеет роль преподавания английского языка в высших учебных заведениях в интернационализации системы образования посредством трехязычной политики в Казахстане. Эта статья способствует поиску возможностей для реализации проектного подхода, основанного на преподавании языка для того, чтобы внести свой вклад в политику трехязычного образования в Казахстане.

Ключевые слова: изучение языка на основе проектов, многоязычие, трехязычие, образовательная политика, критическое мышление.

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

МРНТИ 03.20

Е.Т. Берлібаев, т.ғ.к., доцент

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

С.А.Семжанова, оқытушы

(Алматы қ., №173 лицей)

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕМІРЖОЛ ЕҢБЕКШІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қазақстандық теміржол көлігінің ерекшеліктері мен осы саладағы еңбекшілердің жаңа жағдайға байланысты жай-күйі баяндалады. Аталған кезеңде Қазақстанда сегіз теміржол жұмыс істесе олардың негізгілері, бұрынғыша, Қарағанды және Түркістан-Сібір теміржолдары болды. Еңбекшілер жеңіске жету үшін соғыс жағдайына сәйкес бейімделіп еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Соғыс кезінің үлкен қиындықтарына қарамастан, Қазақстанда теміржол көлігінің тасымалдау көлемі артып, жаңа желілер салынып, жолдың маңызды телімдерінің өткізгіштік қабілеті артты, көлік майдан үшін, қорғаныс өнеркәсібі мен елдің халық шаруашылығы үшін тоқтаусыз жүк тасымалдауға байланысты жүктелген міндеттерді абыроймен атқарды. Мақалада осы мәселелер талқыланып, фашистік Германия мен Жапонияға қарсы жеңіс жолындағы жалпыхалықтық күреске өз үлестерін қосқан республика теміржолшыларының жаппай еңбектегі ерліктері шешуші рөл атқарғаны баяндалады.

Түйін сөздер: Түркістан-Сібір, Халком, КСРО, НКВД, ПХК Қандағаш – Гурьев желісі.

Ұлы Отан соғысы кезінде теміржол көлігінің дамуына байланысты зерттеулер сипаты жағынан көбінесе үгіт-насихат бағытында болды [1].

Соғыс жылдарында Қазақстанда сегіз теміржол жұмыс істеді, олардың негізгілері, бұрынғыша, Қарағанды және Түркістан-Сібір теміржолдары болды. Еңбекшілер жеңіске жету үшін соғыс жағдайына сәйкес бейімделіп, қайта құру жұмыстарын жүргізуі қажет болды. Бұл қайта құрудағы шешуші қадам пойыздардың қозғалысын ерекше әскери кестеге көшіру болды. Ол Жол қатынастары Халкомының бұйрығымен 1941 жылдың 23 маусымынан енгізілді, 24 маусым 18 сағаттан бастап бірінші кезекте әскери эшелондарды, әсіресе, шұғыл тасымалдауды керек ететін жүктерді жылдам жіберу қарастырылды [2].

Еңбекшілердің басым көпшілігін майданға алып кеткендіктен де сала мамандары екі есе, үш есе жұмыстар атқаруға мәжбүр болды. Сталинград түбіндегі қантөгіс шайқас кезінде Н.А.Мезинов әскери және азық-түлік жүктерін майдан желілеріне жөнелтуге және жеткізуге өзі қатысты. Барлық адамдарға қиын болғандай, ол үшін де бұл ең ауыр кез болды, тәулігіне үш-төрт сағат қана көз шырымын алып, қалған уақытта жұмыс істеуге тура келді. 1942 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Тасымалдар бойынша тапсырманы үлгілі орындағаны үшін» Н.А.Мезиновті «Құрмет белгісі» орденімен, ал 1945 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен және «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапаттады [3].

Соғыс жағдайында жарыс анағұрлым нақты сипат алды: 1943-1945 жж. Теміржолшылардың ішінара КСРО-ның батыс аудандарына кетуімен байланысты кадрлардың айтарлықтай тұрақсыздығына, жұмысшылар мен қызметшілердің бір бөлігінің біліктілігінің төмендігіне қарамастан, өндіріс озаттарының қатары тұрақты түрде артып отырды. Бұл теміржолда қызмет көрсететін контингенттің жалпы өсуімен байланысты болды. Кондукторлар арасында стахановшылар әдісін қолдауды бастаған Орынбор теміржолының бузулук резервінің бас кондукторы С.Соломонов болды. Ол құрастырмалы пойыздарды жылжытуды жеделдетуде табысқа жетті. Орал теміржолы Қорған депосының

аға машинисі И.П.Блинов ауыр салмақты пойыздарды жүргізудің бастамасы болды. Үздіксіз жарысқа түсе отырып, Ф.Д.Блинов салмағы 2100 тонна пойызды Орал жоталары арқылы салмақ өзгертпей, Челябинден Абдулиноға дейін алып жүрді. Тасымал жөнінен үкімет пен әскери басшылық тапсырмасын үлгілі орындап, ерлік көрсеткені үшін Ф.Блиновты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттап, Социалистік Еңбек Ері атағын береді.

Оңтүстік Оралда, басқа да жерлердегі секілді, көлікке диверсия жасау (қарақшылық шабуыл) орын алды. 1942 жылдың тек алғашқы 4 айында Орынбор облысының 8 ауданында бандиттік топтар ашылды. ПХК (НКВД) органдары әскери комиссариаттармен бірге диверсияға қарсы күрес жүргізді. 1944 жылдың сәуір-мамырында Орынбор облысының ПХК қызметкерлері теміржол желісінде күдікті деген 2636 адамды ұстады. 1944 жылдың бірінші жарты жылдығында осы облыс аумағында ПХК органдардың күшімен 29 дизертирлік (қашқын) топ жойылды [4]. Жүйелі түрде орман белдеуін сүзіп шығу жұмыстары жүргізіліп, барлық теміржол желілері мен милицияның әскери-есепке алу үстелдері тексеріліп отырды. Әскери құжаттарды есепке алу, беру мен сақтау тәртібі қаралды. Оған қоса оңтүстік Орал теміржолы тасымалданатын мүлікті күзету мен қырағылықты нығайту шаралары қолданылды.

Теміржол қызметкерлерінің жетіспеушілігі нәтижесінде соғыс жылдарында әскер жасындағы жастар контингенті төмендеді. Егер соғысқа дейін жастар әскерге 19 жастан шақырылса, соғыстың соңына қарай 1927 жылы туылғандар, яғни 17-18 жастағылар шақырылды. 1941-1945 жылдары Оңтүстік Орал әскери комиссариаттары тарапынан барлығы 2216480 адам майданға әскерге, тыл бөлімшелері мен мекемелеріне жіберілген. Оған қоса, теміржол көлігіндегі жұмыстар үшін техника негіздеріне курстар ұйымдастырудың маңызы зор болды.

Жұмылдыру шараларының тағы ерекшелігі оңтүстік Оралға көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қоныс аударылған халықтың келуімен, өлкенің қорғаныс кешенінің тұрақты жұмыс қарқынын қамтамасыз етумен байланысты болды. Жастарды теміржол көлігінде жұмыс істеуге жұмылдыру нәтижесінде еңбек резервтерін жұмылдыру жөніндегі мемлекеттік шараларды табысты орындау үшін барлық жағдай жасалды. Отан соғысы теміржол көлігі алдына жауапты міндеттер – әскери жүктерді үзіліссіз тасымалдау, майданға әскери эшелондарды дер кезінде жеткізу, қорғаныс өнеркәсібі үшін шикізат пен отын жеткізу міндеттерін қойды.

Осындай жауапты міндеттерді табысты орындау үшін бүкіл теміржол көлігін әскери жағдайға бейімдеу қажет еді. Қайта құрудың аса маңызды шараларының бірі, елдің теміржолдардағы пойыздар қозғалысын, оның ішінде Қазақстанның да теміржолдарындағы қозғалысты ЖКХК 1941 жылдың 24 маусымында 18 сағаттан бастап енгізген ерекше әскери кестеге ауыстыру болды. Кестеде бірінші кезекте әскери эшелондарды, әсіресе соғысқа жұмылдыратын тасымалдармен байланысты жүктерді тез жылжытуды қарастырды. Жолаушылар қозғалысы, сондай-ақ қорғаныстық мәні жоқ қозғалыстар айтарлықтай қысқартылды. Теміржолдары мен басқа да объектілерді күшейту күшейтілді, әскери күзетке көмек ретінде тәртіп отрядтары мен жауынгерлік жасақтар құрылды; теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелері әскер ісіне үйретілді. Қарағанды торабында тәртіп отрядында 500-ден астам адам болды. Отряд тораптың кәсіпорындарын, жолдарды, ауыстырғыштарды, су тартқыштарды, электр стансалары және сол сияқтыларды күзетті. Саяси бөлім өзінің нұсқаушылары арқылы жолдарда қарағандылықтардың тәжірибесін қолданды. Магистраль басшылары 1941 жылдың 1 қыркүйегінде ЖКХК-на соғыстың алғашқы күндерінен бастап бүкіл теміржолшылар ұжымының қырағылығы артты, барлық жерде рұқсатпен жүйесі енгізілді, жолдарға бөтен адамдар жіберілмеді. Еңбек тәртібін нығайту, жұмыста ұйықтау, артық сөз және сол сияқтыларды толық жою жұмыстары жүргізілуде... Жол ұжымдары мықты әрі жұмылған, алдымызда тұрған міндеттердің маңыздылығын түсініп, алға қойып отырған барлық талаптарды орындауға дайын болды [5].

1941 жылдың 16 тамызында Волга бойы, Орал, Батыс Сібір, Қазақстан мен Орта Азия аудандары бойынша 1941 жылдың IV тоқсан мен 1942 жылы арналған әскери-шаруашылық жоспарын бекітті, ол елдің Шығыстағы әскери-шаруашылық базасын дамыту бағдарламасы болды. Жоспарда теміржол көлігіне ерекше мән берілді. БК(б)П ОК мен КСРО ХКК теміржолдардың өткізгіштік қабілетін күшейту мақсатында 1942 жылы осы аудандарда теміржол желілерін салу мен қайта құрастыру жөнінде бірқатар шаралар өткізуді қажет деп тапты. Атап айтқанда, жоспарда Кизляр – Астрахань желісінің құрылысын жүргізу қарастырылды [6]. Бұл желі Баку мұнайын Кавказдан Волга маңы мен Оралға тікелей шығуға жол ашатын еді. 1942 жылдың 7 қыркүйегінде Мемлекеттік қорғаныс комитеті Гурьев – Астрахань теміржолын салу туралы шешім қабылдады, ол Кизляр – Астрахань желісінің жалғасы болып, Гурьев арқылы елдің шығыс аудандарын Грозный мен Бакудің мұнайымен байланыстыратын еді [7]. Соғыс жылдарының қиын жағдайында Қазақстанда қорғаныстық-өнеркәсіптік маңызы зор теміржол желісінің құрылысы жүргізілді. Соғыс жылдарында республиканың теміржол жүйесінің ұзындығы 1940 жылмен салыстырғанда 25%-ға артты (1945 жылдың соңына қарай олардың тұтыну ұзындығы 1940 жылғы 51 км-ге қарсы 8212 шақырымды құрады) [8].

Соғыс кезінде Ақмола – Қарталы желісі (806 км), Гурьев – Қандағаш (517) және Орск – Қандағаш (262) желілері салынып бітті. 1943 ж. Ақмола – Қарталы желісі Қарағанды теміржолында тұрақты тұтынуға берілді, оның ұзындығы 1945 жылдың соңында 2290 км-ді құрады [9]. 1941 ж. желтоқсанда ұзындығы 517 км Қандағаш – Гурьев желісі Орынбор теміржолына тұрақты тұтынуға берілді. Соның негізінде Шұбарқұдық қозғалыс бөлімшесі және Қандағаш – Гурьев шекарасында Шұбарқұдық паровоз шаруашылығы бөлімшесі құрылды. 1944 жылы осы магистральда Орск – Қандағаш желісі тұрақты тұтынуға берілді. Нәтижесінде 1945 жылы Орынбор теміржолының тұтыну ұзындығы 2290 км-ге жетті, оның 62%-ы Қазақстан территориясы арқылы өтті [9].

Түркістан – Сібір магистралінде өткізгіштік қабілетін нығайту мен техникалық жабдықтауға байланысты көптеген жұмыстар жүргізілді. Магистральдің теміржолшылар ұжымы өзінің паровоз және вагон депосында паровоздарды орташа жөндеу мен вагондарды күрделі жөндеу жұмыстарын игерді. 1941-1945 ж.ж. 50 млн. сом қаржы салынған 240 өндірісті объектілер салынып, тұтынуға берілді, оның ішінде: Алматы, Семей, Аягөз және Жамбыл стансаларындағы болат-шойын балқыту цехтары, Харьков байланыс зауытынан көшіріліп әкелген жабдықтар мен шағын теміржол шеберханалары базасында құрылған ЖҚХК-ның Алматы электротехникалық зауыты болды. Сол жылдары зауыт еліміздегі теміржол көлігін байланыс аппаратураларының кейбір күрделі түрлерін шығаратын бірден-бір зауыт болды. Соғыс кезінде Алматыда сондай-ақ ЖҚХК-ның ірі вагон жөндейтін зауыты салынды, жаңа теміржол құрылысы жалғасып жатты, Жамбыл – Шолақтау желісі мен Талдықорған – Текелі тармағы қатарға қосылды.

Жаңа жолдардың, әсіресе Ақмола – Қарталы, Гурьев – Қандағаш, Орск – Қандағаш секілді теміржолдардың салынуы, Қарағанды, Түркістан – Сібір және басқа да желілердің өткізгіштік қабілетінің артуы соғыс жылдарында Қазақстанның теміржол көлігімен орасан зор көлемдегі қорғаныс және халық шаруашылығы тасымалын табысты орындауында маңызды рөл атқарды.

1945 жылы жөнелтілген жүк 1940 жылмен салыстырғанда 37%-ға, ал қабылдау – 16%-ға артты. Көмір мен кокс жөнелтілген жүктің жартысынан астамын, ал кен 11,5%-ын құрады [10]. Республиканың теміржолдары әскери жүктерді тасымалдауды, елдің батыс аудандарынан халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындары, көп мөлшердегі басқа да жүктерді тасымалдауды іске асырды. Қазақстанға 142 өнеркәсіптік кәсіпорын мен 536 мың адамның көшірілгенін айтсақ та жеткілікті. Соғыс жылдарында Қазақстанда сегіз теміржол жұмыс істеді, олардың негізгілері, бұрынғыша, Қарағанды және Түркістан-Сібір теміржолдары болды. Гурьев-Қандағаш, Орск-Қандағаш желісінің салынуымен байланысты Орынбор теміржолының рөлі артты, оның 1800 шақырымы Қазақстан территориясы арқылы өтті.

Басқа жолдардың үлес салмағы (Рязань-Орал, Оңтүстік-Орал, Омбы және Томск) Отан соғысы жылдарында республиканың жүк айналымына айтарлықтай болған жоқ [10].

Соғыс кезінің үлкен қиындықтарына қарамастан, Қазақстанда теміржол көлігінің тасымалдау көлемі артып, жаңа желілер салынып, жолдың маңызды телімдерінің өткізгіштік қабілеті артты, көлік майдан үшін, қорғаныс өнеркәсібі мен елдің халық шаруашылығы үшін тоқтаусыз жүк тасымалдауға байланысты жүктелген міндеттерді абыроймен атқарды. Мұнда фашистік Германия мен империалистік Жапонияға қарсы жеңіс жолындағы жалпы халықтық күреске өз үлестерін қосқан республика теміржолшыларының жаппай еңбектегі ерліктері шешуші рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Историография Великой Отечественной войны. – М., 1980. – С. 6-10.
2. История Великой Отечественной войны Советского Союза в 1941-1945 гг. В 6-ти томах. Т. 6. – М. – 1965. – С. 70.
3. Красный Курган. – 1941. – 25 июля. – С. 2.
4. Синицын А.М. Всенародная помощь фронту. – М., 1985. – С. 53.
5. Футорянский Л.И. Сыны-дочери Орнбуржья на фронтах Великой Отечественной //Южный Урал в годы Великой Отечественной войны. – Оренбург. – 2000. – С.3.
6. Кумаев Г.А. Советские железнодорожники в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – М. – 1963. – С. 32-33. «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг.». Сборник документов и материалов. – Т. 1. – Алма-Ата. – С. 65.
7. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Изд. 8. т. 6. – М. – 1971. – С. 31.
8. Строительство дороги после разгрома немецко-фашистских войск под Сталинградом было приостановлено.
9. «Казахстан за 40 лет». – С. 222.
10. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг.: Сборник документов и материалов. – Т.2. – Алма-Ата. – 1960. – С. 203-209.

Резюме

Берлібаев Е.Т., к.и.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет),

Семжанова С.А., учительница

(г. Алматы, № 173 лицей)

Статья о значительном вкладе в Великую победу (Самоотверженный труд в тылу Казахстанского железнодорожного транспорта). В связи с развитием железнодорожного транспорта, доблести железнодорожников в начальные годы войны.

Ключевые слова: Туркестан-Сибирь, совнархозов, СССР, НКВД, Кандагач – Гурьев линия.

Summary

E.T.Berlibayev, candidate of historical sciences, associate professor

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

S.A.Semzhanova, teacher

(city Almaty, № 173 lyceum)

An article about a significant contribution to the Great Victory (Selfless labor in the rear of the Kazakhstan railway transport). In connection with the development of rail transport, the valor of railway workers in the early years of the war.

Keywords: Turkestan-Siberia, economic councils, the USSR, the NKVD, the NKVD Kandagach - Guryev line.

МРНТИ 03.01.07

Б.Бихондиев, э.ғ.к., доцент,

А.Д. Умбеталиева, п.ғ.м., аға оқытушы

(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Кәсіпкерлік мәдениет – кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ажырамас бір бөлігі және ол жалпы мәдениет ұғымымен тығыз байланысты дамиды. Кәсіпкерлік мәдениеттің негізін құрайтын экономикалық еркіндік, ол олигархтарға белгіленген қағидалар мен амалдарды орындаудан босатпайды. Кәсіпкерлік мәдениеті – кәсіпкердің экономикалық дербестігі мен еркіндігінің, олардың орынсыз бастамаларына қарама-қайшы келетінін көрсетеді. Мемлекет – бүкіл қоғамның, кәсіпкерлердің және нарықтық экономика субъектілерінің мүдделері мен экономикалық еркіндігін қорғау мақсатымен кәсіпкерлік қызметтің жекелеген өнімдерінің жөнсіз экономикалық еркінсуіне шек қою үшін қажетті тосқауылдар белгілейді. Мақалада кәсіпкерлік мәдениеттің жалпыға ортақ элементтері мен қасиеттеріне әдеби-ғылыми тұрғыдан шолу жасалады. Кәсіпкерлік мәдениеті құқықтық және этикалық нормалар мен критерийлердің бейнесі іспетті, ол кәсіпкердің істі өзі бастап, заңды бизнестеу жүзеге асырып табыс алатынын көрсетеді. Мақалада кәсіпкерлік мәдениеті мен кәсіпкерлік ұйымдар мәдениетінің пайда болуы мен қалыптасу факторлар элементтеріне баса назар аударылады.

Фирманың корпоративтік мәдениеті, жапон кәсіпкерлерінің пікірі бойынша, рационалдық менеджменттің қалыптасуымен байланысты пайда болады. Рационализм және гуманизм арасында ешқандай қайшылықтар жоқ. Бұлар менеджменттің бірін-бірі өзара толықтыратын екі аспектісі болып табылады. Корпоративтік мәдениеттің қалыптасуын басқа факторлармен қатар, кәсіпкерлік табыстар да қамтамасыз етеді. Жекелеген зерттеушілер, белгілі бір критерийлер бойынша талдау жасап, сұрақтар жүргізіп, фирма мәдениетінің қаншалықты жоғары екенін фирма иелерінің анықтауына болатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік мәдениет, кәсіпкерлік ұйымдар, корпоративтік мәдениет, кәсіпкерлік этика, іскерлік этика.

Кәсіпкерлік этика – өркениетті кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастырудың ең күрделі проблемаларының бірі, өйткені этика – бұл моральдық және инабаттылық нормаларының, сондай-ақ жалпыға ортақ мінез-құлықтары ережесінің жүйесі болып табылады.

Кәсіпкерлер мен ұйымдар іс-әрекетінің құқықтық нормалары – заңдармен және басқадай нормативтік актілермен белгіленеді. Сондықтан өркениетті кәсіпкерлікті дамытудың маңызды шарты – құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Заң бойынша жасалғанның бәрі әрқашан этикаға сәйкес келе бермейтінін уақыт көрсетіп отыр. Қоғам заңдарды өзгертуге байланысты өз ұсыныстарын жасауы тиіс. Кәсіпкерлік этиканың қалыптасуына қоғамдық менталитет, асқақ адами қасиеттер, экономикалық еркіндік, кәсіпкердің қоғам, тұтынушылар арасындағы жауапкершіліктері зор ықпал етеді. Кәсіпкерлердің этикалық проблемалары толассыз пайда болып, олар ең алдымен өз шешімдерін тұтынушылармен табады, себебі тұтынушылардың мүдделерін мемлекет қорғайды.

Меншік иелері ретіндегі кәсіпкерлердің этикалық қатынастары жалдамалы жұмыскерлермен байланыста болады, олар өз кезегінде кәсіпкерлік табыс деңгейінде ерекше әсерлерін тигізеді. Кәсіпкерлік этиканы зерттеушілер кәсіпкерге тән жалпыға ортақ этикалық нормаларды тұжырымдады. Кәсіпкер өз имиджін қалыптастырып, этикетін сақтауы үшін іскерлік этикет пен инабатты мінез-құлықтың дағдыларын меңгерудің ережелерін әрқашан есте ұстауы қажет.

Кәсіпкерлік мәдениет – кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ажырамас бір бөлігі, ол жалпы мәдениет ұғымына негізделеді және онымен тығыз байланыста болады. Мәдениет деп – адамдардың өндірістік қоғамдық және рухани қажеттіліктерінің жиынтығын айтады. С.И.Ожегов өзінің орыс тілі сөздігінде осылайша анықтама береді.

Басқа ғылыми деректік көздерінде «мәдениет дегеніміз – адамдар өмірінің және қызметтерінің ұйымдастырылу тұрпаттары мен нысандарынан, сондай-ақ өздері қолдарымен жасаған материалдық және рухани құндылықтарынан көрініс табатын қоғамның, адамдардың шығармашылық күш-қуаттары мен қабілеттерінің белгілі бір тарихи деңгейі» деп анықтама беріледі.

Мәдениетті латын тілінен аударғанда, ол тәрбие, білім, даму, өркендеу, сауаттану деген мағыналарды береді. Демек, жалпы адамзаттық тұрғыдан алғанда, мәдениет дегеніміз адамдардың, олардың бірлестіктері мен топтарының, біртұтас қоғамның белгілі бір даму кезеңіндегі өмірінің, қызметтерінің, мінез-құлықтарының сан қилы аспектілерін сипаттайтын қыры мен сыры мол, кешенді ұғым. Кәсіпкерлік мәдениет деп елде, қоғамда қалыптасқан құқықтық нормаларға (заңдар, нормативтік актілер), іскерлік салттарға, этикалық және парасаттылық ережелері, өркениетті бизнесті іске асыру мінез-құлқының нормаларына сәйкес, субъектілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырайтын қағидаларының, әдістерінің, тәсілдерінің жиынтығын айтады. Баршаға мәлім, кәсіпкерлік қызмет – еңбекке қабілетті азаматтар мен олардың бірлестіктерінің еркін іс-әрекеті. Бірақ, кәсіпкерлік қызметті іске асырудағы экономикалық еркіндікті кәсіпкерлік қызметке қатысушылардың белгіленген қағидалар мен амалдарды орындаудан босатылады екен деп түсінуге болмайды. Кәсіпкерлік мәдениеттің негізін құрайтын экономикалық еркіндік, орасан зор байлық пен дәулетке ие болған олигархтарға өз бетімен еркінсуіне, олардың менмендігіне жол бермейді.

Мемлекет бүкіл қоғамның, кәсіпкерлікке қатысушылардың және нарықтық экономика субъектілерінің мүдделері мен экономикалық еркіндігін қорғау мақсатымен кәсіпкерлік қызметтің жекелеген өкілдерінің өз беттерімен, жөнсіз экономикалық еркінсуіне шек қою үшін қажетті тосқауылдарды белгілейді. Кәсіпкерлік мәдениеті – кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің экономикалық дербестігі мен еркіндігі, олардың жөнсіз, өз бетінше орынсыз бастамаларына қарама-қайшы келетінін көрсетеді. Сондықтан да мемлекет кәсіпкерлікті реттейтін құқықтық нормаларды бұзғандар үшін жауапкершілік шаралары мен нысандарын белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясына монополияландыру мен арамза бәсекелестікке бейім кәсіпкерлік (экономикалық) қызметке жол берілмейтіндігі ескертілген.

Қылмыстық заңнамаларда заңға қайшы қызмет, заңсыз және жалған кәсіпкерлікпен және басқадай іс-әрекеттермен айналысатын азаматтар үшін қылмыстық жауапкершілік шаралары қарастырылған. Кәсіпкерлік мәдениеттің жалпыға ортақ элементі оның заңдылығы болып табылады. Әріптестерге, бәсекелестерге, тұтынушылар мен жалдамалы жұмыскерлерге тек мүліктік қана емес, сонымен бірге моральдық залалдар келтіретін құқықтық актілерден, келісімшарт қатынастарымен, заңды жолмен жасалған, мәмілелерден, іскерлік салттардан туындаған міндеттемелер мен міндеттерді мүлтіксіз орындау – кәсіпкерлік мәдениеттің екінші элементі.

Кәсіпкерлік қызметтің маңызды үшінші элементі – өз бизнесін субъектілердің адал жүргізуі. Бұл жөнінде американ ғалымы К.Рэндолл өзінің «Кредо свободного предпринимательства» деген кітабында істі арамзалық жүргізудің салдарын дәл тұжырымдаған. Оның пікірінше өркениетті кәсіпкердің мінезі, қасиеті ешнәрсемен алмастырылмайтын қайратты және кіршіксіз таза болуы тиіс. «Мінезді, қасиетті болу – яғни моральдық көкейтесті мәселелерді сезіну және түсіну, өмірде кездесетін кез келген жағдайларда батыл, әрі дұрыс әрекет ету. Қажырлы адам, бірақ оның жан дүниесі таза болмаса, ол күндердің күнінде компанияны апатқа ұшыратуы мүмкін. Кәсіпкер кіршіктей таза, әрі адал болмаса одан ешқандай жақсы үміт күтуге болмайды» дейді К.Рэндолл.

Мемлекетке, адамдарға, тұтынушыларға, әріптестерге деген адал көзқарас кәсіпкерлік мәдениеттің жетекші қасиеті болып табылады. Кәсіпкерлердің жалпы этикалық нормаларды,


яғни оның құрамына кіретіндер: кәсіби этика, фирманың этикалық кодексі, бизнесті жүргізудің, кәсіпкерлердің тәрбиесі мен мәдениеті деңгейінің жалпыға ортақ ережесі, өздерінің адамға деген тартымдылық дәрежесі, қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, заңды бизнесті жүзеге асыруға қажет білім деңгейінің болуын және т.б. өз бойларында сақталуы өте маңызды проблема.

Кәсіпкерлік мәдениеті – құқықтың және этикалық іспетті және төменгі аталғандардың: мемлекет, қоғам, тұтынушылар, қызметкерлер, әріптестер, бәсекелестер және басқа да шаруашылықты жүргізуші субъектілерімен арасындағы қатынастардың, кәсіпкерліктің дамуына тікелей және жанама ықпал жасайтын қалыптасқан құқықтық актілердің, стандарттардың, ережелердің, нормалардың сақталуын қамтиды. Кәсіпкерлік қызмет үнемі, әрі үздіксіз, бірақ кез келген амалдар және әдістермен емес, тек заңға негізделген жолмен, тәсілдермен табыс алуды көздейді. Кәсіпкерлік мәдениет – кәсіпкердің істі өзі бастап, заңды бизнесті жүзеге асырып және заңды жолмен табыс (пайда) алатынын көрсетеді.

Кәсіпкерлік мәдениетінің қалыптасуы көптеген факторлармен анықталады, дегенмен олардың ішінде алғашқы орынды алатындар: өркениеттік сыртқы орта; қоғамдық және мемлекеттік менталитет; сыртқы ортаның арандануынан қорғайтын кәсіпкердің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершіліктерін белгілейтін, күнделікті өмірде қалыптасқан құқықтық нормалар; әлбетте кәсіпкердің өзі және корпоративтік мәдениет.

Кәсіпкерлік мәдениет – кәсіпкерлік ұйымдар мәдениетінің, кәсіпкерлердің, іскерлік әрекеттің және басқадай біртұтас мәдениетті құрайтын элементтердің қалыптасуынан туындайды.

Кәсіпкерлік ұйымдар мәдениетінің пайда болуы мен одан әрі қалыптасуын былайша бейнелеуге болады: (сурет 1)



Сурет 1.

Әдетте, ұйымдардың мәдениеті мынадай ішкі факторлармен анықталады:

- Бизнесті жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізі;
- Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру;
- Фирма иелері мен қызметкерлерінің мотивациясы;
- Басшылар мен жалдамалы жұмыскерлердің өзара қатынастарының механизмдері, басқару мәдениетінің деңгейі;
- Рынокта басты межеге жетуге мүмкіндік беретін ерекше басқару стилінің болуы;

-Ұйымдар қызметінің нәтижелі болуына әрбір қызметкерлердің толық қатысты екенін, көз жеткізетін дәлелдерді келтіру;

-Фирманы ынталандыратын құндылықтарды бейнелейтін тиянақты, нақты түсініктемелердің болуы;

-Басшылар, менеджерлер мен жұмыскерлердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуы және оларды оқыту мүмкіншіліктері;

-Басшылықтың сәтсіздіктерге кінәлілерді іздемей-ақ жауапкершілікті өзіне қабылдай білуі;

-Қызметкерлердің жоғары сапалы және интенсивті еңбегін тиісінше материалдық тұрғыдан марапаттау;

-Фирманың қызмет етуін ұсынылатын тауарлары мен қызметтерді жоғары тиімділік пен сапаға бағдарлау;

-Тұтынушыларға жақсы ұйымдастырылған сервистік қызмет көрсету;

-Тауарлар мен қызметтердің сапасын қасиетті деңгейде қамтамасыз ететін технологиялар мен өндіріс мәдениетін енгізу;

-Еңбекке қажетті қауіпсіздік пен санитарлық-гигиеналық жағдайларын жасау;

-Ұйымдарда салауатты моральдық климатты қамтамасыз ету.

Фирманың корпоративтік мәдениеті, атақты жапон кәсіпкері К.Татенсидің ұйғарымы бойынша, рационалдық менеджменттің қалыптасуы мен тікелей байланысты пайда болады: «Рационалдық менеджменттің мәні – әрбір жеке жұмыскердің өзіне жеткілікті мөлшерде жалақыны алуға мүмкіндігінің болуымен, өз еңбегінен және өз кәсіпорнын басқаруға қатысуынан қанағаттанарлық сезімдерге бөленуімен сипатталады. Жеке адамға құрмет көрсету арқылы менеджмент гуманизмі ең жоғарғы сатыдан орын алады. Қысқаша айтқанда, рационализм мен гуманизм арасында ешқандай қарама қайшылықтар жоқ. Бұлар бірін-бірі өзара жолықтыратын менеджменттің екі аспектісі болып табылады».

К.Татенси өзінің «Вегнент дух предпринимательства» деген кітабында қазіргі жас жапондықты тек жалақымен қанағаттандыруға бола ма деген ой тастайды. «Адамдарды тек қана жалақының мөлшерімен қызықтыру есуастық болар еді. Жас жұмыскердің қабілеттіктерін толық пайдаланудың ең пәрменді құралы – оған мақсатқа жетуден алатын шығармашылық шабыт пен қуанышты сезінетін жұмыс жағдайларын жасау болып табылады» деп жазады автор.

Сонымен қатар, Қ.Татенси бірлескен қызметтегі әріптестіктің қалыптасуына қолдау көрсету фирма басшылары үшін маңызды қажеттілік екенін атап көрсетеді. «Адамның бойынан өз компаниясы үшін мақтаныш сезімі пайда болуының қажетті шарты – кәсіпорындардың капиталдарында өз үлесінің бар екендігіне жұмыскерлердің сенімділігі болып табылады. Бұл адамның әлеуметтік мәртебесін асқақтатып, оның өзін құрметтеуін нығайтады».

Корпоративтік мәдениеттің қалыптасуын басқа факторлармен қатар, кәсіпкерлік табыстар да қамтамасыз етеді. Жекелеген зерттеушілер, фирма иелеріне мынадай критерийлер бойынша талдау жүргізілсе және қойылған сұрақтарға дұрыс жауаптар алып, фирма мәдениетінің қаншалықты жоғары екенін анықтауға болады деп санайды:

-фирма тәуекелдер мен жаңалықтарды енгізуге дайын ба;

-фирманың іскерлік әрекеті басты мансаптарды шешуге бағытталған ба;

-сыртқы міндеттерге (клиенттерге жақсы қызмет көрсету, тұтынушылар мен өзара қарым-қатынастар және т.б.) көңіл бөледі ме;

-конформизм, индивидуализмге кеңшілік жасалады ма;

-жұмыскерлер жеке түпкілікті нәтижелерге жету үшін ынталандырылады ма;

-фирмада шешімдерді қабылдау орталықтандырылған ба;

-ұжымдық нысандағы шешімдерді қабылдауға баса көңіл аударылады ма;

-жұмыс инновациялық процесстермен қатар жүреді ма;

-қызмет ету жасалған жоспарларға бағындырылған ба;

- жеке жұмыскерлер мен топтар арасында ынтымақтастық орын алған ба;
- қызметкерлер фирманың мүдделеріне адал және оған жан-тәнімен берілген бе;
- фирманың мақсаттарына жетуіне қызметкерлердің өз рөлдері қандай екендігі туралы хабардар ма;

- фирма деген немқұрайлы көзқарастар байқалады ма;
- сыртқы орта үшін фирманың есігі әрдайым ашық па.

Кәсіпкерлік этика – өркениетті кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастырудың ең күрделі проблемаларының бірі, өйткені этика деп жеке адамдардың көңілінде қонымдылық идеясына сәйкес ұялаған мейірімділік пен қиянаттың сезімдері арқылы көрініс табатын идеалдар, моральдық қағидалар мен мінез-құлықтар нормалары туралы ілімді және іс-тәжірибені айтады. Бұл моральдық және инабаттылық нормаларының, сондай-ақ жалпыға ортақ мінез-құлықтары ережесінің жүйесі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет – экономикалық, шаруашылық қызметі сияқты еңбек етуге қабілетті кез келген азаматтардың кәсіби қызметі болып табылады, оған тән құқықтық және этикалық критерийлер, нормалар, мінез-құлық ережесі бар, оларды орындамау кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін жағымсыз салдарларға ұрындырады. Кәсіпкерлер мен ұйымдар іс-әрекетінің құқықтық нормалары заңмен және басқадай нормативтік актілермен белгіленеді, оларды орындамағандарға жазалау шаралары, тіпті банкротқа ұшырау және бас бостандығынан айыру сияқты жазалар қолданылады.

Сондықтан да өркениетті кәсіпкерлікті дамытудың маңызды шарты тек кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдарды қабылдау емес, сонымен қатар құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Заң бойынша жасалғанның бәрі әрқашан этикаға сәйкес келе бермейтінін уақыт көрсетіп отыр. Енді қоғам не істеуі керек? Заңдарды өзгертуге байланысты ұсыныстар жасалуы тиіс, мысалы салық заңнамаларын, оның ішінде салықтар саны, салық бірліктері кәсіпкерліктің дамуына кедергілер болып табылады.

Кәсіпкерліктің этикалық нормалары деп рыноктың, нақты тұтынушылардың, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономиканың әртүрлі сфераларында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтардың іс-әрекеті сипаттарының жиынтығын айтады. Кәсіпкерлік этика әлемде, елде қалыптасқан, белгілі бір салаларда көрініс табатын кәсіби этикаға, жалпы этикалық нормалар мен іс-әрекет ережелеріне негізделеді. Кәсіпкерлік этика азаматтардың мінез-құлықтарының жалпыға ортақ этикалық нормалармен қатар, мынадай ұғымдармен – адалдық, ар-ұят, бедел, инабаттылық, сыпайылық, өзін-өзі құрметтеу, өркөкіректік, ұятсыздық, екіжүзділік, іштарлық, көреалмаушылық, кекшілдік, дөрекілік, өшпенділік, жауыздық және т.б. тығыз тікелей байланысты.

- коммуникативтік қызметі;
- дидактикалық қызметі;
- бақылау-түзету қызметі;
- психологиялық демеу болу және ұйымдастырушылық қызметі.

Компьютермен оқыту технологиясында білім алушының өз бетімен білім іздей алуы – көзделетін негізгі нысан ретінде қойылады. Компьютермен оқыту барысында білім алудың жасанды сипатын барынша табиғи қылуға жағдай жасалынады.

Мектептерде компьютерлік технологияны қолданудың негізгі жолдарына баға бере отырып, «Жас балаларға компьютердің қанша қажеті бар?» деген сұрақты айналып өту еш мүмкін емес.

Осы мәселе бойынша пікірлер алуан түрлі. Бірқатар ұстаздар кіші сыныптарда компьютерді қолдану тек балалардың назарын басқаға аударады деп санайды. Ал екіншілері компьютерді тұрақты пайдалану бара-бара оқушылардың екі санды қоса алмайтын, қарапайым мәтінді оқи алмайтын жағдайына жеткізеді деген қауіп білдіреді.

Компьютер мектептегі лингафон кабинеттері немесе сыныптағы теледидар сияқты болғандықтан, білім беру мен оқу үрдісіне айтарлықтай зияны жоқ деген пікірлер де бар. Компьютерлерді білім ордасының оқыту мазмұнына енгізуге қарсы салмақты аргументтің бірі – ақпараттық технологияның екпіндеп дамуы мектеп бағдарламасының үнемі жаңартылып отырғанына қарамастан оның созылмалы аурудай артта қалуына әкеп соқтырады деп санайды.

Біз оқу орындарының ақпараттық ғасырға бейімделуден басқа жолы жоқ, ал есептегіш техникалармен танысу – соның бір ғана бөлігі деушілерге толық қосыламыз. Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызда жиі кездеседі. Олай болса, қоғамды ақпараттандыру дегеніміз – ғылыми-техникалық үрдіс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттік интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен рөлінің жоғарылауына байланысты объективті үрдіс.

Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді. Бұл үрдістегі негізгі мәселе: білім берудің мазмұны мен мақсатын өзгерту болып отыр. Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды енгізу. Өйткені, бүгінгі таңдағы білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын орындау немесе оқулықты пайдалану заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай, алға жылжу мүмкін емес.

Оқу материалдарын ұтымды игеруде электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп, түсіндіріледі. Теориялық материалдар иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсіну және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтеді және материалды қорыту үрдісі ұтымды болады. Электрондық оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім.

Электрондық оқулық дайындаудың тұжырымдық негізі оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық ұстанымдар жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Электрондық оқулықтармен жұмыс істеу әрбір білім алушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады.

Электрондық оқулық – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, моделдеу, тестілеу т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулықтардың өте тиімді қосымша мүмкіндіктері бар, атап айтқанда:

- кері байланыс тез арада қамтамасыз етіледі және оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатын болса, электрондық оқулық қажетті оқулықты табуға тез мүмкіндік береді;

- гипермәтінді түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Ең бастысы, электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірген заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескерген жөн:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалатын электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы;

- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс мәтінін қамтитын негізгі зертханалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші, аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест тапсырмалары, материалдарды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімі бөлімдерін қамтуы;

- электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын, яғни, берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы [3].

Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса, онда экрандағы жылжыту сызықтарын көп пайдалануға тура келеді. Мұның өзі пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді. Сондай-ақ кейбір пәндерге, атап айтқанда, физикаға, химияға, биологияға қатысты үрдістерді анимация арқылы көрсету, тіпті кинофильмдер мен диафильмдер үзінділерін сақтап, оларды гипермәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтынсарин Ы. Танд. шығ. 3 томдық. – А., 2003.
2. Караев Ж. Оценка деятельности учащихся в условиях применения педагогической технологии обучения. // Вестник высшей школы Казахстана. – 1998. – № 5. – С. 82-88.
3. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі. –Түркістан. – 2008 – 44 б.

Резюме

Бекболганов Е.Ж., к.п.н., ст.преподаватель кафедры социальной педагогики (г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Использование новых педагогических технологий для приобщения учащихся к творческому поиску

В статье рассматриваются проблемные вопросы в сфере образования. В данный период изменения в сфере образования связаны социально-экономическими преобразованиями в государстве, исходя из этого педагогическим кадрам возлагаются большие задачи по обновлению учебного процесса. Кардинальные изменения в сфере образования требуют нового подхода к применению новых педагогических и информационных коммуникационных технологий в учебно-воспитательном процессе. Кроме этого в статье рассматриваются вопросы применения ИКТ учащимися и роль в освоении нового материала. Применение ИКТ в учебном процессе играет большую роль в развитии творческого потенциала учащихся. Использование компьютера в учебном процессе учащимися играет огромную роль в становлении учащегося как личности умеющего адаптироваться в современном обществе.

Ключевые слова: воспитание, образование, технологии, творчество, мастер, обучение, компьютер, школы, дидактика, электронные книги.

Summary

Bekbolganov E.Zh., Ph.D., Senior teacher of the department of Socio Pedagogics (Almaty, the Kazakh state women's teacher training university)

The use of new educational technologies for introducing students to creative solutions

The article deals with problematic issues in the field of education. In this period, changes in the sphere of education are connected with socioeconomic transformations in the state, on the basis of this, pedagogical staff have great tasks in updating the educational process.

The cardinal changes in the sphere of education require a new approach to the application of new pedagogical and information communication technologies in the teaching and upbringing process. In addition, the article examines the use of ICT by students and the role in the development of new material.

The use of ICT in the educational process plays a big role in developing the creative potential of students. The use of computers in the learning process by students plays a huge role in the formation of the student as a person who can adapt in modern society.

Key words: Education, education, technology, creativity, master, training, computer, schools, didactics, e-books

МРНТИ 14.07.09

Л.М. Жүргімбаева, п.ғ.м., оқытушы,
(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)

ТІЛ МЕН ПӘНДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Аңдатпа

Мақалада елімізде Елбасының «үштұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар, Қазақстанда білім беруді дамыту туралы кезең-кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламалар және оның талаптары бойынша мектепте пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту мәселелері қамтылады. Сондай-ақ Еуропалық комиссия жаһандану заманында мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігінің бір белгісі ретінде әзірлеген пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) әдісі туралы баяндалады. CLIL әдісі тілдерді және басқа тілдерде пәндерді оқытуды, игеруді жүзеге асыруға бағытталған. Бұл әдіс біздің елімізде Назарбаев зияткерлік мектептерінде қолданылуда. Автор осы әдісті еліміздің білім мекемелерінде оқу үдерісіне кеңінен енгізу туралы ой қозғайды.

Түйін сөздер: көптілділік, тіл үйрену, пәндік және тілдік мақсаттар, тілдік дағды, коммуникативтік, кіріктіріп оқыту.

Жаһандану үдерісі ерекше қарқын алып отырған ХХІ ғасырда мемлекетшілдік рухы биік, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру қаншалықты маңызды болса, өзге елдердің өрендерімен иық теңестіре алатын, бәсекеге қабілетті, өзгермелі дүние жағдайына жылдам бейімделе алатын тұлға тәрбиелеу соншалықты мәнді. Бұдан ертеңгі ұлт болашағы үшін жас ұрпаққа көптілді білім беру талабы келіп туындайды. Бұл талап бізге, біздің халыққа жат емес. Оның айқын дәлелі – қай нәрсені де тереңнен толғап, тоқсан ауыз сөзді тобықтай етіп түйе білетін ата-бабаларымыздың жас ұрпағына ежелден-ақ «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген өсиеті. Осы бір ауыз сөздің төркініне үңіле қараған адам бірнеше тілді білудің мәнін алдыңғы ұрпақтың қаншалықты терең ұғынғанын саралар еді. Шындығында да, тілсіз адам да, қоғам да, ұлт та, мемлекет те болмақ емес. Тілсіз тіршіліктің мәні де, сәні де жоқ. Тілсіз өркениет жоқ. Өркениетсіз адамзат баласының даму жолы баянсыз. Осы орайда Президент Н.Назарбаевтың өзара коммуникация мен интеграцияға бағыт алған бүгінгі әлемдік өркениет үдерістерінің шамасы мен бағытын дәл түсініп, анық ұғынып, қазақстандықтардың неғұрлым көп тіл білген сайын еліміздің бәсекеге қабілетті болатындығын тереңінен ойластырып айтқан пікірлері уақыт өткен сайын өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Еурокомиссия Еуроодаққа мүше елдердің білім беру жүйелеріне «ана тілімен қоса екі шет тілін оқыту» қағидасының енгізілгенін жариялағаны белгілі. Сондықтан көптілді білім беру білім ошағындағы көпмәдениеттілік, ақпараттық және коммуникативтікпен қатар базалық құзыреттілік ретінде қойылып отыр.

Елбасының бастауымен, үкіметтің қостауымен елімізде «үштұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру үшін нақтылы іс-шаралар қабылданды. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көптілділік Стратегиялық маңызды міндет екені атап көрсетілген. Президенттің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» республика мектептерінде үш тілде білім беруге көшу жоспарланып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрілігінің Бағдарламасы бойынша 2017-2018 оқу жылында 5-сыныптан бастап үш тілде білім беруді кезең-кезеңімен енгізу басталады. Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандарттарына сәйкес тілдік пәндер бойынша отандық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен әзірленетін болады. Сондай-ақ жоғарғы сыныптар үшін информатика, физика, химия және биология пәндері бойынша шетелдік оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер ыңғайластырылады.

Министрліктің бағдарламасына сәйкес орта мектептердің 10-11 сыныптары ғана 2019 жылдың қыркүйегінен бастап, физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқи бастайды. Сондай-ақ, математика, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география қазақ тілінде оқытылады. Сондықтан уақыт бүгін пән мен тілді кіріктіріп оқытуды талап етуде. Айталық, ағылшын тілін осы тілдің маманы болу үшін оқыту жеткіліксіз, ал оны басқа пәндерден де осы тілде сабақ беруге қабілетті болу үшін оқыту керек. Мұны, яғни, пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) әдісін Еуропа елдері оншақты жылдан бері қолданып келеді. Бұл әдісті Еуропалық комиссия жаһандану заманында мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігінің бір белгісі болып табылатын тілдерді және басқа тілдерде пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзірлеген.

CLIL әдісі дегеніміз не? Ол, біріншіден, тілді мәдениетаралық түсінісуге, халықаралық көзқарасты қалыптастыруға және жалпы білім сапасын жақсартуға дайындық құралы ретінде қарастырылады. Екіншіден, ол пәнді оқуға және пән арқылы тілді үйренуге бағытталған әдіс, ал, үшіншіден, екі немесе үш тіл (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) арқылы пәндерді оқу және пәндерді оқу барысында тіл үйренуді жетілдіру, пәндік және тілдік мақсаттарға қатар қол жеткізу деген сөз. CLIL әдісін мұнан әрі айқындай түсу үшін тағы біраз сипаттамаларға тоқтала кеткеніміз абзал. Мысалы, тіл, тілді үйрену үшін ғана емес, нақты пән бойынша білім алу үшін оқытылуға тиіс. Анығырақ айтқанда, тілдік дағдылар тек тілдік пәндерде ғана емес, басқа пәндер арқылы да дамытылуға тиіс. Оған қоса көптілділік дағдыны дамыту барысында оқытушы белсенді коммуникативтік орта құруы керек. Тиімді пәндік салалар бойынша оқыту саналы қарым-қатынасты және оқушылардың танымдық қызметін, сондай-ақ метакогнитивтік және металингвистикалық дағдыларды дамытады. Және бір айта кетеріміз, өз халқының мәдени құндылықтарын түсіну және өзге халықтардың мәдениетін құрметтеу пән мен тілді кіріктіріп оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Бүгінгі таңда кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, топтық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) сияқты озық педагогикалық әдістерді қолдануға көшетін кез келді. Оқу үдерісінде пәнді кіріктіре оқыту: ерекше дарынды оқушыларға мәнді де сапалы оқуға, сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға, оқушының ойлау әрекетін белсендіруге, сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін жандандыруға, сабақ үстінде өтілетін тақырыптың адам мен қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, алған білімдерін өмірде қолдана білуіне көмектеседі.

Мамандардың айтуынша, пән мен тілді кіріктіріп оқыту сабағында уақыттың көп бөлігі мәтінмен жұмыс істеуге берілсе де, мүмкіндігінше тілдік дағдылардың барлық түрлері қамтылуы керек. Оқу материалын таңдау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік дайындық деңгейлеріне сай, стильдері әртүрлі түпнұсқаға барабар мәтіндерді іріктеу қажет. Мәтіндер шағын бөліктерге бөлініп, суреттермен, схемалармен қоса берілсе, материалды оқушылар тез қабылдайды.

Шын мәнінде сабақ мәтіндер, мәтінге дейінгі оқу және мәтіннен кейінгі оқу тапсырмаларынан тұрады. Ол тапсырмалар тілдік дағдыларды ғана емес, танымдық (когнитивтік) дағдыларды да қалыптастырады. Танымдық дағдыларды ойлаудың танып-білу, сәйкестендіру және түсіну сияқты қарапайым деңгейінен талдау, жинақтау, зерттеу, бағалау секілді жоғары деңгейіне қарай қалыптастыру қажет. Көрнекі құралдарда бейнеленген мәтіндер оқушылардың сабақты түсінуін жеңілдетеді. Материалды мәтіннен кестеге енгізсе, оқушы мәліметтерді іріктеуді үйренеді, негізгі мәліметті қосалқы мәліметтен ажыратуға дағдыланады. Тағы бір айта кетеріміз, сабақ барысында аудио және бейне материалдарды ұтымды пайдалана білсек, сабақтың тиімділігі арта түседі. Оқытушы сабақты жоспарлау кезінде материалдың бір бөлігін аудио мәтін түрінде бере алады. Сондай-ақ оқытудың зерттеу әдістерін қолдана отырып материалды диалог пен әңгімелесу арқылы игеруге де

болады. Сабақты тыңдалымды жазылыммен де байланыстыруға болады (кестелер толтыру, сызбалар сызу, көп нүктенің орнына сөздер жазу және т.б.).

Барлығы жұмыс жоспарынан басталатыны сөзсіз, сондықтан сабақты жоспарлау кезінде мұғалім ең әуелі оның мақсаты мен міндетін, күтілетін нәтижесін анықтап алуы тиіс. Сонан соң пән мазмұнын игеру үшін қандай тексерістер мен арнайы терминдерді қолдану керектігін, қандай көрнекіліктерді қолдануға болатынын айқындайды. Сабақ барысында оқытушы баяу сөйлеп, әр сөзді анық айтуға, тілдік оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым сияқты дағдыларын дамытуға көңіл бөлінгені абзал. Мүмкіндігінше оқушылардың қабылдауына жеңіл лексиканы қолдануға, тірек сөздермен жұмыс жасауға көбірек көңіл бөлінгені жөн. Осы арада ескертетін тағы бір жайт: пәнді екінші немесе үшінші тілде оқытудың бастапқы кезінде оқушыға өзіне ең көп түсінікті бірінші тілде сөйлеуге мүмкіндік берілгені дұрыс. Ал мұғалім болса екінші және үшінші тілде жауап беруі тиіс. Дегенмен бірте-бірте оқушыны екінші және үшінші тілде сөйлеуге дағдыландыруға ұмтылған жөн.

Жалпы, пәндер мен тілдерді кіріктіріп оқыту (CLIL) әдісі қазақстандық білім беру үдерісіне жаңа енгізіліп келе жатқан әдіс. Бүгінде ол Назарбаев зияткерлік мектептерінде қолданылуда. Зияткерлік мектептерде оқыту тіліне қарамастан «Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері», «География», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәндері қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы», «Информатика» пәндері орыс тілінде, жоғары мектептердегі жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер жаңа пән «Жаһандық көзқарастар және жоба жұмыстары» ағылшын тілінде оқытылуда. Әрине, тілдер мен пәндерді кіріктіріп оқыту (CLIL) әдісін өмірге батыл енгізу оңай шаруа емес. Ең алдымен көп тіл білетін мамандар керек екенін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің жоғары оқу орындарында көптілді педагог кадрлар даярлауды тездету, инновациялық, көптілділік моделі бойынша үш тілде білім беретін мектептердің санын 33-тен 700-ге дейін жеткізу қажеттігі атап көрсетілген. Оған қоса 2012 жылы Білім және ғылым министрлігі Көптілді білім беру тұжырымдамасын қабылдады. Осы құжаттарда белгіленген міндеттерді шешу үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Көптілді білім беру институты ашылып, оған білікті профессор-оқытушылар шоғырландырылды. Қазір жекелеген мамандықтар бойынша түлектер қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін жағдай жасалған. Жыл сайын оның өрісі кеңейіп келеді.

Университет бойынша кәсіби әлеуеті жоғары 50-ден аса оқытушы-профессор көп тілде маман дайындауға қызмет етіп жүр. Мысалы, Көптілді білім беру институтындағы педагог-мамандар университет студенттеріне «Шетел тілі В1», «Шетел тілі В2» және «Көптілді білім беру» (қазақ, орыс, ағылшын) пәндері бойынша практикалық сабақтарын өткізеді. Соңғы төрт жылдың мәліметі бойынша университетте көптілділік бағытында білім алып жатқан топтар саны мен студенттер көрсеткіші мынадай: 2012-2013 оқу жылында – 13 топ (139 студент); 2013 - 2014 оқу жылында – 51 топ (656 студент); 2014 – 2015 оқу жылында – 48 топ (585 студент); 2015-2016 оқу жылында – 41 топ (511 студент).

Университетте бірнеше мамандықтардан кейбір пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Атап айтқанда: 5B030100 – Құқықтану мамандығында – 5 пән; 5B011400 - Тарих мамандығында - 2; 5B011600 – География мамандығында – 3; 5B010300 – Педагогика және психология мамандығында – 3; 5B020200 – Халықаралық қатынастар мамандығында – 19; 5B030200 – Халықаралық құқық – 4; 5B011000 – Физика – 2; 5B011100 – Информатика – 3; 5B010900 – Математика – 2 пән бойынша ағылшын тілінде оқытылады. Ағылшын тілінде жүргізілетін пәндер: бакалавриат бойынша – 59; магистратура бойынша – 8. Болашақта докторантурада да бұл бағыттағы жұмыстарды кеңейту жоспарлануда.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін педагогикалық жоғары оқу орындары осы бағытпен көптілді мамандар даярлауды жеделдетуі керек. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы:

жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын 2017 жылғы Жолдауында үштілді оқуға кезең-кезеңімен көшу туралы тағы да баса айтты. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін елімізде көптілді мамандар даярлау, сабақ үдерісіне (CLIL) әдісі сияқты озық технологияларды батыл енгізу уақыт талабына айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17 қаңтар, 2014.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», Қазақстан халқына Жолдау. 31 қаңтар, 2017.
3. Гумбольдт В. Тіл білімі туралы таңдамалы шығармалар. – М., 1984. – Б. 65.
4. Тіл – ұлттық сана-сезім айнасы. ref.rushkolink.ru/v41775/
5. Маслова В.А. Лингвомәдениет: оқу құралы. – М., 2001.
6. Пірәлиев С. Жаңа ғасырға – жаңа мұғалім: мақалалар мен зерттеулер. – А.: Ұлағат, 2015.

Резюме

Интегрированное обучение языка и предмета – веление времени

Л.М.Жургимбаева, *магистр педагогических наук, преподаватель,*

(г. Алматы, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая)

Статья содержит вопросы обучения «языковой» политики, направленных на осуществление мероприятий по развитию образования, дисциплин в школе и требования государственных программ по обучению на казахском, русском и английском языках. А также, в эпоху глобализации, интеграции, разработанной Европейской комиссией, в качестве одного из признаков конкурентоспособности выпускников школы описан метод обучения предмета и языка (CLIL). Метод CLIL направлен на осуществление разработки преподавания языков и других предметов. В нашей стране этот метод используется в Назарбаев интеллектуальных школах. Автор продвигает мысль о широком внедрении этого метода в учебный процесс в учреждениях образования страны.

Ключевые слова: многоязычие, изучение языка, предметные и языковые цели, языковые навыки, коммуникативный, интегрированное обучение.

Summaru

Integrated learning of language and subject is indication of time

L.M. Zhurgimbayeva, *m.a., lecturer,*

(Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abai)

This article contains questions of learning the "language" policy, aimed at the implementation of measures for the development of education, disciplines at school and the requirements of state programs for training in Kazakh, Russian and English languages. And, in the era of globalization, integration, developed by the European Commission, as a sign of the competitiveness of graduates described the object method of teaching and language (CLIL). CLIL method is aimed at the implementation of the development of the teaching of languages and other subjects. In our country, this method is used in the Nazarbayev Intellectual Schools. Author promotes the idea of a broad implementation of this method in the educational process in the country's educational institutions.

Keywords: multilingualism, language, subject and language goals, language skills, communicative, integrated learning.

МРНТИ 15.31.31

А.А. Мақұлбекова, *дефектология мамандығы бойынша п.ғ.магистрі, оқытушы*
А.М. Жамбулова, *3-курс студенті*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ИНДИГО БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заман балалары яғни, индиго балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат берілген. Индиго балалар – өмірде сирек кездесетін ерекше қасиеті бар балалар. Олар – біздің ғаламшарымыздағы сана мен ақыл қабілеттері ерекше көзқарастағы балалардың бірегей тобы болып табылады. Өмірдің басты заңы – даму, ілгерілеу, озу болса, ғалымдар XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында жаңа түр дүниеге келгеніне күмән келтірмей отыр. Олар адамдар емес, олар – Индиго.

Түйін сөздер: Индиго, Индиго балалар, биокомпьютер, лидер, интеллектуал, миссия, аура, интуиция, ноосфера, психология, авторитарлық, гуманист, гиперактивтілік, концептуалист, модель, философия.

Ұлт көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздерге, жастарға, ерекше сенім арта отырып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударады. Ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларының басым бағыттары жастармен тікелей байланысты болуы, кез келген мемлекеттік маңызы бар стратегиялар мен мақалаларында, сөздерінде әркез өскелең ұрпақты тілге тиек етуі – соның айқын дәлелі.

Мақсат – айқын, міндет – біреу: ел еңсесін еселеу жолында аянбай еңбек етіп, білімнің алтын қазығын игеру. Олай болса, Елбасының мығым әрі мықты, сындарлы да салиқалы саясатын қолдай отыра, ел игілігі үшін бар күш-жігеріміз бен білімімізді сала бермекпіз.

Осыған байланысты қазіргі таңның бірден-бір мәселесі – балалардың психологиялық жағдайы. Қазіргі таңда балалардың психологиялық қалып-күйі, оның ерекшеліктері жан-жақты зерттелмей отыр, соның ішінде – «болашақтың адамдары», «алтыншы нәсіл» деп ат қойылып, айдар тағылып үлгерілген «индиго» феномені. Яғни – «Индиго балалар». Осы «Индиго балалар» тақырыбын зерттеу ерекше маңызға ие болады.

Жалпы, «индиго балалар» жайында алғаш Бернард Шоудың «Мафусаилге қайта оралу» атты пьесасында кездеседі. Автор тікелей атамаса да, жанамалап көрсетеді. Шығармада: «Олар маған келіп өз баласының ерекше туғандығын айтады. Ондай бала әлі жер бетінде болмаған» деп көрсетеді. «Индиго» ұғымын пайдалануға енгізген Ли Кэрролл, Джен Тубер болатын. Зерттеушілер атақты «Индиго балалар» еңбегінде: «Олар қасиетті мүддемен келді: махаббат пен келісімге, шыншылдыққа негізделген жаңа қоғамның туғанын айтпақ. Адамзат дамуының жаңа баспалдағын баспақ. Өткенге тамырымен байланған бүгінгі әлемге олар болашақтан келді. Олар сезімінің кәметінде. Жалғандық пен жасандылықты жек көреді. Енді ойлап көріңіз, жасандылыққа негізделген бұл қоғамда өмір сүру оларға қаншалықты ауыр екенін. Өз балаларыңыздың дамуын шектемеңіздер, оларға көмектесіңіздер, олар – біздің және мына әлемнің болашағы», – деген еді [1].

«Индиголар» қай уақытта дүниеге келе бастады деген сауалға ғалымдар бір ауыздан 1975 жылы Уран Сарышаян белгісіне кірген кезде өмірге келе бастады деген. Ал олардың жаппай туылуы 1985 жылдың тамыз айының аяғынан бастап, яғни Прозерпина жұлдызы Сарышаян белгісіне кірген кезде басталған [1].

Ресейлік зерттеуші физика-математика ғылымдарының докторы Владислав Луговенко Индиго балалар тақырыбына жан-жақты зерттеу жүргізген.

Индиго балалар жайлы өз пікірлерін қалдырған ресейлік ғалымдар, атап айтсақ: Владимир Воробьев, Елена Воин, Диана Богоявленская, Владимир Кудрявцев [2].

Индиго – өмірде сирек кездесетін ерекше қасиеті бар балалар. Олар – біздің ғаламшарымыздағы сана мен ақыл қабілеттері ерекше көзқарастағы балалардың бірегей тобы болып табылады. Олар аса дарынды, қабілетті, өзгелерден ерекше, тіпті олардың ДНК құрылымы да басқаша жандар. Олар жердің ақпарат өрісімен тікелей байланысқа түсе алатын биокомпьютер сияқты қабілетке ие. Мұндай баласы бар ата-аналар оған ерекше ықыласпен қарап, әрдайым қолдап, қолпаштап отыруы қажет. Себебі индиго баланың жүрегі өте нәзік сезімтал болып келеді.

Индиго балалар бұл өмірге өздерінің ниеттерімен және тума дарындарымен дүниеге келген. Олар дүниеге келер уақытта жоғарғы жақтан біздің ойымызға келмейтін, түсінігімізге әлі жетпеген тапсырмамен келеді. Олар шындыққа көз жеткізуге, өмірдің мәнісін түсінуге көмектеседі. Бұл балаларда терең түсінік пен шынайылық жасырулы. Индиго балалар көбінесе шығармашыл, тәуелсіз, басқа жасөспірімдермен салыстырғанда жалғыздықтан және түсініспеушіліктен зардап шегетін жандар. Балалық шақтан бастап олар тағдыр тартысы туралы әңгімелер айта бастайды және де басқа балалардан айырмашылығы – олар өмірге ерте араласады, жалпы айтқанда ерте есейеді, олардың тәрбиесінде басқаша болады, лидерлік қасиетке ие, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болады.

XX ғасырдың басы 70-80 жылдардың аяғында, қалыпты дамуы бар балаларға ұқсамайтын балалар көптеп туыла бастады. Жаңа туылған нәрестенің ересек көзбен туылуы дәрігерлерді қайран қалдырды. Әдетте, жаңа туылған нәрестелердің затқа назар аударуы болмайды, ол даму үстінде қалыптасатын үрдіс, ал бұл балалар жаңа туылғаннан бастап затқа тура әрі анық қарай бастады. Уақыт өтіп есейе келе, бұл балалармен ата-аналарының да қарым-қатынасы қиындай түсті. Мектепте оқығысы келмей, өзгелерді тыңдамай, өзінің жолдастарымен қарым-қатынасы нашарлайды, бірақ осыған қарамастан бұл балалар өте дарынды болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша олардың қабілеттерінің жоғары деңгейде болуы ғалымдарды таңғалдырды. Бұл балалар мектеп бағдарламасынан басқа мәліметтерді көп білді. Америкалық психолог Ли Кэрроллдың дәлелі бойынша бұл балалар интеллектуалдық қабілеттерімен, әлемді танып білуімен, өзінің құрдастарынан және ата-аналарынан асып түсуімен көзге түсті. Индиго балалар ақылды, дарынды, дамыған, бірақ ешкімге бағынғысы келмейді. Олар өздеріне ыңғайлы және тек өздері ғана жақсы білетін бағдарлама бойынша өмір сүреді. Ерте жастан бастап олар айналасындағыларды осы дүниеге маңызды миссиямен келгендеріне сендірді [2].

Негізінен бұрынғы заманда «Индиго балалар» деген арнайы термин болмаған, оларды әртүрлі атаған: күн балалары, жаңа мың жыл балалары және көбіне жай ғана дарынды балалар деп атаған. Кейіннен америкалық психолог Нэнси Тэпптің (1892 ж.). «Как цвет помогает лучше понять твою жизнь» деген кітабы жарық көрді. Н.Тэпп сол кітабында «Индиго балалар» деген сөзге нақты анықтама беріп, «Индиго балалар» деген термин жарық көрді. Н. Тэпп өзі көрген балалардың бәрінің аурасын зерттеді. Соның нәтижесінде адамдардың аурасының түсі ауысып тұратынын түсінді. XX ғасырдың 80-жылдарында Тэпп алғаш рет жаңа туылған нәрестеден «жарқын көгілдір, күлгін» түстерді байқаған болатын. Осылайша XX ғасырда «Индиго түсті» аурасы бар балалар әлемге белгілі бола бастады. Содан бері осы балаларды зерттеу алғаш АҚШ пен Қытайда, Жапония мен Франция мемлекеттерінде қолға алына бастады [1].

Академик Владимир Иванович Вернадскийдің тұжырымы бойынша XXI ғасырда адамзат ортасында ең бірінші (іштей ойлау) яғни интуиция орын алады. Интуиция – ол адамға тума берілетін қасиет. Бұл ойлау қабілеті арқылы ноосфера қабатын білуге мүмкіндік туады [4]. Психология ғылымының докторы, американдық Дорин Ворченің айтуынша, Индиго балаларды қарапайым адамдардан ажыратуда қиындық тудырмайды екен. Ондай балалар табиғатынан дарынды, интеллектуалдық ойлауы жоғары, психологиялық тұрғыда төзімді келеді. Олар әр нәрсенің шешімінің жеңіл жолдарын қарастырып, кең ауқымда саралай алады. Қатал тәрбие жұмыстарына бағынбай, жазалау, төмендету, қорқыту секілді

ескертулерді қаперіне алмайды. Жасаған іс-әрекеттерін түсіндіріп жатпайды, бостандықты жандары сүйеді. Күрделі мәселелерге келген кезде ішкі түйсіктерін қосып, қорықпай шешім қабылдай береді [4].

Психолог Ли Кэрролл және Джен Тобер индиго балалардың тәртібіне байланысты ерекшеліктеріне қарап оларға мынандай сипаттама берген – аса сезімталдылық, аса тым энергиялылық, қызығушылығын тез ауыстыру, үлкендермен қарым-қатынаста болуы, авторитарлыққа қарсы болуы, еңбекке деген қабілетінің ерекшелігі, ойының идеяға толы болуы, пассивті түрде мектеп бағдарламасынан бас тартуы және де ойының шашыраңқылығы, оның қиындықтары [2].

Педагог-психолог Ш.А.Амонашвили өзінің бір еңбегінде Индиго балалар туралы: «Оларда өмірге келген уақытта есте сақтау үдерісі жақсы сақталады. Бала арнайы тапсырылған тапсырмамен келеді. Барлық ойларын Чаша арқылы байланыстырды, себебі индиго балалар құдайдың балалары», – деген екен. Чаша деп отырғанымыз ол өмір мәңгі сақталатын жер [3].

Индиго балалардың 4 типі болады екен. Олардың әрқайсысы өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді.

1) **Гуманисттер.** Олар көпшілікке қызмет жасайды және де көп адамдармен жұмыс жасауға қабілетті.

Олар болашақта дәрігер, заңгер, мұғалім, теңізші, бизнесмен және саясаткер бола алады. Олар тез тіл табысқыш, кез келген жағдаяттардан шыға алуға қабілетті, әдемі және мәдениетті сөйлейді. Олар өз-өздеріне сенімді, әрі тура жауап береді. Физикалық тұрғыда гуманист балалар немқұрайлы болады, себебі гиперактивтілік өте басым. Балалық шақтары тек бір ойыншықпен шектеліп қалмайды, көзіне түскен ойыншықтардың барлығын ұстап көреді немесе мүлдем заттарға тиіспейді. Бұл балаларға мысал келтіретін болсақ: оларға бөлмені жинап қой деген тапсырма беретін болсақ, ол үшін оған алдын ала бірнеше рет есекертіп қою керек, себебі олардың ойлары шашыраңқы болады.

2) **Концептуалистер.** Бұл типтегі балалар өздерінің қызығушылықтарына аса көп мән береді. Мысалы бір жобамен айналыса бастаса, сол жоба бітпейінше орнынан тапжылмайды. Болашақ мамандықтары: инженерлер, архитекторлар, дизайнерлер, әлеуметтік қызметкерлер, ұшқыштар және ғарышкерлер. Олар көбіне жүйелі, құрылыммен жұмыс жасайды. Егерде осы типтегі бала ұл болатын болса, ол өзі жұмыс жасайтын объектіде жоғары лауазымды бастық болып отырады. Ал қыздар жағы көбінесе әлсіздеу болады. Егерде олар ата анасынан айырылатын болса, бұл жағдай олардың өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Бұл типтегілер көбінесе шылымға, есірткіге берілгіш, зиянды әрекеттерге әуес болып табылады.

3) **Суретшілер.** Бұл типтегі балалар сезімтал келеді. Олар жан-жақты, өнердің қыр-сырын түсінетін жандар. Болашақ мамандықтары: суретшілер және мұғалімдер. Егерде басқа салада жұмыс жасайтын болса, ол саланы тез игеріп кетеді. Ал егер олар өнер саласына келетін болса, олардан нағыз актер шығады. Бұл типтегі индиго балалар 4-10 жас аралығында өнердің әр саласын қызық көріп, оны көріп шығады.

4) **Әр өлшеммен өмір сүретіндер.** Бұл индиго балалардың төртінші типі болып есептеледі. Бұл типтегі балалар басқа типтегілерге қарағанда ірі болады. 1 немесе 2 жасқа келгенде олар өз бетімен өмір сүре бастайды. Олар: *Өзім білем, Өзім жасай алам, Қолымнан бәрі келеді* деген қағидамен өмір сүреді. Бұл типтегі индиго балалар өмірге, ғылымға философиялық еңбектер мен діндер әкеледі.

Индиго балалардың көбісі қоршаған ортада еш қиындықсыз өзін еркін ұстайды. Олар қазіргі таңның балаларына қарағанда өте ерекше болып табылады. Олар жоғары дамыған санасымен, керемет түйсігімен, көріпкелдік және адамның ойын оқи алушылығымен, үлкен даналығымен ерекшеленеді.

Маңызды құндылықтарының бірі:

1. Оларды басқару мүмкін емес.
2. Оларды жазалау мүмкін емес.

3. Олар өте дарынды, тіпті өз ата аналарынан да.
4. Олар басқаның басшылығын қабылдай алмайды.
5. Олардың зейіні тұрақсыз.
6. Олар оңайлықпен өз жұмыстарын аяқтайды.
7. Мектеп бағдарламасына мүлдем қарамайды.

8. 7 пунктті ескермей отырып, олар өз үйлерінде немесе мектеп қабырғасында басқа ғылыммен айналысқанды ұнатады және бұл істерін дұрыс көреді.

Қазіргі заманның балалары адамның жаңа моделі ретінде дүниеге келуде. Индиго балалардың ерекшелігі қоршаған ортаны терең тануында. Олар адамды өте жеңіл түсінеді, кейбірі тіпті ғылыми, кейбірі философиялық түрде түсінуге қабілетті. Интуиция арнайы осы индиго балаларға берілген. Себебі бұл балалардың ойлау қабілеті жоғары әрі жаңа технологияларға өзгеріс ендіретін осы балалар. Индиго балалар өзінің дарындылығын, терең түсінігін үлкендермен бөліскісі келеді, оларға жалған сөйлемей, бар ойын іркілмей айту мақсатында оларға көмек берген жөн. Ер жеткен уақытта осы қабілеттері сақталып қалады. Егерде индиго балалар өз ішіндегі дауысын тыңдамаса, өздерін бағдарлай алмай қалады. Индиго балалар өмірге сеніммен келеді, себебі олар құдайдың балалары. Олардың ойларынша: барша үлкен тұлғалар, тіпті олардың ата-аналары құдайдың балалары. Оларды ата-аналары басқа жолға салса, олар қиындыққа ұшырап, мазасызданады. Олар көбінесе өз ойларын періштелерге айтады. Олар құдайды растаушылар, құдайдың балалары болып есептеледі.

Индиго балалар жаратылыста көп емес, өте сирек кездеседі. Сол себептен олар өте дарынды, қабілетті. Олардың бойында мынадай қасиеттер бар: әділдік, шынайылық, сезім, мейірімділік, даналылық, оларды өмір жолында осы қасиеттерді тасымалдайды. Олар қалыпты балаларға және үлкендерге қарағанда дарынды. Американдық тестке қарайтын болсақ, бір мектеп оқушысы мектеп бағдарламасына үлгермейді екен, ол Индиго бала, себебі ол бала өнер жағына немесе ғылымның басқа саласына мән беретін тұлға. Ондай балаларды шет елдерде жоғары деңгейде бағалайды. Америкалық психолог Ли Кэроллдың айтуынша Индиго балалар өмірге келген соң, өсе келе аналарымен бірге кітап дүкеніне барып, оларға кітап алғызады, оларды қызықтыратын жайт ол кітапта не туралы айтылғандығы. Қалыпты бала білмек түгіл мән бермейді де, ал индиго балалар кеңістіктегі мәліметті тез іліп алады.

Индиго балалар жаңа заманға сай техникалардың барлығынан хабардар. Мысал ретінде «Дети Индиго2» кітабында екі жасар бала үй ішінде ешкім жоқ болғандықтан, бір кино қарайын деп ұнтаспаны өзіне ыңғайлы етіп қосып, кино көрген. Әсіресе Индиго балалар тылсым дүниемен тікелей байланысты. Олар басқаның ойын оқиды, болашағын болжайды. Индиго балалар туа сала дарынды, қабілетті келеді дегенге осылайша көз жеткіздік [4].

«Индиго балалар» тақырыбы өте қызық әрі ауқымды тақырыптардың бірі. Адамдардың бойындағы ерекше қабілеті, оны басқаларға қарағанда оқшауландырып тұрады. Бұл қабілет сырын ашу әлі күнге дейін жұмбақ секілді. Ой-өріс қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушыларға мектептегі оқу кезіндегі қарқындылық тән. Кейбіреулерінің ақыл-ойы табанды түрде дамиды да өз қатарластарын басып озады. Олардың ақыл-ойының кемегерлігі сонша оларды байқамау мүмкін емес. Мұндай балалар 2-3 жастан оқуды, жазуды, сызуды үйренеді де, өсе келе белгілі бір ғылым түрлерімен шұғылданады. Олардың қызығушылығы ауысып отырғанымен, ақыл-ойға салмақ салатын пәндерге деген талпынысы төмендемейді. Бұл балалардың бойында белгілі бір қабілеттердің жарқын көрінісі, ой-өріс деңгейінің жалпы көрінуімен, дамуымен, ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады.

Индиго балалар жаратылыста көп емес, өте сирек кездеседі. Сол себептен олар өте дарынды, қабілетті. Бала қабілеті – арнайы құбылыс, дарынды балалар жаңа жағдаяттарда аса сезімтал болады. Сондықтан да дарынды оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің де арнайы даярлығы болуы тиіс деп ойлаймын. Әйтсе де, осы балалар өсе келе таланты кеміп, томаға тұйық болып қалады деген пікірлер де жиі кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кэрролл Ли, Тоубер Джен. Дети Индиго. – М., София. 2004.
2. Кэрроп Ли, Тоубер Джен. Дети Индиго–2. – М., София, 2004.
3. Амонашвили Ш.А. Спешите, дети, будем учиться летать. – М.: Изд. Дом Шалвы Амонашвили, 2005.
4. Аверьянова Т.В. Дети Индиго – будущее планеты.

Резюме

Макулбекова А.А., *магистр педагогических наук по специальности дефектология, преподаватель, Жамбулова А.М. студент 3курса*
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Психологические особенности детей индиго

В статье рассматриваются, про детей сегодняшнего века, о психологических особенностях детей Индиго. Индиго – имеет редкое качество жизни. Они хорошо развиты, они являются уникальной группой детей нашей планеты. Закон жизни – в прогрессе в лидерстве, в начале двадцать первого века и в конце двадцатого века, ученые убедились что это начало новой эры, рождение новых видов. Они не люди, они – Индиго.

Ключевые слова: Индиго, дети индиго, биокomпьютер, лидер, интеллектual, миссия, аура, интуиция, ноосфера, психология, авторитарный, гуманист, гиперактивность, концептуалист, модель, философия.

Summary

Makulbekova A.A., *Master of Pedagogics with a degree in defectology, teacher, Zhambulova A.M., student of the 3d year*
(Kazakh State Women's Teacher Training University, c. Almaty)

Psychological features indigo child

The article presents, about the present century children of the psychological aspects of the Indigo children. Indigo - a rare quality of life. They are well developed, they are a unique group of children on our planet. The law of life - in progress in the lead of the early twenty-first century and the late twentieth century, scientists were convinced that this is the beginning of a new era, the birth of new species. They are not people, they are – Indigo.

Key words: Indigo, indigo children, biocomputer leader Intelektual mission, the aura, the intuition, the noosphere, Psychology, authoritarian, humanist, hyperactivity, conceptual model and philosophy.

МРНТИ 14.01.45

Е.С.Мустапаев, *арнайы пәндер оқытушысы*
(Алматы қ., Алматы индустриалды колледжі)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заманның өзекті мәселесі – құзыреттілікті білім алушылардың ақыл-ойына мәдениет және педагогика арқылы ендіртудің маңызы, оның педагогикалық бақылау түрлері қарастырылған.

Еліміздің егемендік алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарға түсуі шет тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап

беретіндігі және шет тілін оқыту барысында білім алушыларды өздеріне жат әлемді түсіне білуге үйрету керектігі сипатталған.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренетіндігі айқын көрсетілген. Олар өз әлемін, тілін, мәдениетін білмей, мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігіне қол жеткізу мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Білімалушылар жаңа шығармашылық іс-әрекетке, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге, жеке тұлғалық және мәдениетаралық қарым-қатынаста туындайтын қарама-қайшылықты болдырмауға және оларды шешуге икемді болуы қажет.

Түйін сөздер: мәдениет, құзыреттілік, бағалау, жүйе, кредиттік жүйе, бақылау, білім, білік, дағды, баға.

Өркениетті елдер қатарына жету деңгейінде жастарды қазіргі қоғамда ізгілікке, парасаттылыққа баулитын жалпы мәдениеттілігі, болашақ мамандығына деген кәсіби құзыреттілігі мен білімділігін арттыру өзекті мәселенің бірі болып отыр. Жалпы рухани құндылық, ұлттық мәдениет пен дәстүрді қорғау мәселесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдары болып келеді. Демек, еліміздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени өркендеуі өндірістің барлық салаларында қызмет жасайтын мамандарды даярлаудың сапасын жетілдіруді қажет етеді. Бұлар білім беру мен тәрбиелеу ісін жаңаша сипатта жаңғырту, жетілдіру міндеттерін қамтитын білім беру жүйелерінің қабылданған жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамаларда т.б. көрсетілген. Білім алушылардың тұлғасын қалыптастыру, олардың кәсіби маман есебіндегі көрінісін білдіретін құзыреттілігін мәдени тұрғыда қалыптастыру білім беру саласындағы түйткілді мәселе. Бұл мәселені теориялық талдауды алдымен арнайы ұғымдарды, түсініктерді анықтаудан бастаған дұрыс деп есептедік. Сондықтан бұл ұғымдардың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік т.б. әдебиеттердегі талдануын зерделеу маңызы.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді. Ал, кейде екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол, әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке тән өзгешеліктерге де байланысты болып келеді. Өйткені, әрбір тіл мен оны қолданушы тіл иелерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бірін-бірі түсіне бермейді» деп көрсетеді Е.М.Верещагин [1].

Білім алушылардың дидактика бойынша білім, білік, дағды, яғни, құзыреттіліктерін бақылау және есепке алу ерекшеліктерін педагогика бойынша білім алушылар оқу-танымдық әрекетінің нәтижелерін тексеру. Бұл мәселеге педагогикалық көп көңіл бөлінеді. Зерттеулерде оның:

- Оқу-таным әрекетінің спецификасы, әрдайым тексеру мен бағалаудың қажеттілігі;
- Тексерудің оқыту және тәрбиелеу сипатында болуы;
- Білім беру міндеттері мен сипатын, оқу пәні мен міндеттердің спецификасын есепке алу;
- Тексерудің оқу үдерісін ұйымдастыру және оның сипатымен тығыз байланысты жақтары көрсетіледі;
- Бұл қағидалар оқу-танымдық әрекетін тексеруді белгілейді. Міне, сондықтан, теориялық материалдың білімін анықтаумен қатар түрлі жаттығулар, практикалық тапсырмалар, есеп шығару әдістері ұсынылады [2].

Жоғары оқу орнындағы бақылау жүйесін емтихандар, сынақтар, ауызша жауаптар, жазбаша бақылау, реферат, коллоквиум, семинарлар, курстық жұмыстар, зертханалық бақылау жұмыстары, жобалар, күнделікті жазбалары, бақылау журналдары құрайды. Ауызша бақылау барысында тек білім тексеріліп қоймайды, сонымен қатар, ауызша сөйлеуге жаттығады, педагогикалық қарым-қатынас дамытылады. Жазбаша жұмыстар материалдың меңгерілуі деңгейін құжат түрінде көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ оны өткізуге көп уақыт жұмсалады.

Емтихан білім алушылар психикасына қосымша әсер етеді. Курстық және дипломдық жұмыстар болашақ маманның шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бақылау түрлерін үйлесімді біріктіру – ЖОО-дағы оқу үдерісін ұйымдастырылу деңгейінің көрсеткіші және оқытушының педагогикалық біліктілігінің маңызды көрсеткіші.

Уақыты бойынша педагогикалық бақылау ағымдық, тақырыптық, аралық, қорытынды, соңғы болып бөлінеді. Ағымдық бақылауда білім алушылар үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары деп ажыратуға мүмкіндік береді, оқу мотивациясын тудырады (сұрау, бақылау, тапсырмалар, өзін-өзі бақылау мәліметтерін тексеру). Тақырыптық бақылау – бағдарламаның нақты тақырыбын және тарауының нәтижелерін бағалау. Аралық бақылау – оқу материалының бір бөлігінен келесі сатысына өту үшін әрбір білім алушының оқу жетістіктерін тексеру. Қорытынды бақылау – курс бойынша емтихан. Өтілген пәнді оқытудың нәтижесі, бұнда білім алушының әрі қарай оқуға қабілеті анықталады. Соңғы бақылау – мемлекеттік бақылау, дипломды жұмысты немесе ғылыми жұмыстар мен жобаларды қорғау, мемлекеттік емтихан комиссиясының біліктілік беруі [3].

Бағалау және баға – өтілген педагогикалық бақылаудың нәтижелері. Бағалау – білім алушының білімі, іскерлігі, дағдысының оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігінің/сәйкессіздігін бекітетін тәсіл және нәтиже. Ол үлгермеушіліктің себептерін анықтау, оқу әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін береді. Оқытушы жауаптағы қателердің себептерін анықтайды, студентке қайта тапсыру, қайта қарау үшін не нәрсеге көңіл аударатынын көрсетеді.

Баға – бағалаудың сандық аналогы. Білімді бағалауда мына ұсыныстардан шығу керек:

- «Өте жақсы» берілген көлемдегі материалдық нақты және берік білген жағдайда қойылады. Жазбаша жұмыста қате болмауы тиіс. Ауызша сұрау кезінде білім алушының сөзі қисынды негізделген және грамматикалық қатесіз болуы тиіс.

- «Жақсы» елеусіз қателіктер, дәлсіздіктер (екі-үштен артық емес) барында пәнді берік білгені үшін қойылады.

- «Қанағаттанарлық» – елеулі қателіктері бар пәндік білім үшін қойылады, бірақ ол қателер әрі қарай оқуды жалғастыруға кедергі болмауы тиіс.

- «Қанағаттанарлықсыз» – ауызша жауабында немесе жазба жұмыстарында қате көп жіберілетін болса, пәнді білмесе қойылады.

Бұнда шкаланың артықшылығы – оның қарапайымдылығы, сондықтан ол кең таралған. Кемшіліктері: 1) оқытушы білім алушының үлгерімін жеке түсінеді. Мұнда оқытушының субъективтілігі, ағымдық үлгерімге реакциясы, білім алушының сабаққа қатысуы, іс-әрекеті, сыртқы түрі, өзін-өзі ұстауы, киім киісі және сөйлеуі әсер етеді. Бірақ сабаққа келмей-ақ жаттап алуға, конспект жазбай-ақ өте жақсы жауап беруге болмайды ма?! 2) әлсіз саралау қабілеті. Бұл жүйе (бес баллдық жүйе деп аталғанмен, төрт бағалау категориялары қолданылады) тек төрт топқа жіктеуге мүмкіндік береді.

Білімді бағалау мәселесі өзектілікке ие. Көптеген оқытушылар бес баллдық жүйеге «+» немесе «-» белгісін қосып, нәтижесінде 10 баллдық жүйе алады. Мысалы:

- 1 пәндік білімі жоқ;
- 2 өте нашар білім;
- 3(2-) – нашар білім;
- 4(2+) – қанағаттанарлықсыз білім;
- 5(3-) – аз қанағаттанарлық білім;

- 6(3+) – қанағаттанарлық білім;
- 7(4-) – жеткіліксіз деңгейдегі жақсы білім;
- 8(4+) – жақсы білім;
- 9(5-) – өте жақсы білім;
- 10 (5+) – өте, өте жақсы білім.

Кредиттік білім беру жағдайында, білімді бағалау 100 балдық жүйеде жүріп, бағалау саясатына байланысты мәліметтер силлабустың арнайы бөлімінде көрсетіледі. Білім бағалау мәліметінде білім бағалау шкаласы, критериясы, жұмыс түрлерінің тізімі және осы жұмыстарды орындау талаптары беріледі.

Әдетте, силлабуста келесі мәліметтер көрсетіледі:

- Барлық жұмыс түрлерін бағалау ережесі (максималды балл, айыптық және көтермелеу балдары);
- Қорытынды (емтихан) бағасын қою критериялары және апелляция ережесі;
- Сабаққа кешігу, сабақты қалдыру, дәрісханадағы тәртіп, жұмысты кеш тапсыру, емтиханға қатыспау т.б. мәселелер [4].

Вокалды-хор дикциясымен жұмыс жасаудың әдістемесі.

Вокалды-хор дикциясы тіл дикциясымен тығыз байланысты. Мұның өзі әрбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтып, сөздер мен сөйлемдерге дауыс екпінін дұрыс қоя білуді, музыкадағы мәнерліліктің көркемдік құралдарын пайдалана отырып, оның мазмұнын, идеясын тыңдаушыға жеткізе білуді, сөйтіп сезімге әсер етуді талап етеді.

Тіліміздегі сөйлеу орфоэпиясын әнді орындау кезінде түгелдей дерлік пайдалануға болмайды. Үндестік заңының ережелерін ән айтуда өте ұқыптылықпен икемді түрде пайдаланған жөн. Бұл ретте басшылыққа алатын басты принцип – сөздің мазмұны мен пішінін өзгертіп жібермеу және әуенге нұқсан келтірмеу. Әнді орындау кезінде ойды үзбей, өлең сөздерін анық айту оңай емес. Кейде студенттер вокалдық желіні әуендік нақышына келтіре орындап, бірақ сөздерді көмескі орындайды. Бұл дұрыс емес. Сөз – автордың ойын, шығарманың идеясын тыңдаушыға айқындап жеткізетін көркемдік құрал. Хормен орындаудың табиғатына байланысты хорды бір әуенді бірнеше әншілер орындайды, сондықтан олардың әрқайсысынан сөзді баса және дәлме-дәл әрі бір мезгілде айту қатаң талап етіледі.

Мәтінді мәнерлі орындап шығу үшін әннің әрбір тыныс белгісін, ұйқас, бунақ ерекшеліктерін барынша ұғынып, сөздерді мағынасына қарай топтастыра білу керек. Ол үшін тыныстың орын-орнымен дер кезінде алынуын қадағалаған жөн. Орынсыз жасалған кідіріс сөйлемдегі ұғымды түсінуге кедергі жасайды, ой желісін бұзады. Қисын, яғни логика – вокалды хор дикциясының басты элементі. Әндердегі жалаң сөздерді емес, олар жеткізіп тұрған нақтылы ойды дөп басу, сөйлем ішіндегі ой екпіні түсетін басты мағыналы сөзді таба білу, осыған орай дауыс ырғағы мен үн бояуын дұрыс келтіру хор әншілеріне қойылатын негізгі талап.

Хор репертуарымен жұмыс кезінде студенттердің дикциясын жетілдіруге ерекше көңіл бөлу қажет. Қазақтың күйлерін хорға арнап өңдеген композиторлардың ішінде Б. Байқадамовтың есімі ерекше аталады. Оның шығармаларында ұлттық ерекшелікті байқататын тың элементтер өте көп. Мысалы домбыра үнін бейнелейтін колористік тәсілдерді («дн», «дғ-дн») қайтарма сөздерді («риттәрәру», «гәгигәккә» т.б.) атауға болады. Б.Байқадамов қазақ музыкасында жаңа жанр ашты деуге болады. Композитор «Ақбай», «Ақсақ киік», «Келіншек», «Айжан қыз», «Шалқыма» атты өңдеулерінде хорға тән әдістерді пайдалана отырып, хор үніне драмалық сарын және терең мазмұн бере білген.

Әйелдер хорына арналған күйлер көбінесе жоғары курстарда орындалады. Себебі, метроритмикалық және дикциялық қиыншылықтар, бастапқы курс студенттерінің деңгейіне ерте деген ойдамыз. Жоғары курс студенттері мемлекеттік емтихан бағдарламасын дайындау барысында хор репертуарымен жұмыс жасайды. Хор шығармасымен жұмыс жасаудан бұрын әрбір студент хор шығармасын талдауды игерген жөн. Сабақтарда студенттердің алдағы уақытта болатын көркемдік-педагогикалық іс-әрекеттері, оның көлемі мен мазмұны, хор ұжымына педагогикалық жетекшілік етудің принциптері туралы ғылыми көзқарастары, музыкалық шығарманың көркемдік бейнесін жасауға байланысты нәтижелі шығармашылық тәсілді жүзеге асыруға қажетті тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерінде көрініс алған деңгейлері белгіленіп отыру қажет.

Оқытушы мен студенттің диалогтық қатынасы барысында шығармашылық проблемалардың шешімі бірлесе отырып талданып, іздестіріледі. Оқытудың проблемалық әдісін пайдалану (шығарманың мәнін ішінара дикциялық, интонациялық тұрғыда тазарту, өңдеу) хор шығармаларымен жұмыс жасау процесінде (Мысалы: Т.Базарбаевтың музыкасына Б.Бодауованың өңдеуіндегі «Өз елім» әні; Тен Чудің өңдеуіндегі қазақтың халық сазгері Ыбырайдың «Гәкку» шығармасы; Д.Ботбаевтың өңдеуіндегі қазақтың халық

әні «Назқоңыр» және т.б.) студенттерге өздерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін көрсетуге және оқу үдерісінде іскерлік ойынын өткізуге септігін тигізді.

Студенттерге бірқатар хор шығармалары бойынша (Мысалы: қазақтың халық әні «Япур-ай» хорға өңдеген М.Төлебаев; Абайдың әні «Айттым сәлем, Қаламқас» хорға өңдеген А.Молодов; музыкасы мен сөзі М.Төлебаевтікі «Отан»; сөзі Қ. Ыдырысовтікі, музыкасы С.Мұхамеджановтікі «Найзатасым, найзатасым»; музыкасы М.Рахимбаевтікі «Қайда да біргесің туған ел» және т.б.) жеңілдетілген: музыкалық бейненің сипаты, музыка құралының мәнерлілігі, формаларының нақтылығы, хордың өзіне тән ерекшеліктері, регистрі, реңкі, динамикасы, мәтіндік мазмұны, дикциясы бойынша тапсырмалар ұсынылуы тиіс.

Хор партитурасын талдау әдістері: 1. Әдеби мәтіннің авторы және оның шығармашылығы жайында қысқаша дерек. Әннің тақырыбы, мазмұны, идеясы, құрылымы. Оның музыкалық сарынмен байланысы және бірі-бірімен толықтыра үйлесуі;

2. Композитордың шығармашылығы жайында қысқаша дерек (шығармаларына қысқаша шолу жасап, стильдік ерекшеліктеріне тоқталу);

3. Шығарманың жанры, жазылу стилі (гармониялық, полифониялық, аралас); композициялық құрылымы; тональдығы мен сазы (лад), олардың өзгеруі, әуені мен гармониясының ерекшеліктері; дыбыс жүргізу мәнерлері (легато, стаккато, маркато); өлшемі мен ырғағы, агогикасы, динамикасы.

4. Хордың типі, түрі, құрамы, хор партияларының диапазондары, тесситурасы, әндік тыныстың ерекшеліктері, вокалдық қиындықтар, хор үнінің элементтері және олардың ерекшеліктері (ансамбль және строй).

5. Шығарманы мазмұнына қарай интерпритациялау: агогикалық, динамикалық өзгерістер, фразировка, кішігірім және басты кульминациялар.

Репертуар тандау үдерісіндегі басты талап – музыкалық шығармалар арқылы студенттің жан дүниесіне, жан сезіміне әсер ете отырып, эстетикалық белсенділігін арттыру, жоғарғы көркемдік талғаммен рухани дүниесін байыту. Ал осы талапқа сай болу үшін кез келген хордың репертуары әр салалы шығармалардан тұрады. Хор жетекшісі хордың вокалдық хор мүмкіншіліктерін дамыту мақсатында шығармаларды бірте-бірте қиындату тәсілін қолданады. Сөйтіп, 1-2 дауысты хор шығармаларынан бастаған студенттік хор, бара-бара қазақ ұлттық репертуарымен бірге шетел композиторларының, орыс классиктерінің, иммитация, полифония тәсілінде жазылған шығармаларын орындауы әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Романовская Е.Б. Хоровой словарь. – Москва: Музыка, 1986. – 54 с.
2. Майорская С.Э. Хоровой репертуар как средство эстетического воспитания студентов // Вопросы музыкального образования. – 1999. – №2. – С.35-41.
3. Әбуова К. Хор жүргізу. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993. – Б.12-13.
4. Меңдаякова Қ.М. Ән-күй пәнінің мұғалімін дайындаудың кейбір мәселелері // Проблемы подготовки учителя музыки. Методические рекомендации. – Алматы, 1997. – Б. 3-6.
5. Әсембекова К. Хор жүргізу негіздері. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. – Б. 5.
6. Кулманова Ш.Б. Теория и практика воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки. – Алматы, 1999. – Б. 25.

Резюме

Айнабекова Н.Т., преподаватель, магистр

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Особенности освоения хорового репертуара со студентами старших курсов

Данная статья рассматривает проблему стимулирования будущих учителей музыки через освоение учебного хорового репертуара. Так же статья направлена на выявление

главных задач будущих учителей музыки. В статье раскрывается смысл термина «репертуар» и рассматривается важность правильного выбора репертуара. Выдвигаются требования умения правильно выбирать репертуар студентам старших курсов. Особо отмечается важность репертуара во время подготовки к государственному экзамену и приводится пример разбора хоровой партитуры.

Ключевые слова: творческое мышление, национальный хоровой репертуар, учитель музыки, учебный процесс, профессиональная активность.

Summary

Aynabekova N.T.

(Master teacher, Kazakh State women's teacher training university s. Almaty)

Features of development of the choral repertoire with senior students

This article considers the problem of stimulating music of the future teachers through the development of training of choral repertoire. The article aims at identifying the main tasks of future music teachers and reveals the meaning of the term "repertoire" and discusses the importance of correct choice of repertoire. The requirements of the ability to choose the right repertoire for senior students are being put forward. It emphasizes the importance of the repertoire in preparation for the state exam and is an example of parsing choral scores.

Keywords: Creative thinking, a national choral repertoire, music teacher, teaching process, professional activity.

МРНТИ 18.31.51

Ү.Н.Алашабаева, магистр, аға оқытушы, ҚР Еуразиялық Дизайнерлер Одағының мүшесі,

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨНЕ ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ БІРІ – ЕРЛЕР ШАПАНЫН ҮЛГІЛЕУ

Аңдатпа

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тауарлық өндірістің дамуы, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығаюы, орыстардың, украиндықтардың, немістер мен татарлардың, тағы басқа халықтардың көптеген қоныс аударуына байланысты қазақ тұрмысына өзгерістер ене бастаған. Сол сияқты қалалық сәннің әсері ұлттық киімге де ықпалын тигізбей қойған жоқ.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары Еуропаның киім кию дәстүріне еліктей бастаған. Олар костюм-шалбар, қайырмалы жағалы ақ жейде, галстук тағуды әдетке айналдырды. Шапанды тастап, пальтоға көшті, атқа мініп жүрмей, күймеге отырды.

Шапан – ерлердің ең көп тараған, аса қастерлі, сый-сияпат, кәделі сырт киімдерінің бірі. IX-XIV ғасырлардағы қыпшақтардың тас мүсіндерінен шапан бейнелерін кездестіруге болады. Шапанды әйелдер де, ерлер де киген. Шапандар жүн, жібек маталарынан және оның астары мен тысы арасына түйе немесе қой жүні салынып дайындалады. Орыс халқының дерекнамаларында шапандарды «кафтандар» деп атаған. Қазақтар арасынан ең әдемі шапандарды ақын, сал-серілер киетін болған. 1846 жылы шығыстанушы Услар Көкшетауда халық мерекесіне қатысқан бір топ ақын, әншілерді кездестірген. Оның айтуы бойынша «Олар өте сәнді киінген, шапандарының түстері – қызыл, ашық жасыл. Олардың шапандары және күдеріден тігілген кең шалбарлар жібекпен шұбарлана кестеленген, ұсақ өсімдіктер мен құстар бейнелерімен әшекейленген». Шапанның басты ерекшелігі – жағасы, өңірі, жең

ұштары ұлттық ою-өрнектермен және астарланып жасалынады. Ертеректе ерлер шапанының ілгегі болмаған, әйелдер қапсырма қадайды немесе сыртынан түрлі белбеулермен буынған.

Түйін сөздер: жаһандану, ұлттық киім, шапан, үлгілеу, конструкция.

Қазіргі таңда ұлттық киім үлгілерінің бірі – шапан ең көп тараған, аса қастерлі, кәделі сырт киімнің бір түрі.

Зерттеулерге сүйенсек, кіші жүздің шапандары шалғайлы, жеңдері кең, жүн тартқан, бидайланған қалың, қайырма жағалық болып келеді. Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары түймелі болып келсе, ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді. Ертеде үш жүздің қайсысында болса да шапанға үлкен мән берген және оны барлық жерде жабу деп атайды. Демек, осы аймақтық айырмашылықтарына қарай, олардың бәріне бірдей ортақ, ұлттық мәнер мен қазақша атаулары барын білеміз.

Шапанның басты ерекшелігі – жағасы, өңірі, жең ұштары әдемі ұлттық ою-өрнектелінуінде. Шапанның негізгі, дәстүрлі пішімі: ұзындығы тізеден сәл төмен болып, жеңінің ұзындығы саусақ ұшын жабуы керек. Қазақ шапандарының алдыңғы екі өңірі, артқы бойы, екі жеңі және жағасы ойылып пішіледі. Бел жағы тарлау келеді. Шапан жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Жең түптері кең келеді де, оны жең түп, ойынды, қолтырмаш деп атайды [1, б.138].

Шапандар жаға қондыру мәнеріне қарай тік жағалы, қайырма жағалы және мойынды айналдыра қаусыра келген орама жағалы болып бөлінеді. Шапанның пішілуіне қарай сырмалы шапан, қаптал шапан, қималы шапан, кең қолтық ұзын жең шапан, зер шапан, оқалы төре шапан деген қымбат түрлері бар. Ондай шапанның екі өңірі мен жеңіне, қайырма жағасына зер ұсталады немесе өрнекпен әшекейленеді.

Ал күнделікті тұрмыс барысында киілетін сырттық шапандардың тыстары берік, аса қымбат емес маталардан жасалады. Оның жағасын кеспе үшкір орама жағалы етіп, қалтасыз және әшекей ою-өрнек салмай тігіледі. Киімнің ішінен киетін ерлерге арналған іштік шапан делінетін жұқа, қысқа шапан түрлері бар. Ұзындығы тізеден жоғары, басқаларына қарағанда шолақтау келген, көбіне тік жаға салынған, денеге қонымды тар етіп тігілген ішкілік шапан. Бұл шапан түрін ішік, тон, күпі сияқты сырттық киімдердің ішінен киеді. Сондықтан оған белбеу буынбайды, бар болғаны екі-үш түйме қадайды. Ауыл арасына қыдырғанда сырттық шапан орнына жүрсе, суық кезде ішке киетін шапан орнына жүреді. Қаптал шапан – бір етегінің ұзындығы тізеге дейін, кейде одан да төменірек түсіп тұратын, жазда киетін жағасыз, жұқа шапан түрі.

Қазіргі заманда шапанды тұтынуға ыңғайластырып жеңін қысқа етіп тігеді. Жеңі шынтакқа дейін жететін қысқа жеңді шапанды тірсек жең шапан деп атайды. Іштік шапанның бұл түрін орта жастан жоғары әйел, еркек азаматтар киеді, екі жамбасында қалтасы, кейбіреулерінде омырау қалта да болады. Ерлерге арналғанының жағасы тік, қайырма жаға салынады да ою, өрнек, кестелеу, әртүрлі су түрлерімен өңірін, етегін сырып та тігеді.

Қоғамның дамуына байланысты, қазір әшекейлену мәнеріне қарай шапандар ерекше дараланады. Еркектердің шапандары өте асыл құнды матадан орама жағалы етіп, кең, ұзын бүтіндей ен бойымен немесе жағасы, етегі, өңірі айналдыра кестеленеді. Кейде жиегіне әдемі болу үшін бағалы аң терілерінен, бұлық (түрлі матамен көмкеру) немесе жұрын салынады.

Үлгілеу ерекшеліктері: ерлер шапаны жеңінің пішімі жейде жеңінің пішіміне ұқсас пішіледі. Жейде жеңінің пішімі иығының ұзартылуымен, жеңнің қолтық асты енін үлкейтуге мүмкіндік беру үшін жең түбі мөлшерінің сәл ғана үлкейтілуімен сипатталады. Осының бәрі адамның қимыл-қозғалысына барынша қолайлылық тудыру мақсатында жасалады. Артқы бойдың иық тігісі бойынша бұйымның денебітімге қонымдылығын қамтамасыз ететін бүкпе жобаланады. Шапан қаусырылады (қапсырма мөлшері бсм) және жібекпен жасалатын құшақ белбеумен белбеуленеді [2, б.25].

Жиектеуге ыңғайлы болу үшін өңірі және тіліктері бойынша шапанның төменгі қиықтары дөңгелектеп қиылады. Конструкцияны құру барысында оны есептеу үшін типтік денебітімнің 176-100-88 өлшемдік белгілері алынады (1-кесте), силуэтіне және модельдік ерекшеліктеріне бірқатар өзгертулер енгізіле отырып, бөлшек сызбаларын құру үшін есептеулер (2-кесте) орындалады.

Шапанның басты конструкциясын алу үшін конструкция сызбасына мынадай модельдік ерекшеліктер енгізіледі(1-сурет).

- өңір шеті сызықтары белгіленеді;
- мойын ойындысының алдыңғы сызықтары реттеледі;
- қиылған тіктеме-жаға құрылады;
- тұтас пішілген қаттама құрылып аяқталады.

Конструкция (176-100-88) құру үшін қажетті өлшемдер (см)

1-кесте


№ қ/с	Өлшемдік белгілері	Шартты белгілер	Мөлшері
6	Емшек нүктелерінің биіктігі	Бе.н.	128,7
7	Бел сызығының биіктігі	Бб.с.	109,9
13	Мойын айналымы	Ам	41,0
14	Кеуденің бірінші айналымы	А _{к1}	102,3
15	Кеуденің екінші айналымы	А _{к2}	104,0
16	Кеуденің үшінші айналымы	А _{к3}	100,0
18	Бел айналымы	А _{бел}	88,0
19	Қарын шығынқысы есебіндегі мықын айналымы	А _{мық}	103,8
28	Иық айналымы	А _и	32,2
31	Иық ылдиы ені	Е _и	15,5
35	Кеуде биіктігі	Бк	35,3
36	Белдің алдыңғы ұзындығы	Ұал.б	55,6
40	Арқаның белге дейінгі ұзындығы	Ұар.б	45,5
41	Иықтың қиғаш биіктігі	Б _{и.к.}	48,9
60	Иықтың қиғаш алдыңғы биіктігі	Б _{и.к.ал}	45,5
43	Бел сызығынан мойын түбіне дейінгі ара қашықтық	Ұар.б.б.	50,1
61	Мойын түбі нүктесінен белдің алдыңғы сызығына дейінгі ара қашықтық	Ұал.б.б.	
45	Кеуде ені	Ек	38,3
46	Емшек нүктелері арасындағы ара қашықтық	Ок	22,7
47	Арқа ені	Еар	40,7
62	Шынтаққа дейінгі қол ұзындығы	Ұшын к.	33,8
69	Қолдың вертикалдық диаметрі	Дк.в	13,0
58	Кеуденің екінші айналымының алдыңғы – артқы диаметрі	Дкаа	26,0
111	Бел айналымының алдыңғы –артқы диаметрі	Дбаа	23,5
112	Мықын айналымының алдыңғы –артқы диаметрі	Дмық.аа	28,1

Шапан бөлшектерін құруға арналған есептеулер

2-кесте

Әріптік көрсеткіш	Есептеу формуласы	Нәтижесі, см
Т Ао	Ұар.б+Құар.б.+АЗ	47,0
Т Б	0,5 Құар.б-22,5	19,7
Ао А	Қар.мо.ж	1,0
АоУ	0,3 Ұар.б	13,4
А Н	Ұбұй+АЗ	12,0
А А ₁	ЖАм/3+Қар.мо.е.	8,8
А ₁ А ₂	0,15ЖАм+Қар.м.б.	3,2
	Еи+К _{Еи}	17,0
	(Бк.и-1,5)+Қарж+0,5*Қи.ұз.+А ₃	50,5
А Гс	Барт.ко+Қкоер	28,4

Гс Г	Еар+Еко+Еал	67,0
T ₄ T ₆	Ок+Қко	12,4
Г Г ₁	Ок+Қко	
Г Г ₁	А А ₁	8,8
T ₆ Г ₁ А ₃	Ұал.б.1+/Ұар.б.-/ (Ұал.б.1факт-Құар.б-А _{3р.}) /+Қар.б.ұ+А _{3ал.}	49,3
А ₃ А ₁	А А ₁ +0,5	9,3
А ₁ А ₅	А ₃ А ₄	9,3
	А ₂ П	17,0
	(Бал.и.к.+1,5)+Қал.и.+0,5* А ₃	51,8
Г ₅ Г ₈ = Г ₈ Г ₆	0,5* Г ₅ Г ₆	8,3
Г ₅	0,15*Е _u +1	3,4
Г ₆ 2	0,15*Е _u	2,4
	Жең құрылымы	
О ₁ О ₂	0,15ЖАк+Қарко	11,0
О ₁ Н	Ұжең +1+А ₃	65,0
Н ₁ Н ₂ = Н ₁ Н ₃	0,5(Абіл+Қбіл)	19,0
Р ₁ Р ₂	Ам =Қ ар	53,0
1-11		1,3
3-31		0,7
1-11		1,2
6-61		1,7



1 сурет – Шапан конструкциясының модельдік ерекшеліктері

Қазақ халқының этно-белгісін білдіретін ұлттық киімнің бірі ерлер шапанын қорытындылай келе, көне заманнан бері шапан өзінің пішілу конструкциясын, тігілу технологиясын өзгертпегенін байқауға болады. Бүгінгі күні кейбір сәнгерлер шапанның стилизациясын өзгертсе де, олар ұлттық нақышты сақтап қалуға тырысады. Ежелден келе жатқан ұлттық киімді ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалу үшін оның жаңа модельдерін қазіргі заманға сай тігіп, дәстүрді жалғастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ахметжанов Қ.С. Қазақы шапан // Ана тілі, 1994 ж. – №31. – Б.5.
2. Асанова С. Ұлттық киімдерді жобалау. – Астана, 2008. – Б.120.

Резюме

Древний этнографический казахский шапан и его конструкция

Алашабаева У.Н., магистр, старший преподаватель,
член Евразийского Союза Дизайнеров РК,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В данной статье рассматривается казахская национальная одежда шапан. В этой одежде сохранились древние традиции, связанные с этноисторическими, социальными особенностями и конструкция шапана.

Национальный костюм – своеобразная область декоративно-прикладного творчества казахов, где тесно переплелись его виды, в нем воплощалось понятие народа об идеальном облике людей во взаимосвязи с окружающей природой, жизнью, культурой. Анализируя историю развития национального костюма казахов – в кратком обзоре хотелось показать причины, повлиявшие на ход перемен в костюме, от древности до настоящего времени, а сам национальный костюм представить как подвижное явление духовной жизни казахского народа. Национальная одежда народа – тема, которая была интересна и западно-европейским путешественникам и российским ученым, а так же этнографам XIX-XX веков.

Ключевые слова: глобализация, национальная одежда, чапан, моделирования, конструкция.

Summary

Ancient ethnographical Kazakh chapan and it's construction

U.N.Alashabaeva, master, teacher, a member of the Eurasian Union of designers of Kazakhstan

(Kazakh State Women's Teacher Training University)

Old traditions connected with ethno-historical, economic and social peculiarities have survived in Kazakh national clothes. It breaks down into national clothes – the clothes worn on shoulders, beldik kiim – the clothes worn on waist and hips. National costume - a kind of area line, the artist and crafts of the Kazakhs, which are closely intertwined his views, it embodied the concept of the people of the perfect appearance of people in connection with the environment, life, and culture. Analyzing the history of development of the Kazakh national costume - Erzya in the summary, in this study wanted to show the reasons that influenced the course of the changes in costume, from antiquity to the present day, and the national costume presented as a moving phenomenon of the spiritual life of the people Kahahsky. National clothes of the people - a topic that was interesting and Western European travelers and Russian scientists, as well as ethnographers nineteenth and twentieth centuries.

Keywords: globalization, national clothes, chopon, modeling, design

МРНТИ 18.45.15

Г.Р.Байзақова, оқытушы

(Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының колледжі)

ТЕАТР САХНАСЫНДАҒЫ АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ

Аңдатпа

Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін қалыптастыру жолын саралап, оның әр жылдар аралығындағы кейбір тұстары ашылып көрсетіледі. Қазақ халқының өнер туындыларымен ұлттық мәдениетіміздің көшбасшысы саналатын театр сахнасындағы актер шеберлігі өнерінің даму жолы зерделенген. Театр – жер жүзі ұлыларының тудырған ұлы шығармаларын қауым мен қоғам алдында терең талдап, түсіндіріп беретін әлеуметтік аудитория. Әлемдік алыптардың қауырсын қаламынан қашалып, өмірге келген кейіпкерлердің кемел ойы мен асыл арманын жырлайтын көркемдік мекеме.

Түйін сөздер: Театр, актер, сахна, өнер, образ, кейіпкер, жанр, ұжым, рөл, шабыт. Өнердің кара шаңырағы, киелі мекені – театр сахнасы. Театр тіршілігі сан алуан десекте, негізгі тұлға – актер. Ал, актерлық кәсіп – өмір мектебінен негізделген. Актер сомдаған кейіпкер бейнесін өмір айнасына айналдырар болсақ, сол актер жоғарғы сатыдағы биологиялық құрылымынан тұратын табиғат иесі. Адам ата мен Хауа анадан жаратылған адам ортақ құбылыс, өзгеше болмыс.

Актер өнер реформалары жайлы бір шындыққа көз жеткіземіз. «Рөл жасау үстінде актер тек ішкі тебіренісін ғана емес, сыртқы қимыл-қозғалысты да көрсетуге міндетті» – дейді К.С.Станиславский. Әрине, сахна заңдылықтың бір-бірінен ажырамайтындай бір адамның бойына бітетін абзал қасиет екенін және бөліп жарудың қажеттілігі жоқтығын сахна саңлақтары дәлелдей түсті. Сыртқы қозғалыс сымбаттылық пен сұлулық, іс-әрекет, ым-ишарасы т.б. әрекеттердің барлығы ішкі ой тебіренісінен өрбитін сырлы сезім сыртқы ірімдері екенін дәлелдеудің қажеттілігінен туады.

Әсем қимыл-актер шеберлігі мен сымбаттылық сипаты. Ол сахнадан «актер рухының тіршілігін» әсем үлгіде сомдау үшін қажет. Алайда, кәсіпқойлық өнерді мойындай қоймайтын кейіпкер әрдайым рухани тіршілік те болмайды. Кейіпкер – жандылық тумаынша рух тіршілігін бейнелейтін әсем қимыл үлгісін өз мәнісін жоғалтпайды. Сөйтіп, ол өз бетінше өмір сүріп, сезімге емес, сөзге ғана қызмет етеді. Ақиқатына келгенде әсем қимыл рөлінің аса маңызы зор. Әсемдік қимыл – әртістік шығармашылық сезімнің көркемдігін сомдайтын тұлға сымбаты.

Әлемдік театрлардың игілігіне айналған К.С.Станиславский жүйесі бойынша әр кезеңіне тоқталар болсақ, актерге қажетті қазыналармен мұндалайды. Сахнадағы актер шеберлігін шыңдай түсу үшін театр өнері саласының әр қилы ағымдарына баса назар аударған жөн. Ең әуелі Аллаһ берген талантпен оны әрі қарай дамыту үшін еңбектену шарты басты орында тұратыны бәрімізге белгілі. Осы бағытта актерды «кәсіпқойлық өнерге» баулу үшін таптаурындылықты жоғалтпай, сахна мен көрермен арасына кейіпкержандылық және кейіпкерсындылық талаптарды толық жеткізіп, сахнаның сәні мен сазын ажарландыра түсу керек.

Театр сахнасындағы актер шеберлігі жоғарғы деңгейге жетуі үшін ең әуелі театрдың ұжымдық өнер ордасы екенін естен шығармаған жөн. Көрерменге ой тастар көркем шығарманы сомдау барысында «адам жанының тіршілігі» мен «адам тәні тіршілігінің» бірлігін бөліп жармай, жарасымды жеткізе білу, осы арқылы сахнадағы қойылымның «саналылық пен санасыздық» айырмасын ашу үшін, киелі күш егерде мен ұсынылған тосын жағдайдан жол тауып шыға білуі шарт.

Сахнадағы актер шеберлігін дамытудың тағы бір тамаша жолы, ол қимыл-іс еркіндігі мен қимыл әрекетке арқау болған көкейкесті мақсат болып есептеледі. Өйткені, театр сахнасындағы актер қоғамдағы болып жатқан әр алуан жағдайларды бәрінен хабардар болу арқылы жақсылық пен жалғандық жалғасқан майдан алаңында өте білімді, әдепті, сезімтал бола білу талабынан да шығуы керек. Сезімтал актер ғана көрерменді баурай алады. Сезім – актер талантындағы ең таласты меженің биігі болып саналады. Сахнада бейнелейтін образға еліктемей, өзінің бітім болысымен, табиғилығымен ойнай біліп, сәтті жетістікке ие болатын да актер бар. Кәсіби актердің кездейсоқтыққа ұрынбауы, барлық спектакльдерде біркелкі болуы қажет. Өйткені, оның бойындағы барлық қимыл-әрекет бір жүйеге дағдыланып қалыптасқан. Актер күн сайын рөлге жаңа ырғақ, жаңа бояу қосып отыруы керек. Онсыз өсу, шыңдалу жоқ.

Шабыт актер талантындағы сахналық қабілетін іске асыру жолындағы биіктік деңгейін анықтайды. Зор қуаныш сыйлайтын шабытты ойын кез келген актердың арманы. Шығармашылық міндетіндегі табысты іске асырудағы әртісті баурап алатын шабыт оны күштеніп зорлаудан, қысылып-қымтырылудан босатады. Сахна төріндегі табыстың көзі еркіндік актер бойына барынша рахаттану сезімін егеді. Шабыт жағымды әсерлердің қайнар бұлағы.

«Шабыт» дегеніміз – бұл актерге қанат бітіретін көтеріңкі көңіл-күй», – деген театр, кино майталманы А.Әшімов зерделі сөзінде. Бұның салмағы зор. Шабыт жағдайы әртістің барлық шығармашылық күшін барынша жұмылдыра білуімен, айқын мақсаттануымен, рухани жағынан да, күш-қуат сипаты жағынан да белсенді көрінуімен өлшенеді. Шабыт дегеніміз – ықылас-ниеттің барлық физиологиялық аппараттар біріге отыра, ми қыртысы қызметінің жағдайын бір мақсатқа баратын және дайындайтын айрықша, ең жоғары,

барынша жетілген және ерекше түрінің көрінісі», – деген еді. Шабыт мидағы қағыс қалған, ұмытылған не санадан тыс көптеген әсерлердің, ойлардың, әсерленушіліктің салдарынан пайда болған дүниелерді оятып, оларды шығармашылық сұрыптау талқысына түсіруі осымен түсіндіріледі. Қазақ театрында да жан-жақты білімді де, биік мәдениетті мамандар даярлау жолындағы біздің алға қойған мақсаттарымыз актер өзінің шеберлігін шыңдау үшін шыншылдық, сыншылдық, білімқұмарлық, құштарлық қасиеттерін өткірлеуі тиіс. Ол өнер мәселелері жөнінде көп оқып ізденіп, сахна шығармашылығына қатысты дәрістерге, баяндамаларға, ғылыми мәжілістерге ынтымақтастықпен қатысуға міндетті.

Актер алдында екі күрделі міндет тұрады: образ жасау, яғни, басқа адам өмірін бастан өткеру және сол бір мезгілде көрермен алдында, сахнада өтетін психологиялық шығармашылықтың қиын жағдайын кәсіби деңгейде көтеріп, қызмет атқару. Өзінің жүріс-тұрысын сахналық еркіндік қалыпқа келтіру үшін актерге өмірді зерттеу керек, оны білу керек, адамның табиғи-биологиялық өмірінің заңдылықтарын түсінуі керек және де оларды сахналық-шығармашылық процесте қолдана білуі керек. Актерге қара күш үнемі керек болмаса да, ептілік, қағылезділік, жылдамдық, сенгіштік, икемділік, ырғақ, сезімталдығы ауадай қажет. Ол үшін актердың бойына бейімделу, жүріс техникасына назар аудару, сенімі берік болу керек.

Актер үшін заттың барлық саласы және қасиетінің ерекше мәні бар. Заттық жұмыс істеу – актер қимыл-қозғалысын тәрбиелеудегі ерекше кезеңнің бірі. Затпен жұмыс істеу сахналық көріністе пайыммен ойналған кезде актердің қиялын ұштап, тапқырлығын дамытады. Рөлдің жоспары бойынша енген затты шебер пайдалану дағдысын қалыптастырады, байыпты да дәлелді қимыл-қозғалыспен қылықты табуға септігін тигізеді.

Театр мұраты – көрермендер көңілін аулайтын сайқымазақ дүние тудыру емес, оларды тәлім-тәрбиеге баулитын, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелейтін, еңбекке шабыттандыратын рухани қазынасы мол өнер туындысын сомдап шығару. Сондықтан да актер қоғамдық әдепті басшылыққа ұстай отырып, моральдық әдебі мен шығармашылық әдебін қатаң сақтауына, сол актерлық өнері арқылы көрерменге өнеге үлгі қалдыратын қабілетке ұштастыра алуы артық болмайды. Сахналық әрекетті тіршіліктің кілті деп біліп, саналық зейінмен тәрбиелеп, психологиялық қозғаушы күш ретінде сенім мен сезім шындығына ұластырып, қиял мен елестету арқылы тебіреніс зердесін оятып, тіл шеберлігі, сөз көркемдігін дамытып, сахналық қарым-қатынас өлшем-ырғағы һәм қисын мен сабақтастыққа жалғап, сахналық дәлелдеменің негізі болған көңіл-күйімен ажарландырып, актер шеберлігін дамытуға күш салған жөн.

Міне, жоғарыда айтылған барлық талаптар мен заңдылықтар актер бойында көрініс тапса, шеберліктің шыңдалғаны деп айту артық болмас еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлемдік өнертану. Үш томдық, 1 том. Театр өнері. – Алматы: Өлке, 2008. – Б. 54.
2. Токпанов А. Құраст. К.Уәли, Е.Ералы, А.Құлбаев, П.Ауғанбаева. – Алматы: Өнер. 2005. – Б. 46.
3. Мәдениет журналы. Театр журналы. № 4,5. 2012. 2008.

Резюме

Г.Р.Байзакова, преподаватель колледжа

(Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова)

Обучение сценического действия с сознательным вниманием, перерастание доверия и чувства, как психологические движущие силы, пробуждение впечатления с помощью воображения и фантазий, языковые навыки, развитие изящества языка, соединение сценического отношения и развитие актерского мастерства – вопросы актуальные по сей день. В статье рассматривается своеобразие актерской специальности в сцене театра для подготовки всесторонне образованных и высоко культурных специалистов из казахских мастеров искусства.

Ключевые слова: Театр, актер, сцена, искусство, образ, персонаж, жанр, коллектив, роль, вдохновение.

Summary

G.R.Bayzakova, *Teacher of college of Kazakh National Academy of Arts named after T.Zhurgenov*

The questions of training stage action with conscious attention, developing trust and feelings, as psychological driving forces, awakening of impression with imagination and fantasy, language skills, the developing the beauty of language, connection of stage relationships and the development of acting skills are relevant today.

This article discusses the peculiarity of the actor's profession in the theatre scene to prepare well-educated and well-bred specialists from the Kazakh cultural masters of art.

Key words: Theatre, actor, stage, art, image, character, genre, team, role, inspiration.

МРНТИ 18.71.91

А.Ш.Қожахметова, *п.ғ.к., доцент*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада әншілік дауыс дағдыларын қалыптастыру мен ән шығармаларын айтқызу процесіндегі қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктері талданып, оқу тәрбие жүйесінде қолдану жолдары қарастырылады. Адам, адам болып дүниеге келгеннен бастап, айналаны қоршаған табиғат құбылыстарын, жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы түсіне бастайды. Бесік жырларынан бастап сан ғасырлар бойы дамытып келген қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени, рухани байлықтарды тіл арқылы игеріп, игілігіне айналдырады.

Түйін сөздер: фонетикалық тіл заңдылықтары, ән сөздерінің орфоэпиясы, әншілік дауыс тәрбиесі.

Халқымыздың өмір сүріп өткен тарихы әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Жастайынан қиялыңды қияға өрлеткен қиял-ғажайып ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жырлары, шынайы махаббатты мұрат еткен әсерлі ғашықтық, лиро-эпикалық жырлар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер ана тілінде дүниеге келіп, ана тілінде жетеді. Ана тілінің күші мен құдіретін халық әуелден-ақ бағдарлап, түсіндіріп келді. Сондықтан да сөз өнерін бар өнердің басы деп санап, «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» – деп орынды сөзге аса мән бергенін көрсетеді.

Сөйлеу мәдениеті – әр ұлттың мәдениетінің өзіндік маңызды құралы. Кейінгі жас ұрпақтың осындай игі қасиеттерін, тілдің фонетикалық ерекшеліктерін дұрыс өз мәнінде меңгеруін көптеген әдістер арқылы жүзеге асыру бүгінгі күннің талабы. Өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу осындай әдістердің бір элементі.

Ана тілі К. Ушинский айтқандай: «Адамның кір жуып, кіндік кескен жерінің, тауы мен найзағайы, сонымен қатар халықтың рухани өмірінің бүкіл тарихи көрінісі». Немесе, С.Торайғыров кезінде тілдің қадірін түсірген адамдарға «шүлдірлеп, шолжындап, жығылып-сүрініп жүруге болмайды, ана тілі қайнаған қанның, толғатқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек», – деп тілдің қадірін кетіргендерге бар ашу-ызасын білдірген еді.

Жалпы фонетика (гректің фоне – дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған) – тіл дыбыстарының жүйесін, жасалу мен ерекшеліктерін, әртүрлі сипаты мен бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Олай болса, музыкалық шығармалар орындау барысында (ән, романс, ария т.б.) қазақ тіліндегі төл дыбыстардың фонетикалық заңдылықтарын сақтап, дұрыс орындауды үйретуіміз қажет. Әншілік дауыс дағдыларын қазақ тілі фонетикасы негізінде қалыптастыру мақсатында біз қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне талдау жасап, оның сөз және ән айтудағы негізгі айырмашылықтары мен мүмкіндіктерін айқындау мақсаты көзделеді. Сөз және ән дауысты, дауыссыз дыбыстардың алмасуынан жасалатындықтан қазақ тілі фонетикасындағы төл дыбыстардың артикуляциялық-акустикалық қасиеттері мен тілдің тарихи қалыптасқан айтылу нормаларын зерттей отыра, әншілік дауыс дағдыларын қалыптастыруда қолданудың жолдары қарастырылып отыр.

Өмірде адамдар арасында сөйлеу дағдылары түрліше қалыптасқан – ұсақ сөйлеу, тамаққа қысып сөйлеу, ірі сөйлеу т.б. Оған адам бойындағы темперамент, мінез, интеллектуалдың даму дәрежесі т.б. қасиеттері әсер етеді. Халықтардың ұлттық дәрежедегі сөйлеу дағдыларының түр сипаты сол ұлттың тілінің фонетикалық құрылымына тәуелді болады. Кейбір халықтарда тілдің фонетикалық құрылымы әнге бейім келеді. Тілдің әуендік қасиетін фонетикалық-интонациялық құрылымы айқындайды. Еуропа тілдерінің ішінде италия тілі өте жұмсақ, әрі әндетуге ыңғайлы тіл болып саналады. Сол сияқты түркі тілдес халықтардың тілдері – қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, татар тілдері поэзиялық әуенді тілдер қатарына жатады. Дегенмен, түркі тілдес халықтардың сөйлеу, әндету нақыштары, айту дәстүрлері бір-бірінен ерекше сипатта қалыптасқан болып келеді.

Қазақ тілі басқа ұлттардың тілімен салыстырғанда дауысты дыбыстарды қолдану жағынан алдыңғы қатарда тұрады. Ғалымдардың пайымдауынша тілдердің пайыздық көрсеткіші – фин тілінде 51%, италия тілінде 48%, қазақ тілінде 42,37%, орыс тілінде 42%, неміс тілінде 36%. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатысуы – ашық буынды сөздерде 55,92%, аралас буындыларда 44,1% [1]. Олай болса, қазақ тілі табиғатынан әуенді, жұмсақ тіл, оған дәлел дауысты дыбыстардың жиі қайталануы, ашық буындардың дауысты дыбыстардан құралатыны, ал дауыссыз дыбыстардың ішінде ұяң, ызың дыбыстардың басым болуы, тілді мейлінше жұмсартып, әнге бейімдеп тұрады. Әндетуге ыңғайлы дауысты және дауыссыз дыбыстардың 85%, [1] құрайды. Ендеше қазақ тілі дыбыстары арқылы әншілік дауысты тәрбиелеуде, қазақ әндерін айтқызуда қазақ тілі фонетикасында ешбір кедергі болуы мүмкін емес.

Академик Ф.Фортунатов «адам дауысының негізінде «а» дыбысы жатыр, «а» дыбысының акустикалық қасиеті әр ұлттың тілінде түрліше сипатта дыбысталады. Италиялықтар мен испандықтарда «а» дыбысы жоғары ашық айтылады. Қытай, корей, жапон тілдерінде «а» дыбысы өте жақын, алдыңғы тіске тірей, ауыз қуысының алдыңғы жағына бағыттала, мұрын қуысына қарай өте айтылғандықтан мұрын бояуы байқалады. Көбіне дауыстары жіңішке келеді. Түркі тілдес халықтарда «а» дыбысы жоғары айтылады, ал болғар, орыс, беларусь, украина халықтарының тілінде «а» дыбысы терең, қою айтылады», – деген тұжырымдар жасаған [2].

Осыған орай әр елдің әншілік өнерінің даму сатысында кейбір ерекшелікті аты шыққан әйгілі әншілерден байқауға болатын сияқты. Италияда әлемге әйгілі жоғары дауысты әншілердің басым болуы – Э.Карузо, М.Ланца, М.Монако т.б., орыстарда Ф.Шаляпин, И.Петров, И.Казловский, А.Лемешев, болғарларда ірі дауысты – Б.Христов, Н.Гяуров, қазақтарда дауыс үні алты қырдан асатын биік дауысты әншілер – Ә.Қашаубаев, Ғ.Құрманғалиев, Б.Досымжанов, Ә.Үмбетбаев, Ә.Дінішев және т.б. мысал бола алады.

Ән сөзден кейін туындаған дыбыстық қатынас жүйесі. Өткен замандағы ақындар, жыршылар, өлеңшілер сөз интонациясын әндете айту арқылы байытқан. Тапқтап айтуды соза әндетіп жырға, эпосқа, өлеңдерге сән берген, уақиға желісін эмоциялық көркемдей бейнелеп, тыңдаушыны еліктірген. Әндеткенде сөздің айту мүмкіндігі кеңиді. Ән сөз

интонациясының негізінде қалыптасады. Сөздің фонетикалық құрылымы әуен мен сөзді байланыстырып әндетуге жол ашады.

Фонетикалық жолмен әншілік дауыс дағдыларын қалыптастыру үшін дыбыстардың акустикалық жасалу жолдарын, тіл дыбыстарының артикуляциялық жасалу жолдарын, тіл дыбыстарының акустикалық қасиеттерін меңгеру қажет (сурет 2). Біздің бұл ғылыми тұрғыдан жасалып отырған ізденістеріміз болашақ ұстаздарды қазақ тілі фонетикасы арқылы тәрбиелеуге ынталандыру мақсатын көздейді.

Қазақ тіліндегі көптеген сөздер халықтың бұрыннан келе жатқан айту дәстүріне, айту машығына айналған сөздер, жазылу мен айтылу арасындағы сәйкестік келмейтін құбылыстарға айналған. Дыбыстық өзгерістер – фонетикалық құбылыстар тіл білімінде түрліше атауға ие болған. Олар: протеза, эпентеза, редукция, элизия, апакопа, ассимиляция, сингармонизм деп аталады. Сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы өзгешеліктердің ән өнеріне тәрбиелеудегі ән сөздерін дұрыс әндетіп айтуға үйрету үшін маңызы ерекше. Қазақ тіліндегі дыбыстық өзгерістерді жете білмегендіктен әншілер қазақ әндерінің сөздерін дұрыс айтпай, қалай жазылса, солай дыбыстап айтып көптеген қателіктер жібереді. Әнді әртүрлі жастағы адамдар тыңдайды, әсіресе қазақ тілін түрлі деңгейде игерген тыңдаушы жастарға тілдің дұрыс айтылуын ән арқылы насихаттау, біріншіден, азаматтық парыз деп есептесек, екіншіден кәсіби деңгейі жоғары музыка мұғалімдерін тәрбиелеудегі оқу-тәрбие ісінің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалу жолдары мен сөздердің айтылу заңдылықтарын зерттеу, талдау кезінде көптеген ерекшеліктері аңғарылды. Тілдің айтылуын жеңілдету үшін ән сөздерін бір-бірімен үйлестіру үшін сөз құрамындағы дыбыстар өзгеріске ұшырап отырады. «Дауысты дыбыста болатын сапалық өзгерістерге (құбылыстарға) мыналар жатады: элизия, редукция, протеза», сингармонизм – дауыстылардың үндесуі болып есептелсе, ассимиляция негізінде дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып саналады [1,2,3]. Қазақ тілі фонетикасы құбылыстарының бірі – протеза. Ән сөздерін дұрыс жеткізуде протеза ерекше маңызды дыбысталу өзгерісін енгізеді. Протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Егер сөздер үнді дауыссыз дыбыстардан «р», «л» басталса, протеза «ұ», «ү», «і», «ы» дыбыстары арқылы жасалады (ру - ұру, лайық - ылайық). Халық әні «Қызыл бидай» сөздерінің «лайық» сөзі протезаға ұшырап «Бидайыққа ылайық сүйгөн сәулем...» сөздері лирикалық көңіл-күйде әндетілсе, Мәдидің «Қаракесек» әніндегі «сұрасаң руымды қаракесек...» деп келетін «руымды» сөзі протезаға ұшырап, өзгеріске еніп «Сұрасаң ұруымды қаракесек...» түрінде жігерлі сезіммен әндетіледі. Сол сияқты Ақан серінің «Балқадиша» әніндегі сөздер «рұқсат бізден сізге ахахау бар Хадиша...» әндеткенде «рұқсат» сөзі протезе жасалуына байланысты еркін әндетуге мүмкіндік алады, яғни «ұрұқсат бізден сізге ахахау бар Хадиша...» түрінде тіл заңдылықтарына байланысты өзгеріске түсе әндетілетіні айқындалды.

Әр тілдің өзіне тән дыбысталу заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтар ғасырлар бойы қалыптасқан дыбысталу физиологиясына бағынады. Бұл фонетикалық құбылыстар бүкіл түркі тілдеріне тән күшті тіл заңдылығы – сингармонизм деп аталады. Сингармонизмнің басты қасиеті ерін үндестігін сақтау. «Ғалым тюрколог В. Радлов өзінің «Фонетикасында» ерін үндестігін ертеден келе жатқан категория деп есептейді. Түркі тілінің ертедегі жазу нұсқаларын айырықша зерттеген кеңес ғалымы С. Малов «Орхон жазуындағы ескерткіштер» еңбегінде түркі сөздерін латын транскрипциясымен жазғанда бас буындағы ерін дауыстыларының ауанымен кейінгі бір-екі буындардағы дауыстыларды да ерін дауыстысы етіп жазуы – үлкен көңіл бөлерлік мәселе» [3]. «Қазіргі қазақ тілінде ерін үндестігі алғашқы буындарда айтарлықтай сақталғанмен, кейінгі буындарда айтылмай жүр. Егер бірінші буында еріндік дауыстылар «о, ө, ү, ұ» келіп, екінші буында езулік «е, ы, і» әріптері жазылса, онда езулік дыбыстар сөзсіз еріндік болып дыбыстала айтылады», – деп тұжырымдайды тіл мамандары [1,2,3,4].

Ерін үндестігі сөз жүйесінде айтарлықтай сақталмағанмен ән сөздерінде жақсы сақталады. Өншілік дауыс тәрбиесінде бірыңғай дауыс бояуын сақтау мақсатында ерін үндестігін құрайтын дыбыстар «о, ө, ү, ұ», езулік «е, ы, і» дыбыстарын екінші буында «о, ө, ү, ұ» түріне өзгертеді. Егер сөз бірнеше, яғни үш-төрт буыннан құралса, ән әуенінде үш-төрт буын бойы сақталады. Мұндай ерекшеліктер өншілердің төменгі дауыстарына тән қасиет. Атап айтқанда төменгі дауыстар – бас, баритон, альт, меццо-сопрано ән шығармаларының аяғында немесе төмен дыбыстарда ерін үндестігін сақтайды. Ерін үндестігі дауыс бояуын (тембрін) біркелкі әндетуге де қолайлы, әрі артикуляция тазалығына ықпалын тигізеді. Қазақ тілі фонетикасының заңдылығында ерекше орын алатын дыбыстық өзгеріс – аккомодия (бейімделу). Дауысты дыбыстар бір-біріне көрші тұрып, ықпал етіп бейімделіп тұрады. Айталық, дауыстылар дауыссыздарға басым күштілік жасап, өзіне бейімдеп тұрады (ақ ешкі – ағешкі). Сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымша дауыссыз болады. «Қ, қ» морфемалары дауысты дыбыстармен қатар тұра алмай ұяңданып «ғ, г» болады (көк ала-көгала), (ақ ерке-ағерке). Түбір соңындағы қатаң «қ, к, п» дауыссыз қосымша жалғанғанда «ғ, г, б» болып ұяңданады (көп еді-көбеді, көп болды-көпполды), түбір қатаң «п» дыбысына бітсе, ал «ып, іп» жұрнағы жалғанған кезде «ұ» дыбысына айналады (шауып-шауұп, жауып-жауұп),

Қазақ тілі фонетикасының заңдылығында ерекше орын алатын дыбыстық өзгеріс – аккомодия (бейімделу). Дауысты дыбыстар бір-біріне көрші тұрып ықпал етіп бейімделіп тұрады. Айталық, дауыстылар дауыссыздарға басым күштілік жасап, өзіне бейімдеп тұрады (ақ ешкі – ағешкі). Сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымша дауыссыз болады. «Қ, қ» морфемалары дауысты дыбыстармен қатар тұра алмай ұяңданып «ғ, г» болады (көк ала-көгала, ақ ерке-ағерке). Түбір соңындағы қатаң «қ, к, п» дауыссыз қосымша жалғанғанда «ғ, г, б» болып ұяңдалады (көп еді – көбеді, көп болды – көпполды), түбір қатаң «п» дыбысына бітсе, оған «ып, іп» жұрнағы жалғанған кезде «ұ» дыбысына айналады (шауып-шауұп, жауып – жауұп).

Келесі ассимиляция заңдылығы – көрші дауыссыз дыбыстардың акустикалық-артикуляциялық жағынан бір-біріне ұқсауы, бейімделуі, өзара тіл табысуы. Халық әндерінде кездесетін сөздер «жаз шықты – жашшықты», «айқабақ – айғабақ» әндетуде де қолайлы, әрі артикуляция тазалығына ықпалын тигізеді.

Қазақ тілінің фонетикалық заңдылығы – редукция құбылысы. Редукция құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты жасалатын заңдылық. Сөз ішінде дауысты дыбыстың көмескіленуі. Редукцияға ұшырайтындар қысқ дауысты дыбыстар (жауып – жауұп, құдірет – құдүрет, ауылым – аулым). Ән сөздері әуенінің ырғағына, өлшемдеріне, екпініне байланысты бірде көмескіленіп түсіп қалып, бірде ән сөздерінде айқын айтылады. Егер редукцияланатын сөзге музыкалық дыбыс келсе, дауысты дыбыс көмескіленбей, сөздегі басқа дыбыстар сияқты тең дәрежеде анық айтылады. Мысалы: «а –уы –лым-ның» төрт буынға музыкалық дыбыс әндетілсе, «ау – лым» екі буындыға музыкалық екі дыбысқа қысқа әндетіліп редукцияға ұшырап тұр, түбір сөз «ауыл» музыкалық дыбыстарға тәуелді болып өзгерістермен әндетіледі.

Келесі құбылыс элизия (ығыстыру), яғни көрші сөздегі қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалуы. Элизия ән сөздерінде өте жиі кездесетін құбылыс. Элизия жасауға әннің өлшемі, орындалу екпіні өте қатты әсер етеді. Әсіресе жүрдек орындалатын лирикалық әндердің сөздері элизияға көп ұшырайды. Халық ән сөздерінде жиі кездесетін «айта алмаған – айталмаған», «көк ала – көгала», «айта алмаған – айталмаған» сөздердегі дауысты дыбыстардың бірі түсіп қалады.

Тіл құбылысы – анакопа. Анакопа – шолтию деген мағынаны білдіреді, атап айтқанда сөздер мазмұмын жоғалтпай қысқарып қала береді. Ән әуенінде анакопа сөз соңында шұғыл (эксплозив) үнсіз дыбыс «д» кездескенде «т» дыбысына ауысып, «қонады – қанат, болады – болат» түріне айналады.

Әншілік дауыс дағдыларын қалыптастыруда дыбыс пен сөз бір-бірімен тығыз байланыста қарым-қатынас жасайды. Дыбыстардың сөз позициясында айтылу ерекшеліктері мен дыбыстардың ән позициясында айтылуы едеуір алшақтық, айырмашылық бары сөзсіз. Сөздің дыбыстық құрамы мен айтылуы сөйлеу мүшелеріне айтарлықтай өзгеріс ендірмейді, яғни тыныштық қалыптан еш өзгеріссіз айтыла береді. Ән сөздерінің әуені бірде шарықтап жоғары самғаса, бірде құздан құлап төмендейді, бірде қатты айқайға салса, бірде нәзік сезімді шертеді, олай болса ән сөздерінің дыбысталу құрамында дауыстың биіктік қасиеті, динамикалық күші болатынын айқындайды. Әншінің әсем даусы тыңдаушыны еліктіріп, әсем сезімге бөлейді, бұл ән сөзінің дыбыстық бояуы, яғни дыбыс бояуын қалыптастырып тұрған әсем діріл – вибрациясы. Ән сөздерінің айтылу қасиеті ән әуенінің биіктігіне, күшіне, дауыс бояуына тәуелді болады. Сондықтан ән сөздерін айтқанда ауыз қуысында ерекше жағдай әншілік дауыстың дыбыстау позициясы жасалады. Әрбір ән белгілі бір тональдік биіктікте айтылады. Ол үшін ауыз қуысында осы биіктікке сай кеңістік жасалады, дыбыс биіктігін ұстап күш беретін ерекше дем мөлшері жұмсалады. Ән сөздерінің дыбысталуы екі октаваны қамтып, дем көлемі ән әуеніне байланысты көбірек алынады немесе дем тез алынып, ән әуенінің созылықтылығына байланысты ұзақ шығарылады. Сөз дыбыстары айтылар ойдың мағынасын көңіл-күйге байланысты қатты не ақырын айтылады, әсерленіп, негізгі тон биіктігі шағын болады. Сөз дыбыстарын айтқанда көмей дауыс қарқынына қарай бірде жоғары, бірде төмен жылжып құбылып тұрса, ән сөздерін айтқанда дауыс түріне орай көмей бір қалыпты деңгейді сақтап сақтап тұратыны ғылыми тұрғыда айқындалған [1,2,3,4]. Ғалымдар жасаған тәжірибелерден біз сөз дыбыстарында обертоңдар аз болады, ал ән сөздерінің дыбыстарында обертоңдар құрамы өте көп болатынын, ал дыбыстар бас және кеуде бөліктерде жаңғырып, күміс сыңғыр, қою бояулар түзейтінін іс жүзінде көз жеткізілді.

Ауыз қуысында сөз дауысты, дауыссыз дыбыстардың алмасуынан құралады. Дауысты дыбыстар көмейде жасалып ауыз қуысында еркін шығады. Дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында түрлі кедергілерден жасалады, ал үнсіз дауыссыздар салдырдан жасалады және көмей қатыспайды. Үнді, ызың дауыссыз дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында кедергілермен бірге көмей қатысып үн шығарады. Дауысты, дауыссыз дыбыстар артикуляциялық, акустикалық жасалуы дем күші мен көлеміне байланысты болады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың әртүрлі динамикалық деңгейде айтылуы артикуляция мүшелері мен дем күшіне қатысты өзгеріп отырады. Айталық қатаң дауыссыздар: «қ,к,т,п» үшін дыбыс бастамасы қатаң басталып, дем күші көбірек жұмсалады. Үнді, ұяң дыбыстарына: «л,м,з,д,ж,р» дыбыс бастамасы жұмсақ басталып, дем аз мөлшерде жұмсалады. Дауысты дыбыстардың айтылу күші әртүрлі болады. Ең қатты айтылатын «а» дыбысына күш аз жұмсалады, өйткені «а» дыбысына ауыз кең ашылып, дыбыс еркін шығады. Ал «и, у» дыбыстарына дем күші көп жұмсалады, өйткені бұл дыбыстардың табиғи айтылуы бәсең және жіңішке дыбыстар. «И, у» дыбыстарына жұмсалатын дем күші негізінен дауыс сіңірлеріне түседі, бірақ дауыс сіңірлерінің үстіңгі және астыңғы қарама-қарсы дем қысымы (бұл күшті өзіне алып дауыс сіңірлерінің жұмысын жеңілдетіп, әртүрлі қаттылықта айтылатын дыбыстардың динамикасын реттеп, біркелкі деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Дауыстың эмоциялық көңіл-күй білдіруі, күші, бояуы дауысты дыбыстар арқылы жасалады, ал сөздің анық, таза айтылуын дауыссыз дыбыстар арқылы атқарылады. Ән өнерінде дауыстың созыла әндетілуіне тек дауысты дыбыстар ғана қатысады, дауыссыз дыбыстар тез айтылып, ән әуеніне кедергі келтірмеуге бағытталады. Әншілік дауыс тәрбиесінде дауысты, дауыссыз дыбыстар ән әуенін бұзбай әсерлеп, керісінше байыта түседі.

Ұлы актер К.Станиславский: «дауысты дыбыстар – өзен, дауыссыз дыбыстар – өзен арнасы. Сөз тазалығы жоқ жайылма әндер – арнасыз өзен, әрі қарай – батпаққа батып сөздер жоғалып жатады», – деген [5].

Сөз артикуляциясы мен ән артикуляциясы жасалуының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Негізгі айырмашылық көмейдің атқаратын қызметіне байланысты. Сөз жүйесінде көмей мен артикуляция мүшелері тығыз байланысып қызмет жасайды, ал әншілік

дауысты дамытуда көмей қызметі артикуляция мүшелеріне тәуелді болмайды. Көмей ән айтқанда дауыс түріне сай белгілі бір деңгейде тұрақтанып, ерекше қызмет атқарады. Дауыс сіңірлерінде шыққан ән дыбысы жаңғырықтарда жоғары және төменгі обертондармен үдетіліп, тұрақты әсем дірілі (вибрато) бар біркелкі дауыс бояуын құрайды. Ән артикуляциясы сөз артикуляциясына қарағанда ірі айтылып, ауыз қуысының кеңеюінен дауыс диапозоны кең, үні басым шығады. Сөз жүйесі нақтылы ойды білдіру үшін түрлі интонацияда, жылдамдықта айтылып, белгілі бір көңіл-күйді білдіреді. Сазгерлер сөздің бұл қасиетін вокалдық музыкада речитатив түрінде қолданады. Речитативке белгілі бір жылдамдықпен ырғақ-өлшемде шығарманың мазмұнына байланысты сөз тіркестерін айту жатады. Речитативтік стильде қазақ ән өнерінде терме, желдірме айту жатады.

Сонымен жоғарыда зерттеліп, талданған қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін оқу-тәрбие жүйесіндегі болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дауыс дағдыларын меңгерудегі тигізетін ықпалының мол екені айқындалды. Музыка мамандарының әншілік дауыс дағдыларын қазақ тілі фонетикалық ерекшеліктері арқылы тәрбиелеу, ұлттық ән мәдениетінің қоғамдағы эстетикалық-тәрбиелік мәнін, философиялық терең мағынасын, педагогикалық мүмкіндіктерін тануға жол ашады деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дүйсенбаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1973. – Б. 52.
2. Жунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-ата, 1979. – С.48.
3. Сыздыкова Р. Сөз сазы. – Алматы, 1983. – Б. 75.
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б. 65.
5. Аралбаев Ж.А., Жунисбеков А. Об ударении в казахском языке //Известия АН КазССР №6. – Алматы, 1968.
6. Морозов В. Тайны вокальной речи. – Л. Наука, 1967.
7. Станиславский К. Работа актера над собой. Собр. Соч. Т. – М., 1965. – С. 28.
8. Татубаев С. Тайны звука. – Алматы: Жалын, 1978. – Б. 26.
9. Татубаев С., Аралбаев Ж. Статистический метод исследования фонетического состава казахского языка //Вестник АН КазССР №4. – Алматы, 1966. – Б. 78.

Резюме

Фонетические особенности казахских песен

Кожакхметова А.Ш., к.п.н.,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Данная статья рассматривает фонетические особенности казахского языка в вокальных произведениях в процессе воспитания певческого голоса

Ключевые слова: фонетика казахского языка, орфоэпия казахских песен, воспитания голоса.

Summary

Phonetic signatures of Kazakh songs.

Kozhakhmetova A., ass. professor, Candidate of Pedagogical Sciences,
(Kazakh State Women's Teachers' Training University)

This article researches specific phonetic features of Kazakh songs in application to singer's voice training.

Keywords: kazakh language phonetics, voice training, orphoepy of kazakh songs, singing voice and it's practical cultivation.

МРНТИ 18.07.23

Р.Б. Мизанбаев, п.ғ.к., профессор

(Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

АБАЙ ЖӘНЕ ӨНЕР

Аңдатпа

Мақалада ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі өнерге қатысты мәселелер сурет өнерімен ұштастырыла отырып қарастырылады және жалпы өнердегі шығармашылық мәселелер туралы баяндалады. «Өнер алды – қызыл тіл» өнерпаз қауымның дәстүрлі ережесі. Қазақтың ән-күйге әуестігі де, оны жанындай жақсы көріп, дамытуы да оның тарихи ерекшеліктеріне байланысты болған. Оның танымдық маңызы мен тәрбиелік мәні өзара тығыз байланысты. Өйткені өнер белгілі бір өмір шындығын тиімді көркемдік әдістерімен таныту арқылы адамның сезімдері мен ақылына әсер етеді. Өз заманының озық туған дарынды ақыны Абай өлең жолдарында адамгершілікті, ақыл-ойлы, парасатты адами мәселелерді арқау еткен. Абай өлеңдерінде өмірдің қандай да бір жағдайы болмасын, адам болып қалу жағын, парасатты тұстарын, адами істерге алып баратын даңғыл жолдарды көрсетеді және де соған жетелейді. Біз осы мақалада ұлы Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін бұрмалап сурет өнеріне алып келуді көздеуден аулақпыз. Ал ақиқатында оның әрбір өлеңінде тазалықты, адами биік сананы, адамгершілікті, істеген жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарауды әрбір оқырманға парызы ретінде қоя білуінде.

Түйін сөздер: тұлға, өнер, сурет, графика, ғылым, кескіндеме.

Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны және данышпан ойшылы. Өз заманының озық туған интеллектуалды тұлғасы. Өз өлеңдерінде адамгершілікті, адами мәселелерді арқау еткен Абай сөз өнерінің күштілігіне сене отырып, адам санасына бірден-бір ықпал ететін құрал есебінде қабылдап, өлең өрнектері арқылы жалпы халыққа өз ойын әсерлі де мәнді етіп жеткізе білген ұлы ақын. Қандай да бір оқиғаны, көзі көрген озбырлық, надандық жайттарды жүрегінің түбінен қозғай отырып жырлаған ол «Жүрегім нені сезесің?» өлеңінде былай дейді:

«Жүрегім нені сезесің?
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің
Тиянақ жоқ па, қой тоқта!
Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?...» [1. 7].

Жалпы, өнер дегенімізді сурет немесе қолөнер туындысы деп қарамауымыз керек. Өнердің ауқымы өте үлкен. Кескіндеме, мүсін, графика, көркем әдебиет, театр, кино өнері өмір құбылыстарын тікелей бейнелесе, музыка, би, сәулет өнері оларды суреткердің ішкі идеялық-сезімдік толғаныстары арқылы береді. Сөздің кең мағынасындағы өнер ұғымына, технологиялық және эстетикалық жағынан асқан шеберлікпен орындалатын адамның практикалық қызметінің барлық түрлері жатады. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму дәрежесі мен деңгейі тікелей болмаса да, жанама түрде өнер дамуына зор ықпал жасаған. Қоғамдық өндіріс сипаты мен күнкөріс қамының ерекшеліктеріне байланысты әр халықта өнердің әртүрлі салалары дамыған. Мысалы, бұрынғы кезде қазақ халқында сөз өнері ерекше дамыды. Соның нәтижесінде шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, лирикалық жырлар сияқты ауыз әдебиетінің алуан түрлі жанрлары қалыптасты. «Өнер алды – қызыл тіл» өнерпаз қауымның дәстүрлі ережесіне айналды. Қазақтың ән-күйге әуестігі де, оны жанындай жақсы көріп, ерекше дамытқаны да оның осындай тарихи

ерекшеліктеріне байланысты. Өнердің танымдық маңызы мен адамдарға тигізетін идеялық-тәрбиелік ықпалы оның басты эстетикалық қызметі арқылы көрінеді. Оның танымдық маңызы мен тәрбиелік мәні өзара тығыз байланысты, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені өнер белгілі бір өмір шындығын тиімді көркемдік әдістерімен таныту арқылы адамның сезімдері мен ақылына әсер етеді. Жақсыға сүйіндіреді, жаманнан безіндіреді, әділетсіздікке зығырды қайнатады т.б. [2. 503]. Бұл көп дүниенің басын қосатын адамның жанынан туатын көптеген мамандықтардың жиынтығы. Соның бірі сөз өнері. Ұлы Абай сөз өнері, өлең өнерінің, философия өнерінің, адами қасиеттілік өнерінің маэстрасы. Бұл өлеңнің екінші жағы суретшілік шығармашылық маңызы жоғары. «Дүниені, көңілім, кезесің» деген шумақ тура суретшілерге арналған тәрізді.

Суретші жаңа бір туындыны алып келуі үшін жүкті келіншектің кейпіне енетіні анық. Толғақ келгенше ол қияли дүниелерді бастан кешеді. Себебі, тиянақты ой жиынтығын беретін композицияның шешімін тапқанша, ол жанын қоярға жер таппай біршама қиналатыны рас. Осы тұста Абай суретші ретінде композицияның шешімін іздеу үстіндегі толғанысты аңғартады.

Сурет, живопись өнерлерінде ақыл мен еңбектің алатын орны ерекше. Олай дейтініміз, кез келген мамандыққа қол жеткізу үшін қаншама еңбек ету керек, тер төгу қажет. Бұл қағида әсіресе өнер мамандығына аса қажет. Кезінде Еуропаның белгілі скрипкашысы былай деген екен: «Егер де мен бір күн аспабымда ойнасам, бұл жағдайды өзім сезем, ал екі күн ойнасам – достарым сезеді, ал үш күн ойнасам – онда сахна сезіп қояды».

Мұндай қағида суретші мамандығында да ауадай қажет. Күнделікті тәжірибе жүргізіп отырған маманның, біріншіден, қолы жаттығады, екіншіден, көз қапері дамиды, үшіншіден, ақыл-ойы тереңдей түседі. Осы тұста ұлы Абай былай дейді:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
 Өуре етеді ішіне кулық сақтап.
 Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
 Еңбегің мен ақылың екі жақтап ...» [1.8].

Жалпы, біз, қазақ, мақтағанды жақсы көреміз, біреу әдейі көзбе-көз шын ба, өтірік пе мақтап жіберсе, танауымыз көкке жеткендей «мен» керемет екенмін деп ойлаймыз. Шындығына келгенде, Абайдың алғашқы екі тармағына назар аударсақ, көп мәселені түсінген болар едік.

Екінші мәселе, ақылға келер болсақ, ол не деген сөз – біріншіден, тарихыңды біл, білімді бол деген сөз. Өз ұлтыңның тарихын білмесең, сен кімсің, қайдан пайда болдың, өз ұлтыңның дәстүр-салтын сақтамасаң, қазақи нанымдылықты бойыңа сіңірмесең, ғасырдан-ғасырларға жалғасып келе жатқан мақал-мәтелдермен сусындамасаң, өз мамандығың туралы жаңа ғылыми әдебиеттерді оқымасаң, технологияларды меңгермесең, онда ақыл да келмейтіні рас. Осы тұста өткендегі бір оқиғаны келтіруге болады. Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағы Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне республикалық көрме ұйымдастырды. Бұл жерде Одаққа, оның жүздеген мүшелеріне кінә артуға болмас. Дегенмен де, өз Отанының өткен ғасырлардағы тарихына байланысты мәселелерді ескермеу – қазақи болмысты, тұрмыс-салтымызды білмеумен тең.

Бұл жерде айтайын деп отырғанымыз, бір суретшінің еңбегін қабылдау, іріктеу комиссиясы «тақырыпқа сай емес» деп қабылдамай қойса, одан қала берсе, кескіндемені шаржбен шатастыруы барып тұрған өрескелдік деуге болады. Бұны бір жағы десек, екінші жағы, ерте замандағы қазақ өнерінен мүлдем хабарсыз жандар екенін көрсетеді, яғни тарихты оқымаған, білімдері таяз жандар. Бүгінгі күнді сараптау, болашақты болжау үшін, біз өткендегі өмірді, болған тарихи жағдайларды білуіміз шарт. Тарихымызды білмеу, бұл мәңгүрттікті білдіреді. Біздің бір байқағанымыз, Абай дәуіріндегі жағдайлар бүгінгі заманнан да кездеседі. Олар: өзімшілдік, таныстарын тарту, «ұнамайтын» адамдардың аяғынан шалу, шындықты мойындамау, т.с.с.

Жазушы Дулат Исабеков бірде теледидарға берген сұқбатында былай деген еді: «Абайдың өз дәуіріндегі білімсіздікті, санасыздықты, надандықты айтып, жазып кеткен өлеңдері мен қара сөздері бүгінгі күнде де өзекті екенін дәлелдеп отыр. Тұрмысымыз өзгергенімен, әлі де санамыз Абай дәуірінде қалып отыр», – деген болатын. Жоғарыда айтылған дерек осының дәлелі болса керек.

Живопись өнері, қандай да бір жанр болмасын, адамзат баласын тәрбиеге, эстетикалық танымдылыққа шақырады. Табиғаттың қай мезгілі болмасын барлығын да тамаша тартымдылықпен қабылдаймыз.

Суретші-живописшінің мақсаты, жай көзге бағаланбайтын, байқалмайтын табиғат сәттерін кенеп бетіне түсіру. Яғни, ол көріністің өзінде де адам баласына әсер ететін үлкен құбылыс жатыр. Біріншіден, суретшінің байқағыштығы, екіншіден, сол табиғат көрінісін биік деңгейде шеберлікпен жаза білуінде. Өнер әлеміндегі кез келген шығармашылықпен айналысатын тұлға, ол акын болсын, жазушы, суретші, мүсінші, әнші, күйші болсын биік деңгейде этика, эстетикаға сай, өзінше ерекшелігі бар дүниені туғызса, ол еңбектің өмірі ұзақ болары анық.

Осы тұста Абай табиғаттағы көркемдікті өте нәзік сезініп, мына өлеңінде шебер бейнелей білген:

«Күн – күйеуі, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті...
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толысып түрленер тоты құстай... [1.18]».

Дүниедегі кез келген құбылыс тікелей ғылыммен байланысты. Соның ішінде живопись өнері де. Италияның ұлы суретші-данышпаны Леонардо Да Винчи көп жылдар бойы суретпен айналысқан, ол былай деген: «Живопись – бұл ғылым». Бұл айтқан сөзі шындық. Ғылыммен байланыстыра туғызған шығармада өтірік, жалған көрініс болмайды, болуы да мүмкін емес. Кенеп бетіндегі түстер теориясы, көлеңке теориясы, кеңістіктегі қысқару теориясы, көлем, бейне түсі, олардың бір-бірімен қатынасы, масштаб, колорит т.б. – осылардың барлығы ғылымға арқа сүйейді.

Ұлы Абай осы тұста қара сөзінде былай дейді: «...Ғылымды үйренгенде, ақиқатты білу мақсатымен үйрену керек, білімді біреумен керісіп, біреуді күндеу үшін пайдаланба... адамның білім-ғылымды көбейтуге екі қаруы бар, біріншісі – ойлану, пікір алысу, екіншісі – барлық күшті жұмсау, тырысу, алған білімін сақтау, қорғау...» [3.13] (отыз екінші сөзі).

Абайдың осы қара сөздерінен нені түсінуге болады, яғни живопиське келетін болсақ, онда ғылымды жүйелі, жоспарлы түрде жүргізу біріншіден, екіншіден, ғылымды өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес берген. Қорыта келе, Абай шығармалары, әсіресе поэзиясы, жалпы қазақ елі емес, бүкіл дүние жүзі халықтарына берері мол рухани азық. Мейлі сен білімді бол, өнер қайраткері бол, болмаса жәй шаруа иесі бол, міндетті түрде Абайға қайта оралып, іздеген мәселеңнің жауабын ұлы Абайдан табасың. Абай өлеңдерінде өмірдің қандай да бір жағдайы болмасын, адам болып қалу жағын, парасатты тұстарын, адами істерге алып баратын даңғыл жолдарды көрсетеді және де соған жетелейді. Біз осы мақалада ұлы Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін бұрмалап сурет өнеріне алып келуді көздеуден аулақпыз. Шындығына келер болсақ, Абайдың әрбір өлеңінде қандай сала болмасын тазалықты, адами биік сананы, адамгершілікті, істеген жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарауды нақты түрде әрбір оқырманға парызы ретінде қоя білуінде. Сондықтан да Абай поэзиясы мен қара сөздері адамзат өмірінде мәңгі жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай айтады. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2011. – Б. 7-18.
2. Қазақ мәдениеті. – Алматы, 2005. – 503 б.

3. Абай шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Б.13.

Резюме

Абай и искусство

Р.Б. Мизанбаев, к.п.н., профессор

(г. Алматы, КазНПУ им. Абая)

В статье рассматриваются проблемы связи песен и слова назидания великого Абая с искусством, живописью и вообще творчество во всем искусстве. Творчество казахского народа связано с песней, народными мелодиями и историческими особенностями их бытия. Его познавательное значение и место воспитания поколения взаимосвязаны, потому что искусство влияет на человеческие чувства своим изображением с помощью изобразительного искусства правду жизни. Великий поэт своего времени Абай в своих песнях выражал общечеловеческие достоинства. Абай в своих песнях проповедовал человечность, какой бы в трудной ситуации не оказался человек, он не должен терять общечеловеческие достоинства. Мы в этой статье далеки от придания слова назидания и песням Абая статус искусства живописи. Мы хотели установить связь между песнями и словами назидания Абая и искусством живописи.

Ключевые слова: личность, искусство, наука, живопись, графика, рисунок.

Summary

Abai and art

Mizanbaev R.B., professor

(KazNPU named after Abai)

The article deals with the problem of communication of songs and words of edification of the great Abai with art, painting and general work around the art. Creation of the Kazakh people associated with the song, folk tunes and historical features of their existence. His poznovatelnoe value and place of education of generations of interrelated because art influences human feelings to their image using the fine arts the truth of life. The great poet Abai svego time in his songs expressed obshechelovecheskie dignity. Abay in his songs preached humanity, whatever in a difficult situation turned out to be not a man, he should not lose obshechelovecheskie dignity. We are in this article are far from giving words of edification and songs of Abai status of the art of painting. We would like to establish a connection between the songs and words of edification Abay and the art of painting.

Keywords: personality, art, science, painting.

МРНТИ 18.07.23

К.Д.Сейсенбеков, 2 курс магистранты

(Алматы қ., Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы)

ҚАЗАҚСТАН ЭСТРАДА ӨНЕРІНДЕГІ С.ТЫНЫШТЫҒҰЛОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ даласындағы эстрада өнерінің пайда болуы мен даму кезеңдеріне талдау жасай отырып, XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап қазақ эстрадасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған С.Тыныштығұлова шығармашылығының қалыптасып, даму кезеңдеріне, ән өнеріндегі іздену жолдарына үңілдік. Кәсіби шеберлік шыңына шығу жолындағы баспалдақтары мен бағындырған белестерін сараладық.

Түйін сөздер: эстрада, әнші, С.Тыныштығұлова, өнер, орындау шеберлігі.

Қазақстандағы эстрада өнерінің 60-70 жылдары қазақ өнеріне жаңа леп әкелді. Дегенмен, бұл саланың қалыптасып таралуының негізгі себебі эстрада өнерінің дәстүрлі мәдениетпен жалғастық, сабақтастық табуынан деп білеміз. Екінші мәнді себебі – жаңа дәуірдің жаңа буын өнер қайраткерлерінің ынта-жігерінде. Қазіргі кезде құжат жүзінде сақталған тарихи фактология жиынтығын пайдалана отырып, елімізде эстрада өнерінің кең етек алып, кәсіби дәрежеге көтерілуіне зор үлес қосқан өнер қайраткерлерінің, халық композиторларының баға жетпес еңбегін зерттеу бүгінгі музыкатану ғылымының келелі міндеті. Эстрада өнерінің тұтас тарихын қалпына келтіру болашақ жастарды мәдениеттің тағлымымен баулуға мүмкіндік береді.

Эстраданың элементтері қазақтың әнші-жыршылары мен сал-серілерінің (Ақан сері, Әміре Қашаубай, Біржан сал, Ғазиз сері, Үкілі Ыбырай, т. Б.), сондай-ақ халық куларының (Айдарбек, Зәрубай, Күндебай т.б.) өнерлерінде бой көрсетті. Қазан төңкерісінен бұрын белен алған әртүрлі көркемөнерпаздар үйірмелерінің репертуары негізінен жеке ән орындау мен көркем сөз оқудан (өлең, мысал, тақпақ) құралды. Өнерді шексіз әлем деп білсек, оның көгінде ерекше жарқырайтын жарық жұлдыздың болуы заңдылық. Әнші апамыз Роза Бағланова, қазіргі әншілеріміз Бағдат Сәмединова, Роза Рымбаева, Майра Дәулетбақова, Мадина Ералиева, Мақпал Жүнісова, Ақжол Мейірбеков секілді аты аңызға айналған тұлғаларды және тағы басқа да бірнеше танымал әншілерді солардың қатарына жатқызуға болады.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары эстрада өнерінің қалыптасуына маңызды алғы шарттар жасалды. Соның ең елеулісі ол осы жылдары елімізде көптеген өнер ұжымдарының және өнер саласындағы оқу орындарының ашылуы. 1960 жылы филармониядан «Қазақконцерт» эстрада бөлімі болып бөлініп шықты. Эстрадамен байланысты барлық өнер қайраткерлері оның ішінде Ж.Омарова, Р.Есімжанова, Қ.Жантілеуов «Қазақконцертте» еңбек етті. Эстрадалық ұжымда тек эстрадалық әнші емес, сонымен қатар халықтың тамаша әндерімен, күйлері, билерін Қазақстан Республикасының аймақтары мен ондағы халықтарды мәдени өмірдің өрісіне тарту мақсатында, театр өнерін және концерттік ойын-сауық шараларын әркім көре алатындай жағдайда қамтамасыз етіп, рухани эстетикалық тәрбие беру болды.

1969 жылы «Қазақ эстрада студиясын» бітірген алғашқы түлектер «Гүлдер» жастар ансамблінің құрушылар С.Тыныштығұлова, Л.Есенов, Қ.Байбосынов, Қ.Құлышева, Г.Талпақова – сол кездегі алып империяны дүр сілкіндірген таланттар болды. Осыдан кейін студент жастардан құрылған «Дос-Мұқасан», «Айгүл» секілді ансамбльдері қазақ эстрадасын биік деңгейге көтеріп, мәртебесін асқақтатты. 70-жылдары «Дос-Мұқасан» әлемдегі талай эстрада жұлделеріне ие болып, атақтары жер жарған «Песняры», «Самоцветы» сияқты алпауыттармен иық тірестірді. Олар қазақтың ғана емес, Кеңес империясының да даңқын шығарды. Олар қазақ әні інжу-маржандарын эстрада жанры арқылы қаз-қалпында әлемдік деңгейге көтерді. Н.Есқалиева, Р.Рымбаева, С.Жұмағалиев, А.Мақашев, А.Мейірбеков, А.Нұрмағанбетова, М.Жүнісова сол кезеңдерде эстрада өнері үшін талмай жұмыс жасады. Өнерлерін өрге сүйреп, кейінгі буынды осы бір тың өнер жолына бастады.

Бұл мақалада біз қазақ ән өнерінде ХХғ. ІІ жартысында жұлдызы жанған әнші С.Тыныштығұлованың шығармашылығын жан-жақты қарастыруды мақсат еттік. Бұл кезең қазақ эстрадасы өрісі кеңейіп, тынысы ашыла бастаған тұс. Ұлттық ән өнерімізге ене бастаған екпінді ырғақ пен жеңіл де ойнақы әуен сол дәуірдің басты жаңалығы еді. Бұл батыстан басталып, бірте-бірте Одақты жаулап бара жатты. Сөйтіп эстрада жанры дәстүрлі ән-күйімізді сахнадан сәл ығыстырды. Ән әлемінде осындай төңкерістер орын алып жатқан кезде қазақ әншілері ол өзгерістен тыс қалмады. Бізде де эстрада әндеріне ден қоюшылардың қатары өсіп, тіпті эстрада әншілерін даярлайтын оқу орындары ашылды. С.Тыныштығұлова осы жаңа үрдісте ән айтуға талпынғандардың бірі болды.

Айталық, бұл жылдары солардың бірі эстрада әншісі, **Сара Тыныштығұлова** 1942 жылы Алматы облысы Сарқанд ауданы Мұқан Төлебаев ауылында (Бөрлітөбе) дүниеге

келген. 1966 жылы Мәскеу эстрадалық студиясын, одан соң 1971 жылы ҚазҰУ-ды бітірді. Оның өнерінің танымал болған сәті 1969 – 1975 жылдары «Гүлдер» ансамблінде, одан соң 1976 жылдан «Қазақконцерт» құрамында әнші болып жұмыс жасауымен тығыз байланысты. Әншінің репертуарынан қазақтың халық әндері («Ауылың сенің іргелі», «Ақ дариға») мен заманауи композиторлардан Н.Тілендиевтің, Ш.Қалдаяқовтың, Е.Хасанғалиевтің және шет ел халықтарының (түрік, вьетнам, т.б.) әндері орын алды. С.Тыныштығұлова 1979 жылы Қазақстанның халық артисі жоғары атағына ие болды.

Әкесі Өрдембай – Отан соғысының ардагері, Орынборда білім алған өте білімді адам. «Мен Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде дүниеге келген екем. Әкем соғыста, шешем мен туған-туыстарым атақты ақын Сара туып өскен Ешкюлместің бұлақ суына мені шомылдырып, ырымдап атымды Сара қойыпты. Бұл өзі Жетісудың киелі жері. Мұнда есімі күллі қазаққа танымал М.Тынышпаев, М.Төлебаев, Е.Рахмадиев дүниеге келген. Бір кезде Мұхан, Еркеғали ағаларым білім алған орта мектептің есігін аштым. Мұғалімдердің өздері де өнерге ерекше көңіл бөліп, халық аспаптар оркестрін құрған. 4 сыныпта оқып жүргенімде алғаш рет клубтың сахнасына шықтым», – деп еске алады әнші. Талабы таудай әнші қызды ұстаздары Алматыда өткен республикалық пионерлер слетіне жібереді. Слетте топ жарған ол ауылына тұңғыш рет лауреат болып оралады. Шәкірт бойындағы табиғи қасиетті байқаған ән сабағы мұғалімі оған ерекше көңіл бөліп, ән үйрете бастайды [1].

Сара Тыныштығұлова жастайынан әнге әуес боп өскен. Бала кезгі арманы бүгінгі күнде оны «күміс көмей, жез таңдай» әнші, қазақ халқының әртісі етіп баулыды. «Бәрі де күні кеше болған сияқты. Әнге деген сүйіспеншілік, құлыншақтай қыз болғаны да, мектеп бітіре салысымен әнші болам деп армандап, Алматыға келгенім де» деп еске алады әнші жоғарыдағы естелігінде.

Содан мектептегі ұстазы Ахметқали екеуі филармонияға келеді. Сол кезде филармония директоры – Мәмбет Бестібаев та, көркемдік жетекші, композитор Еркеғали Рахмадиев екен. Кішкентай Сараға бірнеше ән айтқызады. Бұл – ән айтқанда, олар бір-біріне қарап, бас изеп отырды деседі. Сонымен екі ағасы жас әнші қызды Жамал Омароваға таныстырыпты.

«Ғасырда бір туатын Жамал Омарова нағыз әнші еді ғой, шіркін. Оның үнінде жүректі майдай ерітер нәзіктік бар. Қай әнді айтса да, мейірімі мен шуағына бөлеп айтады. Ұлы әншінің ұлылығын уақыт өткен сайын сезінесің. Әрине, қазір ғой, осының бәрін ой елегінен өткізіп, сағынышпен, қимастықпен, шын жүрекпен еске алып отырғаны. Әйтпесе, дәл сол уақытта Сара бұл туралы ойланған да жоқ, өйткені ол кезде тым жас болатын. Сол сәттегі оның бар ойы – атағы исі қазаққа мәлім әйгілі әншінің алдынан сүрінбей өтсем деген бір-ақ тілек еді.

– Айналайын, өзің қалаған әнді айт. Мынау – қазақтың әні, мынау орыстың әні екен деме, өзіңнің ең жақсы әніңді айт, – деген Жамал апай».

Осылайша қазақ ән өнерінің жарық жұлдызына шәкірт болып кете барған Сара Тыныштығұлова ән өнерінің тереңіне шым батып, бойлай бастайды. Жамал Омарова талантты шәкіртінің өнеріне сүйінеді. Тіпті сол алғашқы кездерден бастап-ақ әйгілі Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов секілді сазгерлердің өзіне арнап жазылған әндерін шәкірті С.Тыныштығұловаға өзі ұсыныпты. Бұл туралы С. Тыныштығұлова өз сұхбатында былай дейді «Бірде Жамал апайға Шәмші Қалдаяқов келді. Әндері елдің аузынан түспейтін атақты Шәмші Қалдаяқов деп жүруші едім. Жер жарған атағына қарағанда, өте қарапайым, көзге қораштау көрінетін адам екен. Дауысы да баяулау шығады. Жаңа ән шығарыпты. Аты – «Менің Қазақстаным» сол әнін Жамал апайға әкелген.

– Сен де орындап жүр, – деді маған Жамал апай. Жұмекен Нәжімеденов сөзін жазған «Менің Қазақстаным» әні халыққа ең алғаш Жамал Омарованың орындауында танылды. Бұл әнді сол кезде мен де өз репертуарыма енгізген едім», – дейді ұстазына алғыс сезіммен.

Осыдан кейін С. Тыныштығұлова өнерін тіпті де шыңдай түскісі келеді. Н.А.Савенко деген опера әншісінің кеңесімен 1964 жылы Мәскеу Бүкілодақтық эстрада студиясының бүкілодақтық іріктеу байқауына қатысады. Комиссия мүшелері РСФСР халық әртісі

И.Яунзем, КСРО халық артисі В.Барсова, ғажап тенор дауысты, профессор Г.Виноградов сынды танымал тұлғаларға өз өнерін дәлелдеп, оқуға түседі [2].

Москвадағы оқу Сараны, бақытына орай, Ирма Яунзем сынды ұстазға жолықтырды. Жүрегі жайсаң, білімі терең ұстазын Сара еш уақытта ұмыта алмайтынын журналистерге берген сұхбаттарында жиі қайталайды. «Ирма Яунземнің өзі музыка әлеміндегі ірі тұлға. 1925 жылы Әміре Қашаубаевпен бірге Парижде ән салған адам. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы ұлы ұстаздың туғанына жүз жыл толуына орай шәкірттерінің ұйымдастыруымен «Ирма Яунзем» атты естелік кітап жарық көрді. Сол кітапта өте сирек кездесетін фото бар. Ол – Ирма Яунземнің сол сапарда Әміре Қашаубаевпен бірге түскен суреті тұр».

Ирма Петровна Сара Тыныштығұловаға да ерекше құрметпен қарайтыны белгілі. Сара оқу бітіріп кеткен соң да, ол шәкіртінің өнер жолындағы қадамдарын қадағалап отырады. Бұған дәлел кейіндеп Сара өзі қызмет атқарған «Гүлдер» ансамблі Москваға барған кезінде ансамбль құрамында өз шәкірті бар екенін біліп, қартайып, қолына таяқ ұстап жүргеніне карамастан осы үйірмеге арнайы келіп концерттерін тамашалайды. Концерт соңынан кейін Тыныштығұловамен жүздеседі. Кейіннен ол «Советская культура» журналында жарық көрген өнер туралы бір мақаласында өзінің шәкірті туралы «Қазақстаннан келген эстрадалық «Гүлдер» ансамбліне менің шәкіртім Сара Тыныштығұлова жарық жұлдыз болып көрінеді» деп жазады. Осы жолдарды оқығанда төбем көкке жеткендей болдым, – дейді Тыныштығұлова. Бір ауыз сөз үлкен баға.

Мәскеудегі оқу эстрада өнеріндегі аса зор сынақтан өткендей әсер етті. Осыдан кейін-ақ С.Тыныштығұлованың орындаушылық шеберлігі қазақ ән өнеріне жаңа леп әкеліп, нағыз эстрада өнерінің әншісі ретінде биікке көтерілді. 1968 жылы Болгарияның астанасы Софияда өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік өнер фестиваліне қатысып, лауреат атанды. Сонымен бірге, бірнеше түркітілдес халықтардың, атап айтқанда қырғыз, якут секілді ұлттардың көркем фильмдеріне түсуге шақырту алып, өз сөзімен айтқанда «түсі қоңыр ұлттар бейнесіндегі кейіпкерлерді» орындап, шеберлігін шыңдай түсті. Бұл тұстарда ән өнерінің жарық жұлдызына айналған әнші әйел затының мәңгілік міндетін де есінен шығарған жоқ. 1968 жылдың желтоқсанында сүйген жарымен тұрмыс құрып, өмірге сәби әкеледі. Отбасы – өмірдегі сүйеніші болса, сахна – әнші үшін киелі орын болды [3].

Сара Тыныштығұлова Москвадағы оқуын аяқтап «Қазақконцертке» қайтадан оралған жылдарда Гүлжаһан Ғалиева жастардың эстрадалық «Гүлдер» ансамблін құратын болып бекінеді. Осы ансамбльге ең алдымен талантты әнші ретінде С. Тыныштығұлованы шақырды. Өзінің туған ұясындай болған «Қазақконцерттен» кеткісі келмесе де Гүлжаһан Ғалиева мен сол кездегі мәдениет министрі Илияс Омаровтың өтінішін жерге қалдырған жоқ. Сол кездегі шешіміне әлі күнге қуанатынын айтады әнші өз сұхбаттарының әр сәтінде. Осындай ғажап ансамбльді өмірге әкелген Гүлжаһан Ғалиева сынды бар ғұмырын туған елі өнерінің көсегесін көгертуге арнаған қазақтың біртуар қайраткер қызын да аса ризашылықпен еске алады.

Қазақстан Республикасының халық әртісі С.Тыныштығұлова, Н.Есқалиева, Р.Рымбаева, М.Жүнісова, Қ.Құлышева, Қ.Рахимова, ҚР Еңбек сіңірген әртістері А.Нұрмағамбетова, Б.Тайлақбаев және қазіргі эстрада жұлдыздары Мадина Сәдуақасова, Бейбіт Қорған секілді эстрада жұлдыздары осы өнер ордасының түлектері. Бұлардың бәрі де мұны мақтанышпен айтады. Бұлардан басқа талай өнерлі қыз-жігіттер өнер өлкесіне осы шаңырақта жүріп танылған болатын.

«Гүлдер» сынды тарихи ансамблдің алғашқы құрушыларының бірі болған әнші 1970-жылдардың орта шенінде өз алдына жеке «Жалын» атты вокальді-аспаптар ансамблін құрып, жеке концерттік бағдарламалар бойынша шығармашылық өнерін халыққа ұсынды. Бірнеше жаңа әндерді орындап, тыңдарман қауымның жүрегіне жол тапты. Рухани байлығын еселей түсті. Атап айтқанда, 1974-1978 жылдардағы концерттік бағдарламасы және жеке орындаушылық шеберлігі үшін С.Тыныштығұловаға Қазақстанның халық әртісі деген жоғары атақ беріледі [4].

Қазақ даласын қайталанбас дарынымен, бұлбұл даусымен тәнті еткен С.Тыныштығұлова қазақтың төл әндерімен қоса елуден астам әлем халықтарының әндерін орындапты. 1966 жылы Совет әндерін орындаушылардың республикалық конкурсының лауреаты атанады. 1967 жылы Мәскеуде Эрмитажда болған концерттен кейін оның табиғи талантына таңғалған мәскеуліктер «Правда» газетінде «Сара Тыныштығұлова – это казахская Эдит Пиаф» деп жарыса жазыпты.

1970 жылы Моңғолияда «Халықтар достығы» медалімен, Герман халықтық республикасында жастарға арналған «Үздік орындаушылар» медалімен, Соғыс жылдарының өзінде Ауғанстанда ән салып, «Ауған соғысының ардагері» деген медалмен, «Чернобыль апатына 25 жыл» медалдарымен марапатталады. 1983 жылы Вьетнамда «Халықтар достығы» медалімен марапатталып, «Хо-Ши-Мин» қаласының «Құрметті азаматы» атағы беріледі. Сонымен қоса Венгрия, Болгария, Германия, Польша, Финляндия, Белгия, Франция, Моңғолия, Сирия, Малайзия, Сингапур, Шри-Ланка, Пәкістан, Қытай, Молдова елдерінде ән салып, өз шығармашылығымен бүкіл әлем халқын тәнті еткен әншіге айналады. Қазақ ән өнерін дүниенің төрт бұрышындағы әнсүйер қауымға насихаттап, құрметке бөленеді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ музыкасы. Антология: Сегізтомдық. VI том. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 626 б.
2. Дөңқабак О. Сара // «Дала мен қала». 2011. 19 мамыр, №18.
3. Жұмабайқызы Г. Өмір өткелдері. С.Тыныштығұлова, Қазақстанның халық артисі: Өз елімнің інжу-маржанынан артық дүние жоқ // «Айқын». – 2012. 23 маусым. – №122.
4. Айтөлен Ұ. Жүректің көзі // «Айқын». – 2009. 31 желтоқсан. №251.
5. Иманбекқызы А. С.Тыныштығұлова: «Шалап» сияқты әншілер қаптап кетті // «Общественная позиция» («ДАТ» жобасы). – 2010. 10 қараша. №40.

Резюме

К.Д. Сейсенбеков, магистрант

(г. Алматы, Академия искусства имени Т. Жургенова)

Жизнь и творческая деятельность С. Тыныштыгуловой в эстраде Казахстана

В этой статье мы изучили формирование и этапы развития творческой деятельности С.Тыныштыгуловой, ее пути исследования в искусстве музыки, которая оставила свой неизгладимый след в казахской эстраде с начала 60 годов XX века, проводя анализ появлению и развитию казахской эстрады. Рассмотрели ступени на пути к вершине профессионализма и достигнутые высоты.

Ключевые слова: эстрада, певица, С.Тыныштыгулова, искусство, мастерство исполнения.

Summary

K.D. Seisenbekov, undergraduate

(Almaty city, Academy of Art named after T.Zhurgenov)

Sara Tynyshtygulova's life and art in Kazakh music world.

In this article, we studied the formation and stages of the development of S. Tynyshtygulova's creative activity, her research path in the art of music, which left its indelible mark on the Kazakh stage since the beginning of the 60s of the 20th century, analyzing the appearance and development of the Kazakh variety art. We examined the steps on the way to the peak of professionalism and achieved heights.

Keywords: pop music, singer, S. Tynyshtygulova, art, master of performance

МРНТИ 18.07.31

Ш.А.Умирханова, магистр-оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ХОР САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА РЕПЕРТУАР ТАҢДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Хор сабағын ұйымдастыру барысында хор орындаушыларына қызықты және әсерлі репертуар таңдаудың маңызы және хор жетекшісінің үйрету әдістерімен жұмыс жасауда оған қойылатын ескертулермен талаптары қарастырылды. Репертуар – ең басты өзекті де, маңызды мәселе, шығармашылық ұжымның бет әлпеті және өзін таныстырып көрсету. Хорды естімей жатып, оның репертуарын көріп-ақ шығармашылық ұжымды білуге болады. Өте ойланып алынған жоғары көркемдік репертуар, жеке және бүтіндей шығармашылық ұжымның өмірімен байланысты. Ал ойланбай әшейін алынған репертуар ұжымның тарқап кетуіне әкеледі. Сондықтан хор жүргізушіге хор саясатымен ойланып қарау керек.

Түйін сөздер: Репертуар, хор шығармашылығы, кәсіби білім деңгейі, музыкалық эстетикалық тәрбие, шығармашылық белсенділігі, акапеллалық шығарма, музыкалық канон.

Репертуар толық қанды музыканың дамуын өсіреді, сонымен қатар оқушы баланың талғамын өсіруде өзіндік көзқарасын, шынайы сезімін алып, Отанға, халыққа деген жауапкершілікті сезініп, ұжымдыққа, жолдастыққа тәрбиелейді. Хор жетекшісі репертуарға көркемдік құндылығы мол, тәрбиелік мәні жоғары халық әндерін халық композиторларының шығармаларын ендіруі тиіс. Бала дауысының дұрыс қалыптасуына хор жаттығуларының жүйелі қолданылуы өте үлкен әсер етеді. Ал әртүрлі жаттығуларды орынды қолдана білу, баланың дауыс аппараттарын жетілдіреді және жұмыс істеуге деген белсенділігін арттырады. Ән айту дағдысын қалыптастырады [1].

Хор сыныбының репертуары әлемдік классикалық және қазақ хор музыкасының ең жақсы үлгілерінен құрылуы керек. Ол хор ұжымының істеп жүрген жұмысының оқу міндеттеріне сәйкес келуі керек, бастапқы ой мазмұны мен көркемдік қасиеттердің жоғарғы талаптарына ғана жауапты болмай, жұмыс барысында хордың шығармашылық өсуіне және оның вокалдық-орындаушылық мәдениетін әрі қарай дамыта алатын толық мәніндегі оқу құралы болуы керек.

Осыдан шыға келе, хор сыныбының репертуарын негізінен а'cappella шығармалары құруы тиіс. Хор сыныбының репертуарын таңдаған уақытта, оқу ұжымының түрін, құрамын және де студенттердің орташа кәсіби білімінің деңгейін, музыка-теориялық дайындығының сапасын, вокалдық және музыкалық қабілеттерін ескеру қажет. Концерттік репертуарды жоспарлаған кезде бағдарламаны тақырып негізінде құрастыруы жөн. Жұмыстың жемісті болуы оқушылар тарапынан шығарманы ұнату немесе ұнатпауына байланысты. Мысалы, терең мазмұнды, ұлттық нақышы бар, күрделі, әсерлі шығармалар оқушыларды бірден ынталандырып, дайындық кезінде олардың жинақылығын, белсенділігін, жауапкершілік сезімін арттырады [2].

Осыған байланысты хор жетекшісі репертуарды дұрыс таңдай білуі қажет. Бұл мәселені Г.А.Струве өз еңбектерінде көп қарастырады: «Репертуар таңдау - оқушылардың музыкалық білімін жоғарылатуда және эстетикалық тәрбие беруде, вокалдық шеберлігін шыңдауда, музыкалық талғамын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Балалар хорына арналған репертуар тақырыптық жағынан алуан түрлі, жан-жақты болумен қатар, қабылдау үшін жеңіл, балалар мүмкіндігіне сай және оқушыларды қызықтыра алатындай көркем және мағыналы болуы қажет, сөйте тұра өзінің балалық нақышы болуы шарт».

Сөйтіп хор шығармаларын таңдау хор мүшелерінің қабілетіне, мүмкіндігіне, дайындық дәрежесіне байланысты. Репертуарды лайықты таңдап алу арқылы оқушылардың ынтасын,

қызығушылығын арттырып, жұмыс сапасын жоғарылатуға болады. Осыған байланысты хор жетекшісі оқушылардың ортақ талғамын білуге тиіс, соған лайық уақыт талабына сай мерекелі күндерге табиғатқа сүйіспеншілігін арттыратындай, патриоттық сезімін, достық, ынтымаққа тәрбиелейтіндей шығармалар таңдалады. Сонымен қатар хор шығармалары оқушыларды адалдыққа, ерлікке, интернационализмге, адамгершілікке тәрбиелейтіндей мазмұнда болуы шарт және де олар көркем, тартымды, орындауға жеңіл болуы қажет. Хор жетекшісінің басты мақсаты шығарманы қызықтыра отырып, тартымды үйрете білуінде [3].

Кез келген шығарма орындалу ерекшелігіне байланысты балаларға ыңғайлы болуы шарт, яғни диапазон мен вокалдық мүмкіндігі жағынан жас ерекшелігіне сай болуы қажет. Осы тұрғыдан қарастырғанда репертуар таңдау өте маңызды және жауапты іс болып табылады. Өйткені дұрыс таңдалған репертуар бала даусының жан-жақты жетілуіне жағдай жасайды, ал репертуардың дұрыс таңдалмауы, керісінше, бала даусының дамуын бәсеңдетіп, денсаулыққа теріс әсерін тигізеді. Репертуардың оқушылардың қабылдау деңгейіне сай таңдалуы да маңызды шарттардың бірі. Өйткені бала орындап тұрған шығарманың мән-мағынасын түсінбейінше, шығармаға деген қызығушылық сезімі оянбайынша, шығарманы нақышына келтіріп орындау мүмкін емес. Яғни, шығарма баланың жүрегіне ұялап, санасында қорытылып, көңілінен шықса ғана көркем, әрі терең сезіммен орындалады.

Осындайда шығарма сөздері мен әуеннің үйлесуі де аса маңызды. Көп жағдайда, авторлар тарапынан шығарма мәтіні мен әуені арасында жүйелі, байланыс заңдылығы ескерілмейді, яғни әдеби мәтін баланың жас ерекшелігіне сай болғанымен, әуен жиілігі тым күрделі болады немесе керісінше құбылыс іс-тәжірибеде жиі байқалады. Сонымен қатар хор жетекшісі вокализмді, яғни қарапайым тілмен айтқанда сөзсіз әуенді орындатқанда ондағы музыкалық бейнелердің мән-мағынасын, даму жиілігін түсіндіру арқылы көркем, мәнерлі орындалуын қамтамасыз етуі қажет.

Репертуарды таңдау кезінде хор жетекшісі шығарманың тәрбиелік бағытын, көркемдік құндылығын ескеруі қажет. Осы тұрғыда классикалық және халық әндерін ерекше атап өтуге болмасқа? Олар тәрбиелік жағынан аса құнды және орындаушылардың эстетикалық талғамын жетілдіріп, кәсіби дәрежесін жоғарылатады.

Балалар хорының репертуарына полифония имитацияларын енгізу өте маңызды. Өйткені бұндай шығармаларды орындау арқылы оқушылар кәсіби дәрежеде өсіп, жетіледі. Балалар хорында кеңінен тараған музыкалық форма - **канон**. Мысалы орыс композиторларының ішінен В.Одоевский, М.Анцев, Е.Жарковскийдің канондарын ерекше атауға болады [4].

Г.А.Струве «Школьный хор» атты еңбегінде балалар репертуарына **акапеллалық**, яғни сүйемелдеусіз шығармаларды енгізуді ерекше ұсынады. «Қазіргі уақытқа дейін акапеллалық шығармаларды орындау тек кәсіби дәрежедегі ұжымдарға ғана тән деген көзқарас көпшілігінде қалыптасып кеткен. Бірақ бұндай көзқарастың терістігін, бұрыстығын іс-тәжірибе дәлелдеп отыр, яғни акапелланы балалар хорына орындатудың көп пайдасы бар. Ең біріншіден, кез келген аспаптық сүйемелдеу балаларға ғана тән таза, ашық, жұмсақ, табиғи дыбысталу нақышын бұзып бұрмалайды. Екіншіден, сүйемелдеусіз шығармаларды орындау кезінде хордың дайындық дәрежесі, шеберлігі, ансамбль, строй, нюансировка секілді басты хор элементтері бірден айқындала түседі. Үшіншіден, акапелла таза унисонды қалыптастыруға негіз болады» [3].

А.В. Свешниковтың айтуы бойынша «Хорда ән айту халықтың, қоғамдық мүмкіндік музыкалық білімді өмірмен бірге еш қиындықсыз әсемдеп, байытады». Бұл хор өнері жайлы дәл айтылған сөз. Хор өнерін тек қана әртүрлі, әр салада жоғары көркемдік репертуардағы шығармалардың, патриоттық, ойнақы, лирикалық, әзіл-қалжыңды, жәй және тез шығармалар құрайды. Осындай шығармалар баланың мінез-құлқын байытып, жан дүниесін аша түседі. Халықтың шығармашылық музыкасы білімнің, жерден аз шығатын бұлаққа ұқсап өсуіне көмектеседі. Классикалық шығарма — мазмұнының тереңдігімен, әртүрлі қатандық формаларымен, жаңа шығармалар музыка өнерінің ізденісімен, жылдам екпінімен

көңіл білдіреді. Репертуар таңдауда, топтардың физиологиялық мінез-құлқына, фундаментіне қарау керек. Балалардың қабілетін білу хор жүргізушінің басты міндеті.

Акапеллалық шығармаларды репертуарға хордың алғаш сабағынан енгізуге болады. Шығарма жатталып, ансамбль жағынан үйлескен кезде акапелланы сүйемелдеумен орындауға болады [2]. Оқыту үрдісінде сүйемелдеу мен акапелланың кезектесіп қолдану пайдасы зор. Бұндай кезекті тізбек оқушылардың музыкалық есту қабілетінің қарқынды түрде дамуына жәрдемдеседі және де айта кететін маңызды жайттардың бірі ерте кезеңнен орындалатын сүйемелдесіз шығармалар кейінгі уақытта репертуардың күрделене түсуінің кепілі. Және де, керісінше, акапелла шығармалардың орындауға дағдыланбаған хор ұжымы кәсіби деңгейде өсе алмай, мүмкіндігі шектеліп қалады. Өйткені аспаптық сүйемелдеуге машықтанған оқушылар таза интонациялауға мән бермей, фальш орындайды.

Орта буын хорына екі дауысты шығармаларды репертуарға енгізуге болады. Бұл кезде әрбір дауыстың партиясы өз алдына дербес әуен жиілісін құрайды, яғни хор ұжымы сүйемелдеуге бағынбайды. Акапелланы әндетудің өзіне тән артықшылығы – шығарманың тональдігін өзгертуге қолайлы болуы, яғни шығарманың тональдігін балалардың диапазонына қарай жарты тонға немесе бір тонға дейін көтеріп төмендетуге болады. Тональдік қандай мақсатпен өзгертіледі деген сұрақ туындауы мүмкін. Көптеген шығармалар ыңғайсыз тональдікте жазылғандықтан орындауға қолайсыз болып келеді. Және де екі түрлі тональдікте жазылған хор шығармасы екі түрлі дыбысталады. Мысалы, оқушылар хоры до мажор тональдігінде шығарманы сәтсіз орындаса, до диез тональдігінде керемет болып шығады. Бұл берілген шығармадағы интервалдардың акустикалық ерекшелігімен түсіндіріледі. Сондықтан да хор жетекшісі осы жағдайды ескеруі қажет. Репетиция кезінде хор ұжымын ыңғайсыз тональдікте айтқызу бір жағынан пайдалы дейді дирижердің көпшілігі. Көп жағдайда төмен тональдікте айтқызу өте пайдалы.

Өйткені төмен тесситураға байланысты туындаған қолайсыз жағдайды жеңе отырып, оқушылар еріксіз түрде стройды белгілі дәрежеде теңестіреді. Осындай тепе-теңдік күйі алғашқы тональдікке көшкенде де сақталынады. Осылайша акапеллалық шығармаларды орындау хор мүшелерінің шығармашылық, кәсіби дәрежеде өсуіне зор ықпалын тигізеді [5].

Өткен шығармаларды механикалық түрде қайталау – репертуар кеңейтудің белгісі емес, - дейді Г.А. Струве. Осыған сәйкес репертуар жаңартудың негізгі талабы: хор шығармасын жаңаша көркемдеу, түрлендіру және үнемі ізденісте болу. Репертуар өз ішінде екі топқа жүйеленеді – жеңіл және қиын. Оқу үрдісі кезінде репертуардың екі түрін алмастыра қолдану қажет. Мақсаты: оқушылардың зейінін алмастыру, эмоционалдық күйін белсендіру, демалыс ұйымдастыру [3].

Қазіргі жас ұрпақты білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы және жан-жақты етіп тәрбиелеу дәуіріміздің түбегейлі мақсат-мұраты екені баршамызға белгілі. Халық даналығы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны іледі» дейді. Баланың кіші жастан-ақ белгілі дәрежеде сөйлесіп, жаттауға жеңіл өлеңдер, тақпақтар, әндер айтқызып, оны дұрыс айтуына көңіл бөлген жөн. Тіліміздегі жеке дыбыстарды дұрыс артикуляциялау талабын үнемі қадағалап, балалардың сөзді, сөйлемді бұзбай сөйлеу мүмкіндігін жетілдіреді. Сондықтан ән сабағының мұғаліміне, хор жетекшісінің алдына қойылатын талап тіпті күрделірек, нақтылы болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абуова К. Хор жүргізу. – Алматы, 1993. – Б.45.
2. Жакеева Б. Хор үйірмесімен жұмыс. – А.: Өнер, 1988. – Б. 28.
3. Хор үйірмесімен жұмыс. Құрастырған: Сагинова А. – А.: Өнер, 1988. – Б. 35.
4. Дмитриевская Л. Анализ хорового произведения. – М.: Советовская Россия, 1965. – Б. 37.
5. Соколов В. Работа с хором. – А.: Музыка, 1983. – Б.64.

Резюме

Ш.А.Умирханова, *магистр - преподаватель*

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В данной статье рассматривается значимость подбора интересного и разнообразного репертуара на уроках хорового класса и его место в системе хорового исполнительства, а также решение вопросов эстетического воспитания и развития творческой личности посредством хоровой музыки.

Ключевые слова: Репертуар, хоровые эстетического воспитания, профессионального образования, музыки, творчества, музыкального канона.

Summary

Sh.A.Umirhanova, *master-teacher*,

(Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

This article considers the importance of selecting an interesting and diverse repertoire in choral class lessons and its place in the system of choral singing, as well as addressing the issues of aesthetic upbringing and the development of the creative personality through choral music.

Keywords: Repertoire, choral works of aesthetic education, professional education, music, creativity, akapellalıq work, musical canon.